

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 1:316 (574)

Қолжазба құқығында

БАЛАБЕКҰЛЫ ДОСЖАН

**Қазіргі заманғы Қазақстанның ақпараттық кеңістігі:
әлеуметтік-философиялық талдау**

6D020100 – Философия

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
философия ғылымдарының докторы,
профессор Ж. Алтаев

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Істамбұл университетінің профессоры, PhD доктор
Қызылжық Абдуллах (Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ	3
1	АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІСІ	9
1.1	«Ақпарат» пен «ақпараттық қоғам» түсінігі және ақпараттандыру кұбылысының философиялық негіздемесі.....	9
1.2	Рухани болмыс аясындағы ақпараттық кеңістік және оның құрылымы.....	22
1.3	Қазақстандағы ақпараттандыру жүйесінің тарихи-әлеуметтік алғышарттары мен эволюциясы.....	37
2	ЖАҒАНДАНУ ЗАМАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІГІНІҢ КЕЛБЕТІ	49
2.1	Еліміздегі ақпараттық орта және оның әлеуметтік-философиялық құрылымдары.....	49
2.2	Ақпараттық қоғам жағдайындағы қазақстандық тұлға бейнесі және оның заманға бейімделуі.....	62
2.3	Қазіргі еліміздегі әлемдік ақпараттық технологиялар мен ақпараттық желілер жүйесінің философиясы.....	75
3	ОТАНДЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ОРТАНЫҢ ЗАМАНАУИ ШЫНДЫҒЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ НЕГІЗДЕРІНІҢ ФИЛОСОФИЯСЫ	89
3.1	Қазіргі Қазақстан қоғамындағы ақпараттық орта және оның құрылымдамасы.....	89
3.2	Рухани жаңғыру стратегиясы мен «Цифрлық Қазақстан» жағдайындағы медиакорпус.....	94
3.3	Еліміздегі ақпараттық қоғамды ұлттық мүдде тұрғысынан жетілдірудің перспективті бағдарлары мен ұстанымдары.....	105
	ҚОРЫТЫНДЫ	113
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	115

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Бұл зерттеу еңбегінде ақпараттық қоғамды зерттеудің жалпы теориялық мәселелері қарастырылады, атап айтсақ, ақпараттық қоғам еліміздегі мағлұматтар жүйесінің жалпы келбеті, ақпараттық орта аясындағы рухани әлем, сонымен қатар қазіргі Қазақстанның ақпараттық кеңістігіндегі өзекті мәселелер зерделенеді. Еліміздегі медиакорпустың жаңа үрдістерінің негізгі бағдарлары; ақпараттық қоғам жағдайындағы қазақстандық тұлға мәселесі; қазіргі Қазақстандағы инновациялық технологиялардың жалпы бейнесі әлеуметтік-философиялық тұрғыдан байыпталды. Отандық ақпараттық әлеуеттің заманауи шындығы туралы мәселелер, оның қазіргі заманғы параметрлері және модификациялық үрдістері туралы да айтылады. Сонымен қатар, қоғам дамуындағы ақпараттық әлемнің дамуының негізгі ұстанымдарының жалпы шарттары баяндалады. Ол өз кезегінде тәжірибелік ұстанымдарға да жол ашатындығының басты тұғырлары туралы философиялық ұстанымдар көрсетіледі.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Аталған тақырып қазіргі заманғы қоғамдық өмір мен ғылыми таным аймағында өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Біріншіден, адамзат қоғамындағы даму мен ілгерілеу XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында ақпараттардың құндылықтық дәуіріне алып келді. Сондықтан, әлемдік ғылыми кеңістік ғылымның дамуының экстерналдық және экзогендік ықпалы бойынша ақпараттық кеңістікті игеруге бет бұрды. Бұл үрдіс әрі теориялық, әрі практикалық сипат алды. Осыған орай, Қазақстандағы ақпараттық кеңістікті зерттеу үшін әлемдік ақпараттық ортаны ғылыми-теориялық негізде зерделеу және оның қоғамдық өмірдегі маңызын ашу аса маңызды болып отыр.

Екіншіден, ақпараттық кеңістік – сан алуан және әр қилы феномен. Сондықтан біз қарастырып отырған мәселе бұл құбылысты және оның дамуының заңдылықтарын түбегейлі шешіп бере алмаса да, оны зерттеу заман шындығынан туындап шыққан тереңірек зерделеуді қажет ететін объекті.

Үшіншіден, еліміздің мәдени-рухани кеңістігінде ақпараттар жүйесінің арнасында әр түрлі идеологиялардың өзіндік зерттеу ауқымы да іргелі ахуалдардың бірі және қоғамдық санада қайшылықты пікірлермен келіп тоғысқандықтан, заман шындығы мен келер ұрпақтар үшін өмірмәнділік идеологеманы құру мәселесі бар. Сондықтан қойылып отырған ахуалды шешу тарихи өмір салтымыздан бастау алатын канондарға да байланысты болғандықтан, қойылып отырған тақырыптың мәнін ашып беріп, оның қазіргі кезеңдегі күрделі тұстарын философиялық деңгейде ашып беру маңызды шарттардың бірінен саналады.

Төртіншіден, қазіргі заманғы ақпараттық желілердегі тасқын И. Кант айтқандай, моральдік ұстанымдар белгілі бір өлшемде санамызға сіңірілген

бұйрықтармен берілетін болса, аналогиялық түрде қандай ақпараттардың құнды және мағыналы екендігі аса маңызды. Бірақ әрине, оларды ресми әлеуметтік институттар терең бойлап зерттейтін бағдарын құра алған жоқ деп айта аламыз. Ендеше, біздің зерттеу жұмыстарымыздың мазмұны бүгінгі және ертеңгі ақпараттық кеңістіктің даму үрдістерін зерттеуді қажет етеді. Бұл еліміздің «Мәңгілік Ел» идеясының басты ұстанымдарының біріне айналады.

Бесіншіден, біздің еліміз ұсынған ұлттық қауіпсіздік жағдайындағы ақпараттық кеңістіктің ашық форматтары және одан сақтанудың жолдары да аса маңызды ахуал. Ол біздің зерттеу тақырыбымыз бойынша өз деңгейінде түсіндіріледі. Осы тұрғыдан Қазақстандағы ақпараттық кеңістікті әлеуметтік-философиялық тұрғыдан ашып берудің маңызды екендігі түсінікті жайт. Олай болса, таңдап алған ғылыми тақырыбымыз бүгін мен келешектің сан қилы мәселелерін таразылап шешуде септігі тиеді. Ол қазіргі таңдағы ақпараттық қоғам жағдайына бейімделудің шарттарымен және оны зерделеумен де байланысып жатыр.

Зерттеудің нысаны: Ақпараттық қоғам мен оның Қазақстандағы өзіндік құрылымы мен жалпы жағдайы.

Зерттеу жұмысының пәні. Отандық ақпараттық әлемдегі ахуалдар және оның өзіндік динамикасының тарихи-әлеуметтік келбеті.

Зерттеудің жұмысының мақсаты. Диссертация жұмысының мақсаты негізінен алғанда ақпараттық кеңістіктің қазіргі Қазақстандағы негізгі келбетін әлеуметтік-философиялық негізде талдау.

Осыған сәйкес, алдымызға мынадай **міндеттер** қоямыз.

– қазіргі заманғы ақпараттық қоғам түсінігін концептуалды түрде таразылап көрсету және оның негізгі ұғымдарына философиялық талдаулар жасау;

– еліміздегі ақпараттық кеңістіктің тарихи тамырларын сараптап, оның қазіргі заманғы трансформацияларын ашып көрсету арқылы тарихилық пен логикалықтың бірлігін ұлттық діліміз арқылы саралау;

– ақпараттық кеңістік жөнінде философиялық талдаулар жасай отырып, оның психологиялық және әлеуметтік-саяси ықпалдарын зерделеу;

– қазіргі Қазақстанның ақпараттық кеңістігінің шынайы бейнесін сараптап, сыни және продуктивті ой машығында ашып көрсету;

– еліміздегі ақпараттық кеңістік аясындағы жаңа технологиялар заманның жеделдетілген дамуына сай ұстанымдар мен қағидаттардың теориялық және тәжірибелік мағынасын ашып беру;

– «Цифрлық Қазақстанға» беталыс және ақпараттардың тасымалдануы мен оның өмірмәнділік құндылығын және осы арнада перспективті даму бағдарларымыздың өзіндік үлгілерін ұсыну.

Зерттеу жұмысының дереккөздері мен материалдық негізі.

Ғылыми зерттеу жұмысы негізінен алғанда мұрағаттардың мәліметтеріне, әлеуметтанулық тәжірибелік мағлұматтарға және еліміздегі саяси бағдарламаларға, атап айтқанда, «Мәдени мұра» бағдарламасы, «Мәңгілік Ел»

идеясының мұраттары, «Қазақстан-2050» стратегиясы мен қоғам дамуының зерделейтін стратегиялық болжамдар мен нақты ұстанымдарға да сүйенеді. Сондай-ақ, қоғамдық пікірді зерттеу нәтижелері де негізге алынады.

Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдер. Жалпы философиялық әдіснамалар, интеграциялық әдістер қолданылды. Герменевтика, генетикалық ұстаным, тарихилық пен логикалықтың бірлігі, психоанализ бен құрылымдық-функционалдық талдаулар т.б. пайдаланылды. Генетикалық тұрғыдан аксиологиялық талдау, жүйелілік пен дифференциациялау амалдары да назардан тыс қалмады. Қоғамдық пікірлерді зерттеу аясында контент-анализді пайдалана отырып, оның әлеуметтік философиялық негіздерін талдау негізге алынды.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері. Аталған тақырып негізінде, әр түрлі салалар бойынша арнайы ғылыми диссертация қорғаған ресейлік ғалымдарды атап өтуімізге болады: Н.В. Орлова, Ф.Г. Шакарбиев, Е.В. Коваль, Е.В. Бутенко, В.Б. Бутаев, А.Ю. Гиль, А.М. Багаутдинов, М.А. Трухачева, А.А. Костюк, Г.Ш. Ишмаев, Л.А. Зайцев, С.В. Гриценко, М.Т. Асланова, Г.В.Скорик, Е. Г.Сахновская, М.В. Ткаченко, Ю.В. Малахова, Н.А. Тюканова, И.Г. Елинер, Е.Н. Молчанова, Д.Г. Кувшинникова, Д.В. Буянов, В.Ю. Лозовская т.б.

Э. Тоффлер өзінің «Үшінші толқын» атты туындысында, Д. Белл «Бес сектор» атты шығармасында, сондай-ақ, Дж. Бенигер, Л. Бриллюэн, У. Дайзард, А. Минк, Дж. Нейсбит, Р. Смит және т.б. өз зерттеулерінде ақпараттық қоғам туралы пайымдауларын зерделеген болатын.

Қазіргі таңдағы әлеуметтік санадағы ақпараттық саланы зерттеу барысында іргелі деңгейде ой қосқан ғалымдарды атап өтуімізге болады: Ю.Ф. Абрамов, Л.Н. Варакин, Б. Гейтс, Б.А. Глинский, Р. Джонстон, М.Б. Игнатъев т.б.

Постструктурализм мен постмодернизм өкілдері: Ж. Делез, Ж.Ф. Лиотар сынды ғалымдар жаһандық мәдениеттегі конструктивті құрылымды мәтіндер ретінде ұғындыра отырып, оны қарым-қатынастың заманауи деңгейдегі құралдары ретінде талдап берген еді. И.П. Ильин коммуникативті кеңістіктің қазіргі таңдағы келбеті туралы өзінің ой-толғамдарын ұсынды.

Ресейлік ғалымдар ақпараттық қоғам көрінісін жүйелі негізде талдап өтеді: Д. Абдуллаев, Р.Ф. Абдеев, И.Ю. Алексеева, Д. Черешкин, А.В. Чугунов Т.В. Андрианова, В.Н. Костюк, А.В. Бахметьев, А.В. Бузгалин, А.И. Ракитов, Д.В. Иванов, Н.Ы. Моисеев, И.А. Негодаев, И.Б. Новик, Л.Д. Рейман, С. Тапанова, Н. Жанай, А. Досым, Г.Л. Смолян, В.М. Розин, А.Д. Урсул т.б.

Отандық ғалымдар да қазіргі қоғам деңгейіне орай, еліміздегі ақпараттардың беталысы мен өзіндік ерекшеліктері турасында өзіндік тың пікірлерін жариялаған болатын: С.Е. Нұрмұратов, Г.Ж. Нұрышева, С.Ж. Еділбаева, А.Г. Қарабаева, А.Ф. Джалилова, А.Т. Құлсариева, В.Д. Курганская, В.Ю. Дунаев, З. Қодар, Г.К. Шалабаева және т.б.

Кейінгі уақыттарда жас ғалымдар өздерінің диссертациялық

жұмыстарын ақпараттық қоғам аясында талқылауға арнаған еді. Атап айтсақ, Қ. Қалдыбай, Ш. Әлиев, Е.Қ. Алияров, А.С. Абылқасова, А.М. Ержанова, М. Қасен, Т.Ф. Дауылбаев, Н. Санжар, С.Қ. Өтеулиев, Е. Тоқтаров, Е. Масанов т.б.

Дегенмен, мұндай зерттеулер біз қарастырып отырған тақырып аясында болғанмен, ақпараттық кеңістіктегі танымдық деңгейді тек Қазақстан қоғамы аясында толықтай зерделенбегендіктен, біздің жұмысымыз еліміздегі ақпараттық ортаны әлеуметтік-философиялық тұрғыдан таразылауға арналады. «Цифрлық Қазақстан», медиамәдениет туралы толығырақ пайымдаулар жасайтын боламыз.

Зерттеу жұмысының теориялық және ғылыми-тәжірибелік маңызы.

Диссертация жұмысының теориялық маңызы қоғамдық-гуманитарлық саладағы зерттеулерде өзінің ұстанымдарын пайдалануға болатындығымен, сонымен қатар басқа ғылым салаларындағы іргелі зерттеулерде идеялар ұсынуымен ерекшеленеді.

Зерттеу жұмысының практикалық құндылығы. Диссертацияда қолданылған материалдарды әлеуметтану, саясаттану, философия, мәдениеттану, журналистика т.б. жеке пәндерде қосымша материалдар ретінде пайдалануға болады. Атап айтсақ, «Жаһандану», «Ақпараттық қоғам», «Отандық медиамәдениет», «Ақпараттық қауіпсіздік» және т.б. арнайы курстар өткізуге де тиімді материалдар бола алады. Ол өз кезегінде, білім алушылар үшін де «Қазақстандағы ақпараттық кеңістік» атты арнайы курстар ұйымдастыру барысында да маңызды мәліметтер ұсына алады.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы.

– Ақпараттық қоғам дамуы бойынша аталған мәселе негізінде оның жалпы сипаттамасы туралы концептуалды ұстанымдар берілді, логикалық талдаулар жасалып, өзіндік тың ұстанымдар мен анықтамалар ұсынылды. Мұны ақпарат, ақпараттандыру, ақпараттық қоғам сынды ұғымдарды талдап көрсетумен сабақтастырып, логикалық түзілімдерін тиянақтадық.

– Ақпараттық кеңістік туралы баяндалған шет елдік және отандық зерттеушілердің туындыларына сүйене отырып, онтологиялық тұрғыдан жалпы кеңістік ұғымының әртарапты көріністеріне талдаулар жасап, зерттеу тақырыбымызға орай жаңа шарттарды көрсетіп өттік.

– Еліміздегі ақпараттық кеңістіктің жалпы форматтарын әлеуметтік философиялық тұрғыдан сипаттау барысында аса маңызды түйткілдердің бірі идеологиялық алаң туралы және оның қазіргі таңдағы келбеті жөнінде талдаулар жасадық. Атап айтқанда, қазақтандыру аясындағы ұлттық идеология, діни сенімдердің ықпал етуінің жалпы бағдарлары, батысқа деген еліктеушілік т.б. сыни көзқарастар тұрғысынан талданды.

– Отандық ақпараттық кеңістігіндегі қазіргі заманғы келбеті турасында талдаулар жүргізілді. Еліміздегі жаңа үрдістер мен идеологиялар хақында сараптамалар құрылды. Қоғамдық санадағы әркілі пікірлер жағымды және жағымсыз мағынада айтылғандығы туралы пайымдаулар сараланды.

– Қазіргі ақпараттық әлеуеттің басты мазмұны таразыланып, «Цифрлық Қазақстан» жағдайындағы технологиялардың әлеуметтік-саяси негіздемесі құрылды және жалпы жобалар үрдісі анықталды.

– Қоғамдағы ақпараттардың тасқыны аясында Қазақстандағы оның негізгі даму бағдарлары мен болашақтағы келбетінің жалпы жобалары ұсынылып, оны тиімді түрде жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерінің психотехникасы қарастырылды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар.

1. Қазіргі қоғам дамуы ХХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басында ақпараттық-коммуникативтік сипат бойынша жүзеге асып келеді. Ол әрбір мемлекет пен халықтардың даму үдерістерінен тыс бола алмайды. Әлеуметтік-философия ақпараттық әлем өркениетінің, оның әрбір сатысы мен құрылымдарын талдап беруді қажет етеді. Құрылымдық талдау бойынша «ақпарат», «ақпараттық қоғам», «ақпараттандыру», «ақпараттық кеңістік» тәрізді ұғымдарға логикалық-семантикалық, психоаналитикалық талдаулар жасау маңызды.

2. Жалпы кеңістік тек материалдық немесе физикалық ғылымдар таным аясындағы объекті емес, оның рухани танымдық деңгейі де «кеңістік» деген атаумен байланысты. Ақпараттық кеңістіктің өзіндік масштабтары мен өлшемдері құрылған және оның философиялық астарлары бар. Бұл алаң әрбір халықтарда әр түрлі болғанымен, жалпы жаһандану заманында біркелкі деңгейде бола алады. Бұл біздің тақырыбымызға орай тереңірек зерттеуді қажет етеді.

3. Отанымыздағы ақпараттық кеңістіктің парадигмалары көп жағдайда идеологиялық ықпалдарға да қатысты. Сондықтан идеологиялық хаос пен тәртіптің аясындағы құрылымдарда зерделейміз. Бұл қазіргі замандағы ақпараттық таным деп атауға болатын рефлексияларды жинақтайды. Қоғам дамуының өз ішіне үңілуі мағлұматтардың, мәліметтердің цензурасын толығырақ зерделеуді қажет етеді.

4. Ақпараттық қоғам жағдайына бейімделу тұлға факторына тікелей қатысты. Сондықтан ақпараттандырылған әлемдегі адам ресурсы қазіргі таңда әр қырынан зерттелуі тиіс мәселе болғандықтан, оның әлеуметтік-философиялық астарларын ашып беру маңызды. Ақпараттар аясындағы адам жаңа технологияға бейімделіп, өзінің болмысын жаңаша қайталауы қажет. Сондықтан, ақпараттық әлемге бейімделу барысын заманауи тұрғыдан таразылап өтуіміз керек.

5. Біздің қазақстандық қоғам әлемдік өркениеттің даму беталысынан қалыс қалмауы қажет болғандықтан, «Цифрлық Қазақстан» бағдарын қолдай отырып, оның өзіндік даму жүйесінде электрондық өлшемдер мен сатыларды тезірек қабылдауды нысанаға алған. Ол бір қырынан медиакорпусты талдауды және қоғамдық пікірді сараптап отыруды қажет етеді. Өйткені, заман талабына орай, ақпараттық қоғам және ондағы таратылған пікірлер әрқилы болып келеді.

6. Ақпараттық қоғам дамуы әлеуметтік уақыттың жеделдеуіне байланысты заман талабына ілесіп отыруды ғана емес, дамудың жаңа перспективаларын құруды қажет етеді. Оны әрбір ғылым әр түрлі масштабта құра алады. Демек, философия отандық шексіз ақпараттық кеңістік жағдайындағы жаңа форматтарын ұсынып қана қоймай, әлемдік даму көкжиегінен сапалы да тиімді орынлатын болашағын айқындауы қажет.

Зерттеу жұмысының нәтижелерінің сыннан өтуі.

Зерттеу жұмысында қамтылған негізгі мәселелер мен зерттеу нәтижелері отандық, халықаралық және республикалық конференцияларда (2017-2020), сонымен қатар, республикалық басылымдарда: «ҚазҰУ Хабаршысы» «Философия, мәдениеттану және саясаттану» сериясында, Ғылым комитеті, Философия, саясаттану және дінтану институтының «Әл-Фараби» журналында (2017-2020), шетелдік (Түркия, Венесуэла) және басқа да басылымдарда баяндалып жарыққа шықты. Аталған мақалалар мен жарияланымдарда зерттеу жұмысының мазмұны толықтай қамтылды.

Зерттеу жұмысының талқылануы мен мақұлдануы.

Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 16 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында «Orscion» (Año 36, Regular №91 (2020): 784-802) 1 мақала, шетелдік, халықаралық конференциялар жинағында 2 мақала, отандық республикалық, халықаралық конференцияларда 10 мақала, ҚР Білім және Ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒСБК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 3 мақала жарияланды.

Диссертация Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті саясаттану және философия факультетінің философия кафедрасында талқылаудан өтіп, қорғауға ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, 2 кестеден тұрады. Бет саны – 122 бет.

1 АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІСІ

1.1 «Ақпарат» пен «ақпараттық қоғам» түсінігі және ақпараттандыру құбылысының философиялық негіздемесі

Адамзаттың пайда болуы мен дамуының эволюциясы шамамен 2-3 млн. жылдықты қамтитын болғандықтан, XIX-XX ғасырларда өмір сүрген мәдениеттанушы, философ, әлеуметтанушы т.б. саланың ғалымдары осыншама ұзақ уақытты кезеңдерге бөліп көрсетуге ұмтылып келеді. Марксизм-ленинизм ілімінде адамзат дамуының 5 қоғамдық-экономикалық формациясын ұсынғандығы баршамызға белгілі. Бірақ ол дарвинизм теориясына сүйенілгендіктен, адамның қалыптасуының австралопитек, неандерталец, питекантроп сияқты кезеңдерден өткендігін атап өте отырып, осыдан 30 мың жыл бұрынғы саналы адам дәуірін бастан өткізгендігіне иланады. Алғашқы қауымдық құрылыс кезінде адамдар терімшілікпен, аңшылықпен т.б. шаруашылықтармен айналысса, кейіннен егіншілік және қала салу мәдениетімен шұғылданды.

Бұл экономикалық режимге байланысты жіктеу болып табылады. Ал кейбір ғалымдар басқаша форматтарда адамзат эволюциясының кезеңдерін бөліп көрсеткен еді. «XIX ғасырда адам дамуы туралы үш тұғыр қарастырылды: ақыл-ойды жетелуші (эмбебап эволюционизм), биологиялық түрі (биологиялық эволюционизм), әлеуметтік қатынастар субъектісі және өндірісі (антропогенездің еңбек теориясы). XX ғасырда тағы да басқа бағыттар енгізілді – жеке экожүйе (антропоэкология) немесе тұтас биосфера элементі (биосфера, ғаламдық эволюционизм)» [24, 34 б.].

«Мәдени даму дегеніміз – қоғамда ұйымдастырылған адамдардың табиғи ортаға бейімделу процестерінің жиынтығы. Бағыттың негізін қалаушылар - Спенсер, Тейлор, Морган. Олар қоғам мен мәдениетті зерттеу принциптерін негіздеді: 1) әлеуметтік ғылымның мүмкіндігін түсіндірді (мәдениет ғылыми негіздер тұрғысынан түсіндіру объектісі болып табылады, ол табиғи себептермен пайда болады, ал оның динамикасы табиғи болып табылады); 2) эволюцияны зерттеуге негізделген деректер көздерін анықтады (археологиялық, жазбаша тарихи дереккөздер, «қарабайыр» қоғамдардың бақылаулары); 3) салыстырмалы әдіс бекітілді.

Философ Э. Тейлор ең беделді болып саналады. 1865 жылы өзінің алғашқы «Адамзаттың ежелгі тарихындағы зерттеулер» атты еңбегін жариялады. Онда ол жабайылық дәуірінен қазіргі өркениетке дейінгі мәдениеттің прогрессивті дамуы идеясын қорғады. Жеке адамдардың тұрмысы мен мәдениетінің айырмашылықтары олардың қол жеткізген даму сатыларының айырмашылығымен түсіндірілді. Ол мәдениеттерді дамытудың эволюциялық тұжырымдамасын «Қарабайыр мәдениет» кітабында толығымен түсіндірді. Онда ол мәдениеттерді прогрессивті дамыту идеясын дамытты. Барлық халықтар мен барлық мәдениеттер бір-бірімен байланысты

және үздіксіз дамып келе жатқан эволюциялық қатарда. Ол эволюцияның карапайымнан күрделіге қарай дамудың біртіндеп сипатын ерекше атап өтті.

Э. Тейлордың серіктесі және оқушысы Джеймс Фрейзер, алғашқы діндер туралы жазылған «Алтын бұта» кітабының авторы, анимистік нанымдар пайда болғанға дейін табиғатта сиқыршылық ұғымы жеке адамға шоғырлануы мүмкін деп есептеді. Құдайлар мен рухтар туралы әлі ойланбастан, адам оның жаңбыр жаудыру, анды азғыру қабілетіне сене алады. Бұл Фрейзердің айтуы бойынша ең ертеде сиқырлы кезең болған.

Екінші діни кезеңде адам табиғаттан тыс күшті дұға еткен рухтар мен құдайларға бере бастады. Ал соңғы, ғылыми кезеңде адам құдайлар емес, табиғаттың заңдары заттардың жүрісін басқарады деген қорытындыға келді.

Люис Морган, өзінің өмірінің 40 жылын ирокездер мен басқа американдық үнді тайпаларын зерттеуге арнаған этнограф. Морган ирокездердің өмірі мен ежелгі әдет-ғұрыптарын зерттей отырып, отбасының, меншіктің және рулық ұйымның пайда болу мәселелеріне арналған «Ежелгі қоғам» еңбегін жарыққа шығарды. Морган ежелгі мәдениеттің тарихын «өнертабыстар мен жаңалықтар» негізінде кезеңдеуге тырысқан. Эволюционизмнен ол «диффузияға» – көші-қон рөлін мойындауға, мәдени өнертабыстарды бір қоғамнан екінші қоғамға ауыстыруға қарай шегінді.

Морган табиғи эволюция идеясын ақыл-ойдың прогресі идеясымен ұштастырды. Ол прогресстің мақсаты – адамзаттың жалпы игілігі, парасаттылық ережесін орнату, жеке және қоғамдық мүдделердің үйлесімділігі нәтижесінде қол жеткізілетіндігіне сенімді болды [25].

Осы тұста, көптеген тарихшылар мен мәдениеттанушылар арасында тарихтан бұрынғы кезеңнен бастап, бүгінге дейінгі адамзат эволюциясын белгілі бір кезеңдерге бөліп көрсететін мәдениеттанулық беталыс ғылымда қалыптасқандығын атап өтуіміз керек. Мысалы, В. Вундт: аңшылық пен терімшілік, тайпаларға бөліну мен әскери істің дамуы, мемлекет пен діннің пайда болуы, гуманистік және философиялық кезең деп тұтас эволюцияны төртке бөледі [26,172-173 бб.]. К. Ясперс жалпыадамзаттық рухани сілкініс дәуірі «белдеулік уақыт» теориясын негіздейді. О. Конт адамзаттың интеллектуальдік эволюциясы ретінде – теологиялық, метафизикалық, позитивтік кезеңді ажыратады [27,29-32 бб.]. Көптеген ойшылдар гендерге байланысты бастапқыда матриархат дәуірі, кейінен патриархат дәуірі болғандығына күмәнданбайды.

Жоғарыдағы В. Вундттің пікірі жалпыадамзат эволюциясында бұл 4 кезең жердің әр түкпірінде, әрқилы жүзеге асып отырғандығын есепке алмаған, ал белдеулік уақыт кезеңін 400 жылдай деп тым кең ауқымда сипаттайды. Шындап келгенде, бұл белдеудің өзі біріншіден кездейсоқтық, екіншіден, К. Ясперсше айтсақ, бұған дейінгі бізге әлі беймәлім «белдеулердің» ұмыт бола бастаған нәтижелерінің қайталанған-жаңартылған түрі ғана болуы ықтимал екендігін естен шығарып алады және мәдениеттердің бір-бірімен сұхбаттастық нәтижесінде алынғандығын-ұрланғандығын ескере бермейді. Мысалы, б.э.б. 2000-1500 жылдары

жазылған деп топшыланған, веда ілімдеріндегі атомдық теория кейіннен б.э.б. IV-III ғасырларда көне Грекияда қайталанатын және түп әрісі алғашқы пікірлер дәл сол Үнді жерінде пайда болған деген ойдың өзі күмәнді. Себебі, ол да өзінен бұрынғы мәдениеттен алған болуы әбден мүмкін. Бұл бір ғана мысал. Осыдан тұтас өркениеттердің қаншама рет қайталанғандығын бағамдауға болады. Ф. Ницше айтқандай, «Мәңгілік қайта оралу» немесе, «Ай астында ештеңе де жана емес» деген ұстанымдар осыдан қалған тәрізді.

Көріп отырғанымыздай, олар адамзат дамуын белгілі кезеңдерге ажыртпаса да, дамудың эволюциялық теориясын негіздеген Морган адам дамуындағы ақыл-ой эволюциясын көрсеткен болса, Джеймс Фрейзер діни таным негізіндегі адам дамуының рухани келбетін сипаттап береді.

Шындығында, дінтану ілімінде айтылғандай, алғашқы діни сенімдердің қашан пайда болғандығы белгісіз, олар шамамен осыдан 30 немесе 100 мың жылдай бұрын қалыптасқан екен. Бірақ діни сенімдердің қалыптасуы мен пайда болуы адамзат эволюциясындағы белгілі кезеңдерді нақты ажырата алмайды. Дегенмен, адамзат санасындағы алғашқы ақпараттарды бере алады. Философия ғылымында дүниеге көзқарас туралы толғаныстардың үш тарихи типі көрсетіледі: мифтік, діни, философиялық.

Осы тұста, мифтік дүниетанымға қысқаша тоқталар болсақ, ол тек дүниеге көзқарастың типі ғана емес, адамзаттың алғашқы ауызша ақпараттарының жиынтығы. Осыдан нақты логикалық сауалдар туындайды: «Неліктен оны адамзаттың тарихи жадысы ұмытпай, сақтап келеді?»

Бұл біріншіден, бастапқы ақпараттардың жинақталып келе жатқан қорлары. Әрине, кейбір мифтер адамзаттың жадысынан ұмыт болған болуы ықтимал, кейбірі сан мыңдаған жалдар бойы сақталып келеді. Бұл тұста, адамзаттың рухани болмысындағы мифологиялық кезең бойынша олардың мифтік аңыздары қаншалықты ұқсас немесе сәйкес келеді деген сауал өз алдына зерттеуді қажет ететін бөлек мәселе. Дегенмен, мифологиялық дәуір адамзаттың рухани танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын құбылыс болғандығы сөзсіз.

Ал қазіргі таңдағы мифті зерттеуші ғалымдар миф адам санасының ажырамас қасиеті, олар қазіргі кезеңде де өмір сүріп келетіндігін және жаңалары пайда болып отыратындығын атап өтеді. Сонымен қатар оларды әлеуметтік мифтер деп атайды [28].

Сондықтан мифтер адамның алғашқы даму сатысындағы ақпараттық қажеттіліктерді қанағаттандыруынан туындап, бүгінгі таңға дейін сабақтасқан үрдіс деп айта аламыз. Ендеше, осы тұста, адамның қажеттіліктерін пирамида түрінде құрастырған И. Маслоудың теориясына да сүйенуімізге болады.

Ол қажеттіліктерді бес топқа бөліп, адамдар үнемі қандай да сұраныстарды сезінетіндігін, ол қажеттіліктер қанағаттандырылмаса, адамды іс-әрекеттерге түрткілейтіндігін пайымдайды және ең төменгісі материалдық қажеттілік екендігін пайымдаса, ең жоғарғысы эстетикалық қажеттілік деп түсіндіреді [29,44 б.]. Олай болса, адамдар үшін руханилықтың саласына

жататын эстетикалық қажеттіліктер үнемі сұранып тұратын өзіндік болмыс әлемі екендігі туралы ой түйіндей аламыз.

Екіншіден, мифологиялық танымдағы ақпараттар сол кезең үшін құндылығы бар таным деңгейлерінің нақты нәтижелері еді. Әрине, мифтердің пайда болуы туралы әр түрлі теориялар бар.

Философ К. Хюбнердің зерттеулеріне сүйенсек, мифтегі бейнелерді адамның өзімен ұқсастырып түсіндіретін аллегориялық ұстаным, жеке тарихи тұлғаларды құдайландырып жіберген деген – евгемеризм ілімі, көне дүниетанымдағы тілдік сарқыншақтардың қалдықтары деп ұғындыратын «тілдің ауытқуы» интерпретациялары, миф мазмұндарын поэзиялық стиль деп бағалау, миф салттардан пайда болған деп санайтын – ритуалдық-социологиялық талдаулар, ішкі көңіл-күйді объективтендіруден туындайды деп ұғындыратын психологиялық пайымдаулар, мифті құрылымдық-функционалдық түрде саралау, оны символдар мен романтикалық ықпал деп есептейтін бағдарлар бар [30, 40-75 бб.].

Мифтер адамзат эволюциясындағы бастапқы ақпараттардың туындауының субстраты ғана емес, өзіндік таным теориясындағы жеке құндылықтардың жиынтығынан құралады деген сөз.

Үшіншіден, мифологиялық ой таным адамзатқа ақпараттарды сақтау мен берілістерін қамтамасыз етудің алғашқы және негізгі тәсілдері болған. Шындығында, бұдан басқа жол жоқ та еді. Аңыздар ауызша тарағандығын ескерсек, есте сақтауды шынықтырудың белгілі бір өлшемдегі, қазіргіше тілмен айтсақ, тренингтері ғана емес, ол адамзаттың тарихи эволюциясының жадысын сақтаудың архетиптік бейнесі болатын. Архетип, егер де адам санасы мен жадысында жоғалып немесе ұмыт болып бара жатқан ақпараттардың жойылмайтындығының куәсі іспеттес.

XX ғасырдағы психолог-философ К.Г. Юнгтің іліміне сүйенсек, ол – өткен ата-бабаларамыздың санасының қазіргі және кейінгі ұрпақтарының санасымен байланысып жатқан көріністерінің физиологиялық-бейсаналық тұғырлары сияқты. [31, 74-78 бб.].

Э.Тейлор «Адамзаттың ежелгі тарихындағы зерттеулер» атты еңбегінде, жабайылық дәуірінен қазіргі өркениетке дейінгі мәдениеттің прогрессивті дамуы идеясын ұсынды. Бұл идея, біздіңше салыстырмалы және еуроцентризм мен логоцентризмді негізге алатын тәрізді. П. Ферейрабендтің постпозитивизм қағидалары мен «рациофашизм» түсінігіне сүйенсек, миф, ғылым, дәстүр т.б. рухани ақпараттық құндылықтарды иерархияға қоюға болмайды, олардың барлығын тең деңгейде қарастыруымыз керек [32, 104-116 бб.].

Осыдан шығатын нақты логикалық түйін: біз қазіргі таңда зерттеу тақырыбымызға орай, ақпараттақ қоғам кеңістігін қарастырып отырғанмен, ақпараттардың генезисі мен шығу тегінің мифтік танымнан бастау алатындығына көз жеткіздік және оларды қазіргі ақпараттармен салыстырып, иерархияға қоя алмаймыз.

Жалпы алғанда, біздің осы бөлімдегі зерттеу мәселеміз: «Ақпарат пен

ақпараттық қоғам түсінігі және ақпараттандыру құбылысының философиялық негіздемесі» болғандықтан, алдымен мынадай логикалық түзілім құра отырып, олардың әрбір концептілеріне талдаулар жасап өтетін боламыз: «Ақпарат – Ақпараттық қоғам – ақпараттандыру – Қазіргі заманғы ақпараттық қоғам келбеті».

XX ғасырдағы ғалымдар қоғамның тарихи даму эволюциясын: индустриалдыққа дейінгі, индустриалдық, постиндустриалдық немесе ақпараттық қоғам деп бөлген болатын.

Олар ақпараттық қоғамның жалпы алғанда техногендік дамумен байланысты екендігін және индустриалдықтан кейінгі саыт екендігін, әлеуметтік даму аясындағы қазіргі кезеңге сай келетіндігін ұсынған еді [33, 57-62бб.].

Олар ақпараттық қоғамның жалпы алғанда техногендік дамумен байланысты екендігін және индустриалдықтан кейінгі саыт екендігін, әлеуметтік даму аясындағы қазіргі кезеңге сай келетіндігін ұсынған еді [33, 57-62бб.].

Оған кейіннен де әркілі түсіндірмелер беріліп, әр түрлі атаулар да тағылып келді. Мәселен, К. Флекснер «Ағартушы қоғам» деп атаса, У. Бек оны қатерлі қоғам ретінде сипаттайды, Дж. Сорос кейді бұл қоғамды ашық қоғам деп жариялайды. Оны «Ашық қоғам және оның жаулары» деген еңбегінде көрсеткен болатын. Г.М. Маклюэн бұл қоғамды адамзат дамуындағы ішкі әлемнің өркендеуі ретінде қарастырады [34, 10б.].

Отандық жас ғалым Шаттық Алиев ХХІ ғасырдың ақпараттар ғасыры екендігін, қазіргі таңда адамзат эволюциясында ақпараттардың маңызды құндылыққа ие болғандығын, оны кейбір ойшылдар жаһандану деп атайтындығын, ал кейбірі постмодернистік сатыға балайтындығын, ал кейбір ойшылдар ақпараттық дүмпу кезеңі екендігін жариялайтындығын көрсете отырып, оның ақпараттық жарылысқа сәйкес келетіндігін, бұқаралық санада оның басты ықпалды күштердің бірі бола отырып, ортақ мүдде мен мақсаттар аясында орын алып отырғандығын жіті пайымдайды [34,10б.]. Сондай-ақ, ол ақпараттық қоғам идеясының шығу тегіне талдаулар жасайды. 1960-1970 жылдар шамасында Д. Белл, Э Тоффлер сынды ғалымдар бұл қоғамның негізгі көріністерін атап өткен болатын. Әлем құрылымдануында ақпараттарды таратушы желілердің орны ерекшелене түсіп, әлемдік өркениет аясында теледидар мен компьютерлік құрылғылардың орны айрықшалана түседі, ол заман талабының шындығына айналады және аса қажеттіліктерді құрап отыр [34,13-17бб.].

Ақпараттық қоғамды зерделеу барасында, алдымен, ақпарат түсінігіне шолу жасасақ, сөздіктерде мынадай түсіндірмелер беріледі: «... Белгілі бір істің жағдайы, қандай да бір оқиға, қызмет турасында хабарлау... Ақпаратты зерттеуде математикалық статистика әдістері де қолданылады». Сонымен қатар ақпараттардың жалпы алғанда, кең ұғым екендігін, оның кибернетикаға да қатысты болатындығын, тіпті генетикалық тұрғыдан алғанда да өзіндік берілістері болатындығын сипаттап өтеді [35,30б.].

«Ақпарат (латын тілінен аударғанда *informatio* - түсіндіру, таныстыру), бастапқыда - адамдар ауызша, жазбаша немесе берілетін ақпарат басқа жолмен (әдеттегі сигналдарды, техникалық құралдарды және т.б.); 20 ғасырдың ортасынан бастап - алмасуды қамтитын жалпы ғылыми тұжырымдама адамдар, адам мен машина, машина мен машина арасындағы ақпарат, белгілері жануарлар мен өсімдіктер әлемінде алмасу, белгілерді беру жасушадан жасушаға, организмнен организмге; негізгі ұғымдардың бірі кибернетика [36, 694б.].

«*Informatio* – түсіндіру, таныстыру, хабардар ету) ғылымның жалпы түсініктерінің бірі, кейбір ақпаратты, кез келген мәліметтер жиынтығын, білімді және т.б. тиісті сигналдарды жинау, жинақтау және өңдеу арқылы жүйенің сыртқы әлемі мен ішкі ортасын бейнелеу процестерінің белгілі бір жиынтығын жүйеге енгізумен байланысты ақпараттық; жүйенің жұмыс істеу процестерінен алынған. ...Тасымалдаушы сигнал, орта арқылы (каналмен) беріледі және тұтынушы алады, соңғысы үшін осы (хабарлама) алу фактісінен өзгеше белгілі бір мағынаға ие. Бұған ақпараттың көзі мен тұтынушысы арасында жасалған арнайы келісімдердің арқасында қол жеткізіледі, соған сәйкес сигнал түсіндіріледі, яғни алынған сигналдан тұтынушыға түсінікті мән алынады. Осылайша, алынған сигналдың қарапайым физикалық тіркелуі, егер бұл сигналдан тұтынушыға белгілі ережелерді қолданып, мағынаны шығармаса, ақпарат көзден алынған дегенді білдірмейді [37, 431 б.].

Дегенмен, ақпарат түсінігі қазіргі қоғамдық ғылымдар зерделеп жүргендей әлеуметтік болмысқа ғана қатысты құбылыс емес, ол жалпы алғанда кең ауқымды үдеріс болып табылады. Мәселен, оның өзіндік биофизиологиялық жақтары да бар.

«Генетикалық ақпарат – ата-бабаларымыздан алынған және ендірілген генетикалық ақпарат тұқым қуалайтын құрылымдар (гендер) ағзаның даму бағдарламасы... Генетикалық код, тұқым қуалайтын ақпаратты формада жазуға арналған жүйе нуклеин қышқылы молекулаларындағы нуклеотидтер тізбегі. Генетикалық код – кодон, немесе триплет (тринуклеотид). Генетикалық код амин қышқылдарының кіру ретін анықтайды синтезделген полипептидтік тізбек. Генетикалық кодты енгізу тірі жасушалар ДНҚ-да хабаршы РНҚ синтезі кезінде жүзеге асырылады. Ген (транскрипция) және ақуыз синтезі (трансляция), онда осы РНҚ-ның нуклеотидтік реттілігі сәйкесінше аударылады» [36, 436 б.].

Осындай анықтамалар мен түсіндірмелерге сүйене отырып, біз ақпарат феноменін былайша жіктеп көрсетуімізге болады. Біріншіден, ақпараттардың биофизиологиялық-генетикалық негіздері бар. Екіншіден, психологиялық-әлеуметтік қырлары назарға алынады. Үшіншіден, саяси-мәдени астарлармен келіп орайласады.

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, ақпараттар тек рухани болмыс өлшемдері ғана емес, генетикалық тұрғыдан да тасымалданатын материалдық базаларды құрайды. Ақпараттар генетикада тұқым қуалайтын

физиологиялық құбылыс болып табылады. Қарапайым тілмен айтсақ, қазақ халқының салт-дәстүрінде тек ата-бабаның туыстық қатынасы ғана емес, жай ғана генетикалық ақпараттардың берілу дәстүрі де кездеседі. Мәселен, қазақтарда елге әйгілі өнер иелері, би-шешендер, батырлар т.б. белгілі бір елді мекенге келетін болса, балаларына, немерелерінің аузына түкірту дәстүрі бар. Бір қарағанда ол жай ғана салт пен ырым сияқты болып көрінеді.

Ал қазіргі медицина мен генетика ілімі де осы сілекей арқылы ол адамнан ақпараттар ала алатындығын дәйектейді. Тіпті, ауру адамның өзінен сілекей алып, оның хал-ахуалын анықтайды. Ендеше, халқымыздағы осы дәстүр де биологиялық ақпараттардың тасымалдануын қамтамасыз ететін дәстүрлердің бірі болып шығады.

Келесі кезекте, ақпараттардың психологиялық-әлеуметтік қырларына тоқталып өтер болсақ, ол қоғамдық ғылымдар аясында өздігінен түсінікті. Ақпараттар қашанда психологиялық тұрғыдан ықпал ететін қоғамдық санада белсенді роль атқаратын идеялардың күрделі құрылымы. Әрбір айтылған сөздерден бастап, түрлі идеологияларға дейінгінің барлығы ақпараттардың саяси-әлеуметтік көрінісін паш ете алады. Бұл жөнінде осы тараудың келесі бөлімінде толығырақ тоқталып өтетін боламыз.

Ендеше, біз жалпы зерттеу тақырыбымызға орай, ақпарат түсінігіне логикалық-семантикалық талдаулар жасай келе, оған былайша анықтама бере аламыз. «Ақпарат дегеніміз – адамзаттың тарихи жадысында сақталатын рухани және биологиялық құбылыс ретінде тасымалданатын болмыстың қуатты элементтерінің бірінен саналатын ұрпақтар сабақтастығының ықпалды және барынша тұрақты көріністері»

Келесі кезекте, ақпараттық қоғам түсінігіне концептуалды талдаулар жасап өтуімізге болады. Сонымен, «Ақпараттық қоғам дегеніміз не?» деген сауалдар туындайды. Сөздіктердегі берілген анықтамаларды мысалға алсақ, мынадай түсіндірмелерді бере аламыз

Жапон ғалымы Е. Масуда 1945 жылы ақпараттық қоғам ұғымын енгізген еді. Рим клубының өкілдері қоғам дамуындағы жаңашылдық бастаулар мен оның индустрияға негізделген әлемнен өзгеше екендігін атап өтеді. 1990 жылдары жарық көрген Д.Нэсбит пен П.Эбурдиннің «Мегатенденциялар еңбегінде бұл қоғамның басты сипаттарын да көрсетеді: 1) жаңа жоғары технологиялар; 2) социализмнің кейбір элементтерін еркін нарықтық қатынастармен үйлестіру; 3) әмбебапты өмір салты және мәдени ұлтшылдық; 4) жеке және мемлекеттік дәулеттіліктің ұштасуы; 5) өнер мен көркем мәдениеттің өркендеуі; 6) діни жаңғыру; 7) тұлға марапаты [38, 56 б.].

Ақпараттық қоғам тек адамзат прогресінің материалдық-экономикалық қырларын ғана қамтып отырмайды, ол эволюцияның белгілі бір кезеңіне сәйкес келетін заманауи үдеріс. Жоғарыда атап көрсеткен философтар, әлеуметтанушылар, мәдениеттанушылар қазіргі кездегі қоғам дамуының кезеңін неліктен ақпараттық қоғам деп атағандығы туралы мәліметтер келтіре отырып, олардың идеяларын толығырақ түсіндіріп өту біздің зерттеу тақырыбымыздың әдіснамалық-теориялық негідеріне келіп ықпалдасады.

Ақпараттық қоғам тек ақпараттардан құралған немесе ақпараттардың билігі орнаған қоғамдық формацияны айқындамайды. Ақпараттардың жалпы бағдары мен дамуының эволюциясында оның құндылықтық-мағыналық негіздерін көрсетіп бере алады. Ақпараттар бұл тұрғыдан алғанда саяси-әлеуметтік мәнге ие. Ақпаратқа «қоғам» түсінігі қатыстырылғаннан кейін әлеуметтік болмыстың ақпараттық келбеті өздігінен ашылады.

Ақпараттар тасымалданып отыратын рухани болмыс, ал қоғам осыған бейімделген. Қазіргі таңдағы қарапайым саяси жаңалықтардан бастап, ақпараттық желілердегі материалдардың барлығы, тіпті, екі адамның арасындағы әңгімелесу мен сұхбаттастық ақпараттар аламасуының бірден бір оңтайлы тәсілі.

Ендеше, ақпараттық қоғам турала баяндай келе, оның негізгі белгілері мен қызметтеріне қысқаша тоқталып өтетін боламыз. Жоғарыдағы анықтамаларға сүйенетін болсақ, ақпараттық қоғам тіршіліктің барлық салаларын қамтып отыр. Себебі олай болмауы мүмкін емес. Дегенмен, біз осы тұста, айта кететін жайт, ақпараттық қоғам бұрыннан-ақ бар, қазір де орныққан және болашақта да бола береді. Мәселе, ақпараттық қоғам мен ақпараттандырудың өзіндік деңгейіне тікелей байланысты.

Техникалық саладағы жаңа ақпараттық технологиялар өндірісте, іскерлік қатынастарда, білім беру саласы мен күнделікті тұрмыста қолданылатындығы сөзсіз. Ең бастысы, ақпараттық қоғамда мәліметтердің құндылықтық деңгейі аса маңызды. Кейбір ақпараттар адамзаттың игілігіне жарамауы да мүмкін, ал кейбір мәліметтер аса құнды. Дегенмен, біздің елімізде ғана емес, жалпы адамзаттың рухани болмысында ақпараттардың құнды немесе құнды емес екендігін өлшейтін нақты барометрлер жоқ. Бұл мәселе жөнінде келесі бөлімде кеңірек тоқталып өтетін боламыз.

Экономикалық салада ақпарат ең басты тауарға айналатындығы, әлеуметтік ортада ақпарат өмір сапасын көтерудің негізгі құралына өтетіндігі де өмір шындығы. Қарапайым жарнамадан бастап, медиа құралдар мен БАҚ-тардың барлығы ақпарат пен нарықтық қоғамның өзара сәйкестендіру мотивтерінен құралады. Себебі, нарық қашанда өздігінен пайда табуды көздейді немесе пиар жинауды мақсат етеді. Ақпарат өздігінен материалдық тауар болып табылмайды, бірақ материалданып барып, қоғам дамуына ықпал ете алады. Бұл әрине, ақпараттық кеңістіктің шынайы болмысы.

Ендеше, саяси салада ақпараттың еркін және ғаламдық көкжиектер арнасында алмасуы демократия мен азаматтық қоғамды насихаттады, мәдениет саласында ақпараттық қоғам жетістіктері мәдени сұхбат пен құндылықтардың тасымалдануына себебін тигізетіндігі де шынайылық.

Ю. Хабермас айтқандай: «Коммуникативтік рационалдық» саласы өзара түсінісу мақсатындағы қарым-қатынас, өзара қатынастар болып табылады. Бұл жерде «сыни дискурс» орын алады, оның мақсаты даулы мәселелерді анықтау және талқылау процесінде келісімге қол жеткізу. Әрекет нормалары мен ережелері барлық тараптардан мойындалатын болса, жалпыға ортақ болуы мүмкін, «кез келген ереже барлық қатысты тараптар, тәжірибелік

дискурс қатысушылары келісімге қол жеткізген жағдайда ғана маңызға, күшке ие болады» [39, 32 б.].

Бұл жерде Ю. Хабермас өзі дамыта түскен герменевтикалық талдауларға сүйенеді. Оның түсінігі бойынша қарым-қатынас қашанда адам болмысының атрибуты болып табылады. Дегенмен, адамдар арасындағы қарым-қатынас оның өмір сүруінің бастапқы шарты немесе тікелей атрибуты емес. Адам болмысындағы қарым-қатынас пен коммуникация предикат ретінде ғана түсінілуі тиісті. Мәселен, адамнан басқа хайуанаттар мен тіршілік иелерінде де коммуникация бар, бірақ ол тіл немесе ой, ым т.б. түрінде емес, басқаша форматтарда құрылатын зоопсихологиялық құбылыс. Ендеше, ақпараттық қоғам тек XX ғасыр соңы мен XXI басында қалыптасқан құбылыс емес. Оның болмысы көне замандардан құрылған жаңаға ауысатын және ұмтылатын беталыс.

Ақпараттық қоғамның негізгі болмысы, ол – ақпараттандыру. Ол үшін мәдениеттанудағы «адам – мәдениет субъектісі» деген қағидатты алғышарт ретінде таңдап алуымызға болады. Мәдениет кең ауқымды ұғым. Ал ақпараттар рухани мәдениеттің маңызды бөліктерінің бірі және адамзат дамуының басты параметрлеріне айналғандығы да шындық. Ақпараттандыру үрдісінің өзінің биологиялық-медициналық-терапиялық негіздері бар екендігіне сүйенсек, жоғарыда атап көрсетілгендей, адам ақпараттық кеңістіктің субъектісі бола алады. Мәселен: «Ақпараттық-рецептивті әдіс белгілі бір қоғамның элеуметтік стереотиптерінің (рөлдері, нормалары немесе «клишелері») тұлғааралық қатынастарды реттеуші ретінде пассивті тануды жеңілдетеді. Элеуметтік орта туралы ақпарат дайын түрде ұсынылады және жеке тұлғаның мінез-құлқына әсер етуге, оны басқаруға арналған. Пациенттердің осындай өзара әрекеттесу заңдылықтарын интерактивті қабылдауы эндопсихиканың төменгі деңгейінің болуын сипаттайды (А.Ф. Лазурс бойынша)» [40,140 б.] деген түсініктер осының айғағы.

Демек, ақпараттандыру тек қана сөз жүзіндегі мәліметтердің тасымалдануы ғана емес, сол бірліктердің өмір сүруі мен жалғасуы, сонымен қатар, қандайда болмасын адамның туындыларының тұтас жиынтығы болғандықтан, рухани әлемдегі құрылымдық негіздер болып табылады. Жалпы алғанда, ақпараттандыру – кең ұғым болғандықтан, ол құбылыс қана емес, үдеріс болып та табылады. Бұл тұста философиядағы таным теориясына қысқаша тоқталып өтуіміз керек және таным сатыларына байланысты талдаулар жасауға тиіспіз.

Сезімдік деңгей – таным теориясында ақыл-ойға дейінгі алғашқы дүниені түйсінудегі мәліметтер алынатын саты. Сезімге қатысты, сезіммен қабылданатын деген мағынадағы құбылыстар мен үдерістерді қамтиды. Сезімдік таным сатылары; түйсік, сезім, қабылдау, байқау, елестету болып белгіленген.

Түйсіктер – сезімдік нервке әсер ететін мидың орталықтарының қозуының нәтижесін беретін физиологиядағы органдар. Түйсік арқылы барлық

психикалық процестер пайда болып, дамиды. Ол себепсіз пайда болмайды, адамның сезім мүшесіне сыртқы дүниенің әсері етуі арқылы қозумен тасымалданады. Түйсік адам мен жануарларға ортақ болғандықтан, бірінші сигнал жүйесі арқылы іске асады.

Түйсіктерді негізінен үш топқа бөледі: экстрарецепторлар – сыртқы қозулар (көру, есту, дәм, сипап сезу т.б.); интрорецепторлар – ішкі қозулардан тұрады (жүрек, дем алу, қан айналу т.б.); проприорецепторлар – тәннің кеңістіктегі жағдайынан ақпараттар береді (буын, сіңір, бұлшық ет түйсіктері). Танымда экстрарецепторлар маңызды рөл атқарады.

Сезім мүшелері – әсер ететін тітіркендіргіштер арқылы қозатын организмнің арнайы органдары. Ол әртүрлі сезімдердің (иіс, дәм, көру және т.б.) субстраты. Қазір олар арнайы приборлар арқылы өрісін кеңейтуде. Мәселен, микроскоп, калейдоскоп т.б. арқылы көру сезім мүшесі жасанды түрде арттырылған. Сезім мүшелерін психофизиология саласы зерттейді. Түйсік пен сезім мүшелері жөнінде материалистік және идеалистік көзқарастар өзіндік қорытындыларын әр түрлі тұжырымдайды.

Қабылдау – заттар мен құбылыстардың жалпы қасиеттерінің адамның сезім мүшелеріне тікелей әсер ете отыра мида тұтастай бейнеленуі. Түйсіксіз қабылдау болуы мүмкін емес.

Ақпараттарды қабылдаудың сезімдік түрлерінің бірі – наитивизм болатын болса, ол тосыннан берілетін мәліметтерді еріксіз түрде қабылдау болатын болса, нақты нәтижеге қол жеткізу иллюзиялар туғызбайды.

Иллюзия – таза фантазиялық түрде үстірт қабылдау, нақты тәжірибелік өмірде – жеңілдететін өзін алдау немесе сыртқы дүниенің солай сияқты болып көрінуі. Сырттай ақиқатпен сәйкес, бірақ арнайы тексерулер кезінде мүлде жалғандығы дәлелденеді. Мысалы, контраст иллюзиясында қарсы шек пен орташа, орташаны да келесі қарсы шекке байланысты айналдырады. Мысалы, орта бойлы адам өте биік адамның қасында қысқа бойлы болып көрінеді. Барлық адамдарға тән қабылдаудағы ортақ иллюзиялар болады: күн үнемі аспанда тұрады, ақ киім адамды толық қылып, қара киім керісінше ықшамдап көрсетеді, қуанышты сәтті асыға күтсең, уақыт баяу өтеді, жазғы ыстықта сағымдар ағып жатқан су сияқты болып көрінеді т.б. Әлемді адамның таным аппараттары үнемі шынайы емес, иллюзия түрінде ғана жеткізе алады деп санайтын ағым – иллюзионизм деп аталады.

Мәліметтердің барлығы иллюзия емес, ол нақты өлшемдермен берілетін шындық. Бұл шындық Т. Гоббс айтқандай, жалпы көпшіліктің келісімдер арқылы анықталады және шындыққа айналады. Өйткені, иллюзия жалпы онтологиялық, гносеологиялық тұрғыдан алғанда, ақиқаттың салыстырмалы екендігіне сүйенеді. Белгілі бір ақпараттар бұрмаланған немесе, алдамшы болуы да мүмкін, дегенмен, оған деген сенім өзін-өзі қайтадан шындыққа айналдырады.

Қабылдау екі түрге бөлінеді: 1) Ықтиярсыз қабылдау – арнайы мақсат қоймайтын, еріксіз көңіл бөлінуі саналы емес түрде жүретін қабылдау. Бұл тосын оқиға жағдайында ассоциация арқылы болуы мүмкін; 2) Ықтиярлы

қабылдау – мақсат қоя, арнайы ерік белсенділігімен өтетін, нәтижесінің қажеттілігі де аса маңызды сипат алатын қабылдау түрі. Бірақ танымда ықтиярсыз және ықтиярлы қабылдаудың сапасы бірдей. Қабылдаудың нәтижесі байқаумен айқындалады.

Байқау – сыртқы дүниедегі құбылыстардан мағына іздеумен оларды игеру мақсатында ниет пен мақсат қойылған қабылдаудың жоғары және ұзағырақ іске асатын түрі. Ол ғылым дамуында күрделене түседі де, экспериментпен тоғысады, түрі жағынан қарапайым (сырттай ғана) және қатысатын (іштен байқау) болып бөлінеді. Байқау қабылдауға қарағанда арнайы, ұзағырақ маңызды нәтижеге ұмтылатын құбылыс. Мәселен, мұғалімнің оқушыны зерттеу мақсатындағы аңдуы, оның әрбір іс-қимылын жадында сақтауы т.б.

Байқау нәтижелері оңды, дұрыс әрі тез іске асатын болса, ол байқағыштыққа өтеді. Байқағыштық – көзге көріне бермейтін, бірден байқалмайтын объектінің елеусіз жақтарын көре білу. Яғни, объектінің маңызды және маңызсыз, елеулі және елеусіз жақтарын тұтасымен қабылдау. Байқағыштық жеке адамның психологиялық сапасы ретінде бағаланады. Танымда сезім мүшелеріне, оны нақты тәжірибеден өткізуге басымдылық беріп, сол нәтижелерді ғана ақиқат ретінде тануды эмпириктер ұсынады.

Эмпиризм – барлық танымдарды эмпирикадан (тәжірибе) шығады деп есептейтін философиялық ағым. Ол әдіснамалық көзқарас тұрғысынан – барлық өмірлік тәжірибе мен ғылым сүйенетін қағида. Оның екі түрі бар: 1) радикалды эмпиризм – сезімдік қабылдауды басты мағынада ұсынады; 2) келісімді (умеренный) эмпиризм – оны шешуші рөл атқарады деп түсіндіреді. Рационализмге қарама-қарсы ағым гносеологиялық эмпиризмнің негізін салушы – Дж.Локк болса, әдіснамалық эмпиризмнің негізін салушы – Ф. Бэкон бұл бағытты дәйектеушілер ретінде өзіндік теорияларын ұсынған. Нақтырақ айтқанда, танымның бірінші сатысы: түйсік, сезім мүшелері, байқау мен қабылдау берген сыртқы дүние туралы мәліметтер бірден-бір ақиқат және маңызды болып саналады да, ақыл ой оған көмекші, саралаушы, адасуға алып баруы да ықтимал деген сияқты көзқарастарды жинақтайды.

Эмпиризм ақпараттардың дәлдігі мен нақтылығын тексеретін болжам мен гипотезаға да байланысты. Ф. Бэкон мен Дж. Локтың танымның екінші сатылары бұл турасында бізге нақты ұстанымдар бере алады.

Қабылдаудан кейін іске асатын елестету сатысы екінші теориялық деңгей мен бірінші саты аралығындағы немесе ақыл-ой сатысына өтпелі кезең болып саналады.

Елестету – сол сәтте сезім мүшелерінде бейнеленбей тұрған объектінің жалпылама нұсқасын жасау. Ол да сезім мүшелеріне сәйкес өзіндік елестету түрлеріне ажырайды: көріп елестету, есту елесі, дәмді елестету т.б. Мәселен, біз лимон туралы ойласақ, оның қышқыл дәмі аузымызға келеді, көрмей, жемей тұрсақ та, елестетіледі – дәм елесі. Елестетулердің психикалық ауытқыған түрлері галлюцинациялар деп аталады. Демек, бірінші саты

мынадай тізбекпен анықталады да: «түйсік – сезім – қабылдау – байқау – елестету», екінші сатыға қарай аяқ басады.

Екінші саты, теориялық деңгей (ақыл-ой) бірінші сатыдағы алынған мәліметтерді қорыту, өңдеу, сұрыптау, тексеру сияқты қызметтер атқарады, оның негізгі орталық қызметі ойлау болып табылады. Сондықтан, алдымен, ойлаудың не екендігін анықтап алу қажет.

Ойлау – заттар мен шындық құбылыстарын олардың елеулі белгілері бойынша бейнелендіретін және ондағы байланыстарды ашатын, адамға ғана тән танымдық күрделі психикалық процесс. Осыдан ойлаудың мәнін ашатын әр түрлі қырлары айғақталады:

– ойлаудың жалпылығы – адам ойлауда бір ұғымдарды жалпылап алады. Оның диалектикасы бойынша, жеке айғақтан жалпы заңдылыққа ауысып отырады. Ол ойлаудың жоғары сатысы, әрі жанама сипатта арнайы құралдар арқылы шындықты тікілей емес бейнелеу және қашанда жалпы, мәселен, қабылданған нақты нәрсе тек сол нәрсе туралы мәліметтермен шектеліп қалмайды, соған ұқсас, қарама-қарсы, оған байланысты т.б. нәрселерді толғай бастайды.

– ойлау проблемалылығы – адам түсініксіз құбылыстармен кездесіп, олардың сырын ашуға ұмтылуынан туындайды, бұл проблемалылықтың негізгі шарты және талабы да осы болып табылады. Ойлау белгісіздікті білгісі келеді, белгіліні одан әрі таразылайды, белгісіз жақтарын аша түсіп тереңдей енеді, ол қажеттіліктен басталады. Ол үшін; 1) жаңа нәрсені бұрынғыдан айыра білу керек; 2) оның сырын ашуға ұмтылу; 3) мәселені шешу сияқты үш деңгейді бастан өткеру керек. Ойлау, егер де креативті болатын болса, таным теориясында ол, сыни ойлаумен жалғасын табады.

Ойлау іс пен ойға қатысты алғанда, екіге бөлінеді: 1) тәжірибелік ойлау немесе бейнелік ойлау. Бұнда адамның нақты бейнелерді, нәрселерді пайдаланып ойлайтын, іс-әрекет үстіндегі ойы қажетті нәрсесіне бағытталады; 2) теориялық ойлау – абстрактілі ұғымдар бойынша жалпы қағидалар туралы ойлау. Теориялық ойлаудың жоғарғы формасы заң мен заңдылықтар ашу, ғылыми болжам жасау. Яғни, нақты айғақтар мен заттарсыз абстрактілі дәрежеге көтерілу. Мәселен, жаратылыстану, техникалық ғылымдарда тәжірибе кезінде тәжірибелік ойлау жүзеге асса, қоғамдық ғылымдарда көп жағдайда теориялық ойлау анық көрініс табады.

Ойлау үдеріс ретінде күрделі құбылыс, сондықтан оның ақиқатқа жету бағытындағы қызметі мен деңгейлері ойлаудың формалары арқылы жүріп отырады. Ойлау формалары – ойлау процесінің формальді ұйымдасуының түрлері мен тәсілдері, оның мазмұндық компоненттерінен абстракцияланған көрінісі болып табылады. Бұны логика ілімі зерттейтіндігі түсінікті.

Формальді логика логикалық түсініктерді, ойлау операцияларын (абстракциялау, анализ, синтез, салыстыру, ұқсату ж.т.б.) зерттейді және логиканың заңдарын дәйектеп, қайшылықты пікірлерді таразылаумен шұғылданады. Формальді логиканың тұжырымға келу үшін, парасатты

түйіндеулерді тиянақтау үшін қажетті сатысы мынадай категориялар жүйесі арқылы сатылап іске асады: «Ұғым – Пікір – Ой қорытындысы».

Міне ақпараттандыру да осындай екі сатыдан өтеді. Шындығында, интуицияның өзі иррационалды масштабтағы ақпараттандыру болып табылады. Жоғарыда атап өткендей, сезімдік саты адамнан басқа хайуанаттарда кездескендіктен, ол да ақпараттандыру. Біз мәселен, жан-жануарлардың тілін түсінбегендіктен, олардың ақпараттар алмасуын ұғына бермейміз. Ғылымда ультрадыбыстар деген термин бар. Ол дыбыстар біздерге, яғни, адам баласының акустикалық кеңістігіне табиғат заңдылықтары бойынша енгіздірілмеген, демек, ол дыбыстарды біздер ести алмаймыз.

Адамның қалыптасуындағы басты факторлар ғылыми тұжырымдамалар бойынша былайша құрылған: тіл, сана, еңбек, отбасы т.б. Ендеше, адамзаттың әлеуметтік келбетіндегі ақпараттандыру саналы түрде жүргізілетін тағдыр тағайындаған өзіндік ерекшелік. Осыдан ақпараттық кеңістік ұғымы туындайды, бірақ бұл мәселені келесі бөлімдерде толығырақ талдап өтетін боламыз.

Ақпараттандыру ақпараттық кеңістіктің негізгі атрибуты, нақты логикалық тілмен баяндасақ, ақпараттандыру – предикат, ал субъектісі – ақпараттық кеңістік. Немесе, нақтырақ тұжырымдасақ, ақпараттық кеңістік жалпы ұғым болса, ақпараттар жеке ұғым, олай болса, ақпараттық кеңістік пен ақпараттар диалектикалық ілім бойынша бүтін мен бөлшектің қатынасындай бола алады.

Ал егер қазақтардың дүниетанымына тоқталар болсақ, «кұлағдар ету», «естірту», «хабардар қылу» т.б. түсініктер бар. Ол да халықтық дүниетанымдағы ақпараттандырудың өзіндік тарихи өлшемдердегі үлгісі ретінде қабылданған. Ақпараттандыру қарапайым тұрмыс тіршілікте «өсек тасудан» басталады. Себебі, ақпараттарды іздеу мен тасымалдауға деген құштарлық тек әңгімелесу ғана емес, мәдени сұхбаттастықтың бастаулары. Мейлінше, ол ресми немесе ресми емес бола берсін, бірақ құбылыс шынайылық және өмірлік маңызды түйткілдердің бірі.

Ақпараттандырудың негізгі тәсілі мен адамға қатысты қыры – қабылдау. Қабылданған ақпараттар кезінде ақпараттандыру жүзеге асады. Ақпараттар маңызды, маңызды емес; мәнді және мәнсіз, қажетті және кездейсоқ, мүмкін немесе мүмкін емес т.б. болып бөлінуі де ықтимал. Дегенмен, бұл мәселе басқаша зерттеу тақырыбына байланысты болғандықтан біз оған кеңірек тоқталып өте алмаймыз. Ақпараттандырудың сондай-ақ ерікті немесе еріксіз түрлері де кездеседі. Бірақ еріксіз ақпараттандыру біздіңше, психиканың механикалық құрылымы негізінде ұмыт бола бастаса, маңызды ақпараттар сол қалпында өзінің өмір сүруі мен маңыздылық мерзіміне дейін сақталып қалады.

Қорыта айтқанда, «ақпараттандыру дегеніміз – таным теориясындағы адамдар мен басқа да тіршілік иелері арасындағы сұхбаттастыққа негізделген немесе кері байланысты қамтамасыз етуі міндетті емес мәліметтердің

жиынтығы, сондай-ақ қажетті өмір шындығымен келіп орайласатын бірліктер болып табылады».

Біріншіден, ақпараттандыруда белгілі бір аудитория болуы шарт. Жоғарыда айтылғандай, мифологиялық сюжеттерде, ақпаратты қабылдау субъектілері кейде, аң-құс, терек, су т.б. болуы ықтимал. Оны ертегілерден анық байқауымызға болады.

Екіншіден, аудитория визуалды немесе аудио болуы міндетті емес. Оны қазіргі таңдағы интернет жүйелерінен көруімізге болады.

Үшіншіден, ақпараттандыру әр түрлі масштабта өте береді.

Төртіншіден, ақпараттық кеңістіктің белгілі бір өлшемдері мен параметрлері болуы да шарт емес. Осы аталған мәселелерге орай, біз келесі кезекте, ақпараттық кеңістік теориясы мен рухани әлем туралы философиялық ойларымызды мүмкіндігінше тереңірек таразылайтын боламыз.

1.2 Рухани болмыс аясындағы ақпараттық кеңістік және оның құрылымы

Ақпараттық кеңістік теориясы және рухани болмыс тұтастығының генезисі мен эволюциясы мәселесіне орай, концептуалды негіздемесі бұл ұғымның ақпараттық форматтарына орай құрылады. Ол үшін бұл түсініктің жеке концепттеріне логикалық талдаулар жасап өтуіміз керек және оны былайша синтездеуімізге болады: «Кеңістік – ақпараттық кеңістік болмысы – рухани болмыс – рухани болмыс генезисі – рухани болмыс эволюциясы».

Кеңістік философияда негізінен екі тармақта қарастырылады: біріншісі – физикалық кеңістік, екіншісі – рухани алаң. Бірінші мағынасына орай, ол денелердің орналасуын білдіретін орын тәртібі болса, екінші мағынасына сәйкес, кең өлшемдегі шексіздіктің рухани болмыс аймағы болып саналады деп айта аламыз.

Физикалық кеңістіктің құрылымына орай, рухани әлем кеңістігі аналогиялық түрде шартталатын «ақпараттық континум». Кеңістіктің сапалары мен қасиеттері: шексіздігі, шетсіздігі, аяқталмайтындығы мен басталмайтындығы, уақытпен және жарық жылдамдығымен шартталғанды т.б. Осы тұста негізгі мәселемізге қарай ойысса түссек, ақпараттық кеңістік пен физикалық кеңістік арасындағы айырмашылықтарды біз былайша тарқатып бере аламыз.

Кесте 1 – Ақпараттық кеңістік пен физикалық кеңістік арасындағы айырмашылықтар

<i>Физикалық кеңістік</i>	<i>Ақпараттық кеңістік</i>
Денелердің орын тәртібін үйлестіреді	Денелер емес, рухани әлемнің жалпы бейнесі сипатталады
Нақты орын мен арақашықтық сақталады	Арақашықтық пен орналасу нүктелері болмайды
Атомдар орналасады	Рухани атомдар (Лебнищше айтсақ,

	монадолар, брахманизм түсінігі бойынша рухани атомдар) т.б.)
Бос кеңістік деген болмайды	Идеологиялық хаос болуы ықтимал
Бейсызықтық физикаға байланысты кеңістік қисаяды	Ақпараттық кеңістік тым жалпы және абстрактылы
Негізгі анықтаушысы материя мен уақыт	Негізгі анықтаушысы ақпараттар тасқыны
Материя шексіз және ол үнемі, үздіксіз қозғалыста	Ақпараттар заман талабына сай ауысады және ол уақыт өлшемдеріне тәуелсіз
Материя әр алуан	Ақпараттардың тегі бірдей
Материалдық болмыс	Рухани болмыс негіздеріне сүйенеді
Сезімдік таныммен де қабылданады	Ақыл-ой танымы ғана үстемдік етеді
Материалистік позицияны да қолдайды	Тек идеалистік ұстаныммен өмір сүреді

Көріп отырғанымыздай, ақпараттық кеңістіктің философияда тарихи тамырлары терең және біздіңше, физикалық кеңістік пен ақпараттық кеңістік дуалистік сипатта, демек, субстрат және суперстраттық, базистік немесе қондырмалық иерархияда орналаспайды. Көне Грек философы Платон қашанда идеялар әлеміне басымдылық берсе, материализм бағыты материалдық дүниені бастапқы деп санаса, Р. Декарт материя мен рухты қатар қояды. Ал Неміс философы К. Корш әлемді материалдық және рухани деп екіге бөлуге болмайтындығын айта келіп, олардың біртұтас екендігі туралы тұжырымға келеді.

Экклезиастағы: «Бастапқыда Сөз болған» деген тұжырым немесе объективті идеализмдегі алдымен дүниенің жаратылуы туралы идея құдайдың санасында болған т.б. тұжырымдарға сүйенсек, онда ақпараттар басым бағытқа ие бола алады.

Яғни, ақпараттық кеңістіктің түп арғы тарихы мен мистикалық субстанциясы – құдайлық ақыл-ой. Ал бергісі И. Вернадскийдің ноосфера іліміне келіп тоғысады, ол ілімдер орыс космизмінде бірнеше рет дәйектелген еді.

Ол үшін алдымен, философия тарихындағы ақпараттардың бастауларына шолу жасап өтуді жөн санаймыз.

Философияның тарихында психика, сана, жан тек адамдарда ғана емес, бүкіл материяда бар деп санайтын философиялық көзқарастар бар. Бұны «гилозоизм» деп атайды. Гилозоизм – грек тілінен аударғанда «тірі материя» деген ұғымды береді. Мәселен, Д. Скотт тіпті тастар да ойлай алады деп түсінген.

Г.Ж. Нұрышева, Б.М. Аташ сынды отандық философтардың түсіндірмелеріне сүйенсек, олар бұл мәселені былайша қысқаша түрде тарқатып өтеді: «Бұған қарама-қарсы сана адамдардың барлығына емес, тек санаулы адамдардың тобына ғана тән деп түсіндіретін көзқарастар да бар. Сонымен қатар сананың жеке адамдығынан, әлеуметтік деңгейінен де өрлей түсіп, оны тұтас әлемдік табиғи құбылыс деп қарау турасындағы пікірлер де кездеседі. Жартылай мистикалық, жартылай ғылыми болып табылатын ғарыштық сана, ғарыштық эволюция түсінігі бүгінгі танымда маңызды орын алып келеді. Оның байырғы, бастапқы идеялары көне Грекияда – әлемдік

ақыл, нус, логос түрінде айқындалса, көне Үндіде Брахман, Қытайда дао түрінде тұжырымдалған. Әлемдік ақыл (әлемдік рух) – танитын, жарататын, өзінің мақсат қоюынан туындайтын, барлық шындықтың қағидасы ретінде ойлайтын рухани күш.

Логос кейбір мистикалық ілімдерде адам мен құдай арасындағы дәнекер болып табылады. Бұдан әлемдік ақыл түсінігі туындайды да, ол бүгінгі таңда «сана өрісін» діни-мистикалық тұрғыдан таразылауға қарай бағдарланып отыр. Демек, сана да жоғары ғарыштық қабатты арнайы өріс ретінде объективті, адамдардан тәуелсіз өмір сүретін қабат деген ойға келіп саяды» [41,24-276б.].

Осындай метафизикалық пайымдардың, ойлардың нәтижесі бүгінгі күні барынша ғылымиланған формада космизм аясынан табылды. Космизм – К.Э. Циолковский, В. Вернадский тәрізді ойшылдардың ғарыш пен адам бірлігі және оның санасының жеке адамдық қана емес, әлемдік ғарыштық деңгейі туралы философиялық ілім. Бұдан ноосфера туралы ұғым пайда болады. Ноосфера (ноус - ақыл, парасат, спайра - сфера, аймақ деген мағынада) – планетаның адам ақыл парасаты мен саналы іс әрекетті қамтитын аймағы.

Бұл ұғымды Тейяр де Шарден мен Э. Леруа енгізіп, В. Вернадский дамытқан. Ноосфераның мәні – адамзат қоғамының дамуында биосфера ноосфераға айналатындығы, адамның ғарышқа шығуына байланысты ноосфераның өрістеу беталысы жүріп отыратындығымен айшықталады. Мәселен, орыс жаратылыстанушысы, ойшылы В. Вернадский (1863-1945 жж.) жаратылыстану ғылымдарын зерттеу үшін философия мен логикаға және әдіснамаға көңіл бөліп, биосфера биологиялық өмірмен қамтылған жер қабығы, адам дамуы арқылы биосфера біртіндеп ноосфераға, демек, сана өрісіне, ақыл-ой қабатына өтеді, сондықтан ноосферада үздіксіз кеңею процесі бар дей келе, антропокосмизм жүйесін туғызды: табиғилық пен адамилық ғылым дамуының беталысында біртұтастыққа құйылады деп тұжырымдаса, эволюционизмнің көрнекті өкілі Т.Д. Шарден (1881-1995 жж.) эволюционизм теориясын өздігінше дәйектейді: қарапайым материядан бастап күрделену, адам санасының жетілу және ондағы руханилық туралы мәселелерді қозғап, оны эволюциялық, ғарыштық деңгеймен байланыстырады да, универсум құрылымының әрбір бөлшегінде ерекше рухани күш жігер бар, ол – эволюцияның қозғаушы және бағыттаушы күші, ғылым дамуы – рух эволюциясының кезеңдерінің бірі деп түсіндіреді. Кейіннен осы тұжырымдама «тейярдизм» деп аталған.

Ғарыштық философия – адам мен ғарыш бірлігіндегі үйлесімділікті қолдайтын, этиканың да ғарыштық деңгейін ұсынатын Циолковский ұсынған бағыт. Оның түсінігінше, материяның барлық деңгейлері мен формалары жанды, негізінде бір организмнен екіншісіне көшіп жүретін, түрлі айналуларға төтеп беретін, мәңгі өмір сүретін атомдар жатыр. Ғарыштағы атомдар алмасуы барлық саналы тіршілік иелерін әлемдік біртұтастық

жөнінде ойлауға түрткі етеді дей келе, ақылдың жер мен әлемге жауап беретін әлемдік тұтастықтағы орны мәселелерімен айналысты.

Бүгінгі таңда бұл пікірлерді оккультистер, экстрасенстер т.б. пайдаланып, мистификациясыздандырумен шұғылданауда, адам өз тағдыры мен қажеттіліктерін өзі жасайды, себебі, «ғарышқа берілетін тапсырыстар» арқылы кез-келген адам өзінің қалағанын жүзеге асырады деп есептейді.

Кейіннен, XX ғасырда ақылды, логосты, рационалдылықты басымдыққа шығарып, оның физиологиялық-аксиологиялық мәртебесін жоғарылатуға деген келіспеушіліктер бұны адасушылық деп санап, «логоцентризм» деген айып тағады, ол постмодернистік бағдарда анығырақ көрініс тауып отыр.

Ал ғылыми-техникалық прогресс жағдайында кибернетиканың дамуы жасанды ми, жасанды интеллект тудырумен шұғылданып, нақты нәтижелерге қол жеткізіп жүр. Бұнда адам санасы мен ақылын алмастыратын техникалық ми жасау мақсат етілген. Мәселен, «саналы типті» роботтар, жетілген компьютерлер осының айғағы. Қазір мақсатына жете алмаса, әрекетін қайтадан бастап, толық аяқтағанша қызметін бітіріп шығатын роботтар жасақталуда.

Бірақ бұндай жетістіктер мидың тек рационалды жақтарына, стандартты ойлауына ғана сүйенеді, сезім мен шығармашылық ойлауды бұл жасанды интеллект атқара алмайды. Дегенмен, олардың адам миынан артықшылық жақтары да бар. Мәселен, жады, есте сақтау жағынан адам миынан әлдеқайда көбірек ақпараттарды алып жүре алады, немесе таңдау, іріктеу, сұрыптау сияқты операцияларды адамнан әлдеқайда тез, яғни, автоматты түрде атқарады. Жасанды ми адамның басқаруымен, тапсырмалар беруімен дүниені тануға бағдарлана алады. Мәселен, ғарыштық спутниктер адамға ғарыштағы оқиғалар туралы ақпараттар жеткізіп отырады.

Дегенмен, XX ғасырдағы ғылыми-техникалық төңкеріс жаратылыстану ғылымдарында да, әсіресе, биологияда, физиологияда көптеген сілкіністер туғызды. Соның бірі – мидың, сананың, психиканың, ойлаудың өзара байланысы туралы дәстүрлі түсініктер жоққа шығарылуы.

Физик, философ Г. Фоллмер танымның эволюциялық теориясының негізін қалаған еді. Бірақ, Дюбуа-Рейман агностицизмді нейрофизиологиялық тұрғыдан дәйектесе, Дж. Эклз мидың қызметін талдау арқылы психикалық құбылыстардың пайда болуын түсіндіру мүмкін емес, себебі, психика мүлде де мидың қызметі болып табылмайды, ешқандай физиология да, эволюция теориясы да әлемдегі барлық материалдық үдерістерге жат болып табылатын сананың пайда болуы мен табиғатын аша алмайды. Адамның рухани әлемі, шынайы физикалық әлем, мидың қызметі – толықтай бір-бірінен тәуелсіз әлемдер, тек қана белгілі бір деңгейде өзара әрекеттеседі, белгілі бір өлшемде бір-біріне ықпал етеді деген сияқты пікірлерін ұсынды.

Психолог, физиолог Г. Тойбер Дж. Эклздың қойып отырған мәселелеріне жауап бере алмайтындығын мойындаса, У. Пенфильд атты танымал физиолог миға іргелі зерттеулер жүргізіп, нейрофизиологияға айтарлықтай күдікті ой тастады: «сана мидың өнімі болып табыла ма және

оны қазіргі анатомия мен физиология арқылы түсіндіруге бола ма?». Дэвид Хьюбел мен Торстен Визел біздің бас миымыздағы көру қатпарларындағы электрохимиялық әсерлерден алынған ақпараттар көрінетін бейнелер емес, ол үшін сана патшалығына көпір орнатуда тағы «мидың гномигі керек» - гомункулус немесе «мидың көрермендері», демек, мида отырып, алғашқы ақпараттарды рәсімдеп, еске алып отыратын адам керек. Біз жарық пен дыбысты сол қалпында естіп-көрмейміз, есту органдары мен көру торларындағы өтіп отырған құбылыстар психикада бейнеленбеген деген тәрізді идеяларын паш етті. П.К. Анохин орталық нерв жүйесінен сананың идеялары туындап шықпайтындығын дәйектейді.

Ақпараттық кеңістік қазіргі таңда информатика, физика, философия саласында кеңінен қолданылатын түсінік.

Ресей медиа ғалымы И.А. Добровольская ақпараттық кеңістік ұғымын тиянақтап берген еді: «Мемлекеттік және мемлекетаралық компьютерлік желілерді, телекоммуникациялық жүйелер мен ортақ пайдаланылатын желілерді, ақпарат берудің өзге де трансшекаралық арналарын құрайтын ақпараттық ресурстар мен инфрақұрылымдар жиынтығы

- қазіргі дәуірдегі адамдардың дүниетанымын бейнелейтін концептуалды кеңістік

- ақпарат жасалатын, жылжитын және тұтынылатын кеңістік

- ақпараттық революция барысында жетілдірілген коммуникациялық жүйелер мен ақпарат беру тәсілдерінің көмегімен интеграцияланған ұлттық және трансшекаралық ақпараттық ағындар

- тарихи қалыптасқан, құқықтық кепілдіктермен және құралдармен қамтамасыз етілген, тұтынушы үшін барынша қол жетімділікті қамтамасыз ететін адамдардың коммуникациялық қызметінің нәтижелерін жинақтайтын үйлестірілген және құрылымдалған, аумақтық жақын және қашықтағы ақпараттық ресурстардың нысаны [42, 14-23 бб.].

Осыдан ақпараттық кеңістіктің күрделі құрылым екендігін негізге ала отырып, оған құрылымдық-функционалдық талдаулар жасап өтуімізге болады және оны мынадай жүйемен бере аламыз.

Ақпараттық кеңістіктің құрылымы:

1. Биологиялық-генетикалық: а) туыстық қатынастар арқылы берілетін кеңістік; ә) генетикалық кодтардың тасымалдану және оның сақталуы; б) эволюциядағы өлі және тірі табиғат аясындағы өміршеңдік пен сабақтастық; в) физиологиялық форматта берілетін тасымалданушы құбылыс т.б.

2. Физикалық-континуумдық: а) физикалық аура түсінігі; ә) физикалық кеңістік болуы ықтимал арқылы берілетін ақпараттар; б) рухани кеңістікпен салыстырылған өлшемдері; в) бос кеңістік хаосымен идеологиялық хаостың арақатынасы т.б.

3. Психологиялық: а) архетиптер арқылы берілетін ақпараттар; ә) психологиялық аура арқылы сақталатын өзіндік кеңістік; б) ақпараттарды

қабылдау және қабылдамау өлшемдері; в) ақпараттарды есте сақтау мен зейін т.б. г) транспсихологиялық және медиациялық күйлер т.б.

4. Саяси-әлеуметтік: а) идеологиялық кеңістік; ә) көпшілік және теориялық санадағы ақпараттар легі; б) ақпараттық қоғам билігі мен ақпараттар тасқыны; в) тарихтағы ақпараттардың тасымалдануы мен сақталуы; г) ақпараттық кодтар (жасырын шифр, пароль т.б.).

5. Мәдени-рухани: а) мәдени танымдық пен рухани қажеттіліктер аясындағы ақпараттар; ә) адамзат дамуындағы руханияттық қорлар тізбегі; б) құндылықтар дәрежесіндегі ақпараттар (жағымды және жағымсыз); в) адамзаттың танымдық деңгейіне орай, И. Кантша айтсақ, априорлы немесе трансцендетті танылмайтын және әлі белгісіз тылсым ақпараттар. Осы тұста Гартманның таным теориясындағы ақпараттар туралы теориясын айта кетуіміз қажет: танылған, танылуға жататын, танылмаған, танылмайтын.

6. Экономикалық-нарықтық: а) жарнамалар мен сатылатын ақпараттар. Ол жөнінде Д.В. Буянов былай деген еді: «Жарнама-бұл мақсатты аудиторияға оң көзқарас қалыптастыратын және бұқаралық коммуникация жүйесі арқылы таратылатын жарнамаланатын өнімнің бейнесін жасау процесі. Жарнама әлеуметтік-мәдени кеңістікке интеграцияланған, адам қызметінің күрделі, пәнаралық саласы ретінде қалыптасты, оны жасаушылардан үлкен шығармашылық әлеуетті және оны зерттеуге пәнаралық көзқарасты талап етті» [43, б б.]; ә) электрондық жүйедегі ғылыми, саяси т.б. қаражатты түрдегі ақпараттар; б) газет, журнал т.б. ақпараттар беретін туындылар; в) кеңес беретін ұйымдар (консультациялар ұйымдастыратын нотариус кеңселері, тренингтер өткізетін қоғамдық немесе коммерциялық ұйымдар ; г) онлайн түрінде оқыту мен ақпараттар алмасу т.б.

7. Заманауи-ақпараттық кеңістік: а) мессенджер, пиар, лайк т.б.; ә) Фейсбук, Твиттер, ватсап т.б. қарым-қатынас кеңістігіндегі модульдар; б) он-лайн, электрондық пошта сияқты қашықтықтан байланыс жасайтын коммуникациялық құралдар; в) болашақта болуы ықтимал «чиптер» түріндегі рәміздік ақпараттар т.б.

8. Ғылыми-танымдық ақпараттық кеңістік:

а) Ғылымдағы XX ғасырдағы өзгерістер. Нақтырақ атап айтқанда; Информатика ақпараттық үдерістерді жетілдіруді және оның техникалық жүйесін қамтамасыз етуді зерттеумен айналысатын пәндердің тобы. Ақпаратандыру қазіргі ақпараттық технологияларды ғылым мен бүкіл қоғамдық өмірге енгізу және үнемі жетілдіріп отыру дегенге келіп саяды. 1990 жылдар жалпыға қол жетімді интернеттің пайда болуы бұл үдерісті күшейтті. Бұл машинаға сеніп қалуды күшейтіп, адам ізденіс пен өмірлік процестерде белсенділік көрсете алмайтын болды. Соған байланысты адамның жауапкершіліктері де шектелді. Мысалы, авариялар т.б. Мәселені адамның өзі көріп, оны шешу белгілі бір деңгейде шектеледі, оның тек көмекші құрал ғана екендігі ұмыт қалдырылды.

ә) Осындай жағдайларға байланысты ғалымның көпқырлылығын қажет ететін оның келбеті де өзгерді: библиографиялау – мақалалар жариялау,

сілтемелерді дұрыс көрсету, оларды сауатты пайдалану; мәтінмен жұмыс – өзінің мәтіндерін тудыру ғылыми білімнің өсуінің өлшеміне айналып кеткен. Ғалымның жаңалығы тек жарияланып, тексерілгеннен кейін ғана мақұлданады. Сондықтан қазіргі ғылым ғалымдардың мәтіндерінің тұтастанған жинағы гипермәтін ретінде ұғынылды. Ғалымның осындай машықтануы ғылыми сауаттылық ретінде бағаланды. Патенттеусіз ғалымның еңбегі ескерілмей қалатын ыңғайлар байқалды. Бұл плагиат, сілтемені дұрыс алмау сияқты өзара қақпақтығыстар туғызды. Ғалым ұйымдастырушы, менеджер, оқытушы сияқты қызметтерді қоса атқаруы тиіс болды. Ғалым көпшілік алдында сөйлеу, өзінің жобасын түсіндіріп беру сияқты мемлекеттік-саяси сипатты қызметтер де атқаруы тиіс болды. Сондықтан ғалым, жаңашыл, ақпараттанған, қазіргі жағдайға бейімділік сияқты қасиеттерді игеруі тиіс ахуал қалыптасты.

б) Ғылыми жаңалықтар құндылығы. Шындығында, әрбір ашылған ғылым жаңалықтар заман мен әлемнің ғылыми дискурсы үшін құнды мәлеметтер бере алады. Сондықтан да, өркениетті саты бойынша дамуға бет бұрған мемлекеттер қашанда ғалымдарды құрмет тұтып, олардың идеяларын көпшілікке жаратуға, тәжірибелік мақсатта қолдануға, мемлекеттерінің өркендеуіне тиімді тұстарын оңай пайдаланады. Осыған орай, КСРО заманынан қалыптақсан ұғым «Парасатты ортаның шет елге ағылуы» (утечко мозгов) бүгінгі таңда да өзінің өзектілігін жоймайтын құбылыс болып отыр. Демек, қазақстандық ғалымдарды елде сақтау және оларды көтермелеу мен жағдайын жасау, рухани-ғылыми ақпараттардың рационализаторлары ретінде қабылдау, «конструктивті идеялардың генераторлары» ретінде құрметтеу мемлекеттік саясаттың маңызды істерінің бірінен саналуы тиіс.

в) ғылыми ақпараттар тек сол бір халық немесе мемлекеттің мүддесі үшін ғана емес, жалпыадамзатқа қызмет етуі қажет құндылықтар жүйесінен маңызды орын алатын күрделі жүйе. Сондықтан да, ғылыми ақпараттар мен ғылыми қаымдастық қазіргі заманға орай, өзара тұтсасатын заман келіп жетті. Мысалы, 1970 жылдары Италияда құрылған Рим клубы (Медоуз, Печчей, Эллюэль т.б.) адамзаттың құтқарудың форматтарын өздігінше әр түрлі масштабта ұсынды, қазіргі таңдағы «Жасыл экономиканың» негізін қалады. Осыдан-ақ ғылыми ақпараттардың игілігі тек бай-манаптар немесе шенеуніктер үшін емес, жалпы адамзаттың тарихи тағдырын анықтайтын ақпараттар екендігін түйсіне аламыз және оның заманы келіп жетті.

Енді келесі кезекте, ақпараттық кеңістіктің концептуалды жалпы картасын біз былайша тиянақтап ұсынамыз: ақпараттық желілер, ақпараттық қорлар, ақпараттық жүйелер; ақпараттық мәдениет.

Лингвистикалық: Мәтін, Тезис, Тіл мен тілсіз рәсімдер, танымдық құралдар, когнитивті синтаксис (концепттер) т.б.

Диалектикалық: ақпараттық кеңістік динамикалы құбылыс. Ақпараттардың ескіруі, жаңаруы, қайта жаңғыруы, сақталуы мүмкін. Мәселен діни ақпараттар канондалған. Дегенмен, ақпараттар жиынтығы жалпы мен жеке қатынасына орай, «басқа» мен «өзіміздікі» деген пиғылда да

құрылатындығы тарихи шындық, қазірде де солай. Жағымсыз жақтар «Өзге және Ол» болып та бөлінеді.

«Қазіргі уақытта әлем индустриалды қоғамнан ақпараттық қоғамға өтуді бастан кешуде. Өндіріс режимдері, халықтың көзқарасы, мемлекетаралық қатынастар өзгереді. Ғылыми-саяси ортада «ақпараттық», «ақпараттандыру», «ақпараттық технологиялар», «ақпараттық инфрақұрылым», «ақпараттық ресурстар», «ақпараттық нарық», «ақпараттық кешендер», «ақпараттық корпорациялар» сияқты ғылыми- «ақпараттық процестер» және т.б. осы сияқты ұғымдар барынша пайдаланылып келеді.

Бірқатар беделді сарапшылардың пікірінше, бүгінгі күні ақпараттық үрдістер саласында келесі үрдістер байқалады.

Біріншіден, бұқаралық ақпаратқа және насихаттауға дәстүрлі ақпаратты тарататын коммуникативтік үдерістердің көлемі өсіп келеді.

Екіншіден, әртүрлі Екіншіден, әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарының араласуы байқалады. Олар: медиа-баспа, дыбыстық, визуалды және тағы сол сияқты интеграцияланған байланыс жүйелерінің пайда болуы.

Үшіншіден, ұқсас үдерістер бұқаралық ақпараттық процестердің деңгейінде орын алады. Бұл жерде жеке БАҚ қана емес, сонымен бірге медиа жүйелер деп аталатын ақпараттық кешендер орналасқан.

Қоғамды жаһандық ақпараттандыру нәтижесі – бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру.

Айта кету керек, бүгінгі күні «ақпараттық кеңістік» қатаң анықтамасы қарастырылмаған. Осы уақытқа дейін «ақпараттық кеңістік» сөзі кеңінен қолданылғанымен, ғылыми тұжырымдама ретінде толық қарастырылмаған. Тұтастай алғанда, бұл тұжырымдама метафора ретінде пайдаланылады деп айтуға болады, бірақ қатаң ғылыми термин» [44,29 б.].

Бұл ұғымның мәнін толығырақ ашу үшін психологияда, философияда да «Бөтен» немесе «Өзге», «Мен емес» сияқты ғылыми айналымға енген түсініктер қолданылады. Төзімділіктің «Бөтен» жағдайында әр түрлі тәсілдер жүзеге асады деп айта аламыз. Мәселен, бөтенді қудалап, мәжбүрлеп, қинап барып келісімге келуге ыңғайлау; Бөтенге қатты жаза қолдану арқылы еріксіз түрде құрылған келісім; Бөтенді мойындап, онымен бейбіт қатар өмір сүру; Бөтенді бағалап, оның жеке құндылықтарына да құрметпен қарау; Бөтенді Мен, Өзім ретінде тең қатарға қою; Бөтенді өзінің мүддесінен, Меннен жоғары қою. Бұл психологияда альтруизм деп аталады: «Альтруизм — өзінің жеке мүддесін екінші жоспарға шығарып, өзгелердің қамын ойлау» [40, 140 б.]

Философ Дж. Мид пен психолог Г. Блумер де «өзіміздікі және бөтен» деген қарсы ұстанымдарды төзімділікті зерттеудің негізі деп санайды [45,16 б.].

Тұлға бойында толеранттылықты психологиялық тұрғыдан зерттей келе Е.Ю. Клепцова төзімділікті басқаға қызығушылық таныту, оны түсінуге ұмтылып, онымен жақсы қатынаста болу деп түсіндіріп, өзара әрекеттесу дейді [46, 3 б.]

Н.М. Лебедева, О.В. Лунева, Т.Г. Стефаненко: «Қандай да болмасын, белгілі бір мәдениет өкілінің басқа мәдениет өкіліне жағымды көзқарасын сақтап, өзіндік ділін сақтай білуі – толеранттылықтың басты сапасы», -деп тұжырымдайды [47, 56 б.]. Демек, ақпараттық кеңістік те қазіргі таңда бөтен,

Өзіміз сияқты құрылымдар БАҚ-тарға байланысты. Осы тұста ақпараттық кеңістік ажырайды және бірігеді.

Заманауи әлеуметтің ақпараттық кеңістіктегі қалыптасуы, басталуы қызметтің барлық саласында тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің ақпараттық қажеттіліктерін толықтай қамтамасыз ететін тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартатын қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыратын телекоммуникация есептеу техникасын енгізу негізінде мемлекеттегі әлеуметтік-саяси қатынастардың тұрақтануына жәрдемдесетін ақпараттандырудан басталады. Осыған орай, біз, ақпараттық капиталды ақпараттандырудың табыстылық көрсеткіші ретінде қолдануды ұсынамыз. Өз кезегінде, ақпараттық капитал біздің ойымызша ақпаратты кеңістіктегі әлеуметтік капиталдың бейнесі [48, 36-37 бб.].

«Әлем халқы шекарасыз ақпараттық кеңістікте өмір сүріп жатқандай. Өйткені, ғаламтор ғаламдық ортақ желіге айналғалы қашан. Әр елдің өз ақпараттық кеңістігі болғанымен, ақпараттық кеңістікке деген кең көзқарастың әлі толық зерттелмегенін байқаймыз. Сонда, ақпараттық кеңістік шексіз, әрі әлемдік деңгейде болғаны ма? Ақпараттық кеңістік сондықтан да, бүгінгі ақпараттық қоғамның басты ортасы» [49,4 б.].

Осыдан ақпараттық кеңістіктің жалпы болмысы туралы философиялық қортындылар жасауымызға болады. Бірінші, тасымалдануы мен берілістері. Кез келген ақпараттар мен мәліметтер, тіпті адамзат тіршілігі ғана емес, бүкіл эволюцияның өмір сүру заңдылығы тасымалдануға арналған және соған тағайындалған.

XIX ғасырдағы немі ойшылы А. Шопенгауэрдің әлемдік ерік теориясы, XX ғасырдағы экзистенциалист Ж.П. Сартрдың «Адамның еріктілік жазасына кесілгендігі», Орта ғасырдағы исламның руханияттық-діни әлеміндегі джабариттердің тағдыр белгілеген адам болмысы т.б. белгілі бір осындай заңдылықтарды мойындау мен мойындамау арасындағы қайшылық емес, түптеп келгенде, барша дүние мен болмыс дамуының өзіндік тәжірибесін адами тұрғыдан қайталаудың мүмкіндіктері деп біле аламыз. Олай десек те, даму мен прогресс тасымалдану арқылы тіршілік ете алады және бар болады. Ол үшін ақпараттар атрибут қана емес, берілуі қасиеті арқылы өздігінен өміршең.

Философиялық тұрғыдан алсақ, егер де адамзат бұл дүниеде жоқ болатын болса немесе жойылатын шаққа жеткен мезетте ақпараттар сақталып қала береді, өйткені, олардың табиғатына беріліс тән. Ол берілістер мәңгілікке тағайындалған. Сондықтан, біз ақпараттардың өзіндік өміршеңдік стимулы тұрғысынан көзқарас жүйемізді тиянақтасақ, тек қана тарих философиясына орай: «Өткен–қазіргі–болашақ» туралы әр түрлі парадигмаларда ғана ойлай аламыз. Осы мәселені отандық философ

Б. Сатершинов былайша априорлы-апостериорлы мағынада тұжырымдайды: «Осылайша «өткен шақ – осы шақ» оппозициясы өзінің «осы шақ – болашақ», «өткен шақ – келешек» сынды модификацияларына ие болады» [50, 67 б.]. Ұмытылатын ақпараттар мен сақталатын ақпараттар осы жүйеге қатаң бағынады.

Сақталатын ақпараттар тарихи-әлеуметтік негізде өзіндік болмысымен айшықталып қана қоймайды, тасымалдану қызметін де атқарады. Ақпараттардың сақталуы тек жазба мәдениетке ғана байланысты емес, Гуссерльше айтсақ, өзіндік танымдық интенциясымен танымалданады. Берілістер мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ете отырып, адамның өзін-өзі тануының перфекционизмін жалғастырады және өзін түсінумен танымдық деңгейін ажарыта алады.

Сократ айтқандай, «Өзінді өзің таны» афоризмі ақпараттардың берілістерінің субстраттық өлшемдерін құрай алады. Өйткені, адам, шындығында бәрін өзінен бастауы тиіс және ол өзімен аяқталады. Осыған орай, біз Сократтың даналық сөзін саралап және ойымыздың деңгейіне орай толықтырып өте аламыз: «Ақпараттарды қабылдау, сезіну, түйсіну мен бере алу жеке тұлғаның өзіндік шынай болмысына байланысты».

Жоғарыда келтірілген, Ж.П. Сартрдың адам өзін-өзі айқындайтын және өзін-өзі қалыптастыратын болмыс екендігін негізге алсақ, онда ақпараттық жан иесі тағы да өзін-өзі қайталайды. Демек, адам болмысы ішкі дүниесінің тылсымымен өзін-өзі үнемі қайталайтын туғаннан өлгенге дейінгі уақыт аралығы. Бұл да ақпараттардың берілісі мен тасымалдануы болып шығады. Неліктен, біздің немесе басқа да халықтардың ата-бабалары жері мен елін қорғау үшін соғысты, «Жан пиде» ұстанымын өмірлік қағида ретінде қабылдады. Бұл түптеп келгенде, ақпараттардың берілісінің сақталуы. Мәселен, қазақ халқында: «Өсиет қалдыру», «Аманаттау», «Ақыр сөз», «Дат айту» деген сияқты ұғымдар бар. Демек, олардағы ақпараттың тасымалданудың мәңгілікке жолданған хабарларын бақилыққа сақтаудың өзіндік өмірмәнділік тұғырлары екендігін байыптай аламыз.

Артур Шопенгауэр өзінің теориясында «ерікті» әлем заңдылығы ретінде пайымдайды. Дегенмен, ол ерік адамзат дамуындағы заман шындығын айқандап бере алатын дүние дамуындағы ақпараттық желілер. Қазіргі таңдағы жаратылыстану ғылымында, оның ішінде физика ілімінде голограмма сияқты түсінік белең алып келеді. Голограмма ақпараттардың визуалды және аудио табиғатын қамтамасыз ете алатын табиғи-ғарыштық құбылыс. Әрине, ол құбылыс табиғи берілістерді бұлжымастан қамтамасыз ете алады. Ал әлеуметтік берілістер ақпараттар адамзаттың танымдық деңгейіне сәйкес өзгеріп те отыруы ықтимал. Оны жоғарыда келтірілген, әлеуметтік мифтер туралы зерттеген ғалымдардың пікірлерлері айғақтай алады.

Біздің әлеуметтік философиялық зерттеулеріміз натурфилософиядан ажырай алмайды. Өйтсе де, бұлар бір философия саласы болғанмен, екі арнада өзіндік айырмашылықтары мен ұқсастықтары да бар. Нақтырақ

айтсақ, натурфилософияға сай келетін голограмма қазіргі таңда танымдық және өмірлік тәжірибе айқындағандай, адамдардың тұлғалық болмысы мен өмірін зерделейтін «Чиптарға» айналып келеді. Міне бұл да ақпараттық берілістердің тиімді тұстары мен қырлары. Әрине, оның жағымды және жағымсыз жақтары да бар.

Бұл мәселе, адамзат дамуындағы жаһандану құбылысымен де тікелей байланысты. Жаһандану қатері туралы пайымдауларға шолу жасап өтсек, зерттеушілердің кейбірі мынадай тұжырымдарға келеді:

«Жалпы қауіптіліктер:

1. Жаһандану үрдісі дүниежүзі халықтарының органикалық бірлікке дейін ұштасуына қарай жетелегендіктін, тұтастықтың құрамындағы бір бөлшектің бұзылуы басқа да бөлшектердің бұзылуына септігін тигізеді. Мәселен, экономикадағы еуропадағы дағдарыс қазіргі таңда әлемге ықпал етіп отыр. Белгілі мемлекеттегі дағдарыстар тұтас кеңістік аясында өзгелерге де айтарлықтай кері әсерін тигізеді деген сөз.

2. Қашанда алып организм тез қозғалуға бейім емес, мобильділігі кей жағдайда төмендейді. Мәселен, артта қалған мемлекеттердің жағдайын арттыру шаралары, белгілі бір деңгейде, өркениетті мемлекеттердің интенсивті дамуын тежеуі ықтимал.

3. Жеке мәдениеттер мен ұлттық құндылықтардың құлдырауына алып келуі ықтимал. Мәдениеттер сұхбаттастығы белгілі бір деңгейде мәдениеттердің бәсекелестігі мен күресі болып шығады. Сондықтан да, мәдени бәсекелестікте әрбір локальді мәдениет өзінің қорғаныш тетіктерін іске қосып, одан әрі күшейе түсуі де ықтимал немесе жұтылып кету қаупі бар. Мысалы, қазір еуропа елдерінде мультикультурализмге деген қарсы көзқарастар пайда болды.

4. Жаһандану тұсында «бұрыс» немесе «теріс», «игілікті» немесе «игілікті емес» кейбір құндылықтар жалпыдүниежүзілік сипат алып, сүзгісіз жалпы адамзаттық құндылықтарға айналып кетуі де мүмкін, бұл инерцияны тоқтату қиынға соғуы ықтимал. Мәселен, жаппай компьютерлендіру, жаппай ақпараттық желілердің санын арттырып, оған деген құлшыныстарды күшейту т.б.

5. Ғаламдық мәселелерді шешу барысында көптүрлі көзқарастар бір келісімге келе алмай қалуы мүмкін. Мәселен, экологиялық мәселені бір тарап былай шешуді ұсынса, екінші бір тарап оған келіспей басқаша бір тәсілін ұсынуы ықтимал.

6. Діни еркіндік, радикалық гендерлік т.б. салдарынан екі өзге ұлттардың некелесуі, миграциялар мен иммиграциялар, таланттардың елден кетуі, индискриминация т.б. әлемдік космополитизмнің орнауына алып келуі ықтимал. Бірақ бұны ешбір ұлт қаламайды десе де болады, дегенмен, кейбір футурологтар болашақта ұлт деген болмайды деген сияқты көзқарастарын ұсынып жүр.

Жеке қауіптіліктер:

1. Белгілі ұлттық құндылықтарға жалпыадамзаттық немесе өркениеттік деп атап жүрген құндылықтар үстемдік етіп, әрбір ұлттың жеке даралығына нұқсан келтіруі ықтимал. Мәселен, гендерлік саясат жаһанданудың ықпалы арқылы әлемге тез тарап келеді. Бірақ ол әрбір ұлттың өзіндік ерекшеліктеріне, таным-түсінігіне, діліне сай құрылмай қалуы мүмкін.

2. Барлық салада, әсіресе, экономикада әлемдік бәсекеге қабілеттілік жағдайында, белгілі бір мемлекеттің экономика саласындағы кейбір буындар бәсекеге төзе алмай құлдырауға ұшырауы ықтимал. «Қатал ішкі нарықтың заңы» «Қатал жаһанданудың сыртқы заңына» қарай ауысады деген сөз.

3. Қазіргі ақпараттық соғыс пен идеологиялық күрес аймағында белгілі бір мемлекеттің идеологиясына басқа идеологиялар үстемдік етіп, оның қондырмасы әлсіреп, мемлекеттік қауіпсіздікке зиянын тигізуі ықтимал. Демек, кез келген мемлекеттің әлсіз, қуатты емес, ықпалдық күші төмен идеологияларын жаһанданудың ықпалды идеологиялары басып тастауы мүмкіндігі.

Дегенмен, бұндай жағымсыз жақтарымен қатар жаһанданудың көптеген мемлекеттер үшін оңды, жағымды, тиімді, пайдалы тұстары да бар екендігі сөзсіз. Бұл жөніндегі мәселелер келесі тарауларда арнайы сараланатын болады. Сонымен қатар, бұндай қауіпсіздік жағдайлар мен жаһанданудың жағымсыз ықпалдарын Қазақстанға қатысты тұрғыдан келесі тарауларда таразылайтын боламыз. Жалпы алғанда, жаһандану құбылысының жағымсыз қырларын саралау одан үрейлендіру, қол үзу, абсолютті жоққа шығару емес, кез-келген мәселеге рационалды көзқарас тұрғысынан қарап, болашақтағы қауіп-қатерлердің алдын-алу үшін де аса қажетті зерттеулер болмақ»[51, 64-66 бб.].

Ал отандық ғалым Қ. Қалдыбай ұлттық қауіпсіздік жағдайындағы ақпараттық қауіпсіздіктің де маңызды екендігіне баса көңіл аударады: «Ақпараттық қауіпсіздік. Барлық кезеңдерде ақпараттың ерекше рөлі болды. Қазіргі заманғы қоғам үшін ол маңызды экономикалық құрал әрі ресурс болып табылады. Сонымен бірге, ақпарат – адам, қоғам және бүкіл әлемге ықпал жасаудың ерекше құралы саналады. Бұл тұста ұлттық қауіпсіздік арасындағы ақпараттық қауіпсіздік ерекше мәнге ие деп ойлаймыз. Әсіресе, ақпараттық-идеологиялық және ақпараттық-техникалық ықпалдар легінен сақтану өте маңызды.

Жалпы ақпараттық қауіпсіздік ұғымы өзінің қолданылуы ерекшеліктеріне қарай бірнеше қырынан қарастырылады. Негізінен азаматтар, ұйымдар, мемлекет мүдделеріне сай қоғамды қалыптастыру және дамыту ақпараттық ортаның қорғалу ахуалын көрсетеді. Ал, ақпараттық орта өз кезегінде ақпаратты дайындайтын, өзгертетін және пайдаланатын субъекттер қызметімен тікелей байланысты.

Сол себепті, ақпараттық қауіпсіздік – ақпарат құпиялылығын, тұтастығын және қол жетімділігін қорғау болып табылады. *Құпиялылық*: тек өзін ашық көрсететін пайдаланушыларды ақпаратқа қол жетімділігін қамтамасыз ету. *Тұтастық*: ақпаратты өңдеу әдістерінің толықтығы және

нақтылығымен қамтамасыз ету. *Қол жетімділік*: өзін ашық көрсететін пайдаланушылар белсенділігіне байланысты ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз ету.

Сондықтан ақпаратты қорғауда мынадай мақсаттар назарға алынуы керек: орталықтандырылған ақпарат; қауіпсіздік саясатына сәйкес жоспарланған қорғаныс; өзгелер қызығушылығын тудыратын нақты және мақсатты ақпараттық ресурстарды айқындау; қызмет белсенділігін арттыру; қорғау бағдарламаларының сенімділігі және әмбебаптылығы; өзге ұйымдармен салыстырғанда оның бөлектігі; ашықтығы; экономикалық жағынан тиімділігі» [52, 27-29 бб.]

Бұл бір қырынан саяси мәселе болғанмен, ақпараттар болмысындағы тұтастықты құрайды. Әрине, әлем үшін жағымды-жағымсыз, тімді-тиімсіз деп бөлінетін ақпараттар болмайды. Ал адамзат қоғамы менбелгілі бір этнос, ұлт, мемлекет үшін бұндай дихотомиялар керек де есептейміз.

Ендеше, ақпараттардың әлеуметтік болмысы оның жағымды және жағымсыз екендігімен де өлшенеді. Бірақ оларды өлшейтін нақты барамотерлік құралдар жоқ, болса да ол қоғамдық пікір мен ата-бабамыздан қалған ақпараттық кодтардың жиынтығы мен олардың ережелерінің шешімдерімен тиянақтала алатын тәрізді.

Философияда мәтіндер туралы зерттеулер әсіресе, XX ғасырда белең алды. Атап айтсақ, тіпті нақтыландырсақ, бұл кезеңдегі философия мәтін мен ақпараттарға аса көбірек көңіл бөлді: феноменология, герменевтика, лингвистикалық философия, постструктурализм т.б. шынтуайтқа келгенде, ақпараттардың тасымалдануы мен берілуі туралы базистік, субстраттық мәселелерді толғады. Сондықтан мәтіндер басты орынға шығарылды. Постструктуралистік бағыттың кейбір өкілдері әлемнің мәтіндерден құралғандығын баяндады және оның философиялық тұрғыдан тереңірек зерделеді.

Олардың түсінігі бойынша мәтіндер өздігінше жеке болмыс емес, адам санасының туындылары босла, біз бұрынғыша түйсініп жүргендей, идеалистік позиция болып шығады. Қазіргі таңда бұндай түсініктер маңызын жойғандығы баршамызға белгілі.

Неміс философы Г. Гадамер өзінің «Сұлулықтың өзектілігі» (Актуальность прекрасного) атты еңбегінде мәтіндер герменевтикалық талдау негізінде бастапқыда көне жазбаларды түсіндірумен шұғылданса да, кейіннен әрбір ақпараттарды талдайтын нақты мәліметтер бере алатын ғылыми әдіснама ретінде қабылдауға болатындай ғылыми тәсілдер мен амалдардың бірі болып та танылды. Демек, мәтіндердің жиынтығы немесе жекелеген мәтіндер оның түсінігі бойынша үнемі түсіндіруді қажет ететін ақпараттардың өзінің сұранысы деуімізге болады.

Ақпараттық қозғалыстың динамикалы және әрқилы екендігі хақында ой тарқатқан ойшылдардың бірі Гадамер «герменевтикалық шеңбер» ұғымын негіздеді. Яғни, кез келген мәліметтерді түсіндіру мен ұғыну өзін-өзі қайталайтын бірегейліктің кодтары болып шығады. Олай болса,

қайталанатын ақпараттар диалектикалық логика бойынша дәл соның өзі емес, өзімен танымал болса да, ауысатын және өзгере алатын рухани болмыс әлемнің құбылуы болып шығады.

Ал егер де Гуссерльдің таным теориясына сүйенсек және оның негізге ілімдерін жалпылама түрде жоспарласақ, негізгі ғылыми зерттеу аймағымынадай тың түсініктер мен ұғымдарды жинақтайды: интенция, интуиция, экстазды т.б. жағалайды. Бұл тұстағы Гуссерльдің ұтымды тұсы ақпараттардың адам санасымен байланысты екендігі және психикамен тығыз қатынаста болатындығы туралы байыптағандығы [53, 277 б.].

Немесе, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында пайда болған тілдік философия, ғылыми еуропалық тілмен сараласақ, «лингвистикалық философия» өзінің жаңа туындыларын жариялады: Мур, Витгенштейн, Рассел, Остин т.б.

Олар тілдің негізгі ақиқатты тікелей бере алмайтындығын және ауытқулар тілден туындауы ықтимал екендігін түсіндіріп өтті. Оның тарихи танымдық тамырлары тереңрек. Көне Қытай философтары Мэнь-Цзы мен Сюнь-Цзы «заттардың атаулары өздеріне сәйкес келе ме» деген сауалдар жөнінде философиялық пікірталастар ұйымдастырғандығы баршамызға белгілі. Ал жаңа заман ойшылы Ф. Бэкон өзінің елестер туралы теориясында «Базар елестерін» туындатты, оның мағынасы, біздіңше сөздерді дұрыс қолданбаудан болатын қателіктер.

Көріп отырғанымыздай, ақпараттық кеңістік лингвоанализдік масштабта әр түрлі адасуларға да тап болуы ықтимал. Олай болса, ақпараттық кеңістіктің болмысы табиғаты жөнінен таза абсолютті ақиқатқа сай келуі мүмкін емес. Оны жоғарыда атап өткендей, әлеуметтік мифтерден де байқауға болады.

Ендеше, тезистер нақтырақ айтсақ, қысқаша мағлұматтар, сол беріліп жатқан ақпараттардың шынай бейнесін толықтай бере алмаса да, өзіндік пайым негізіндеасиарын терең түсіну туралы ойтолғамға жетелейді, әрине, ол әркімнің ойлау жүйесі мен танымдық деңгейіне қатысты. Ол өз алдына бөлек мәселе. Бірақ тезистер ақпараттарды жинақтап бере алуға болатындығын, тиянақтап, жүйелеуге мүмкіндік бар екендігінің өзіндік логикасын бере білді. Жоғарыда айтылғандай, ғылыми ақпараттардың ішіндегі маңызды сәттер мен керекті мағлұматтар қашан да құнды, дегенмен, олардың тезистер түрінде таңдап алу мен ажырату ғылыми кеңістіктің ғана емес, тұрмыстық мәселенің де маңызды буындарының бірі деп айта аламыз.

Лингвистикалық философия, Мурдың айтуы бойынша, тіл ақиқатты тікелей бере алмайды, кейіннен, оны постмодернизм бағытындағы симулякр түсінігі анықтап бергендей болды. Адамзаттың танымы қашанда симулякрлармен біте қайнасқан, сондықтан, астарлы ақиқат сол астарлы күйінде қалады, бірақ оған постмодернизм немесе симулякрлық ой жеткізу мен әрекеттер нақты талаптар қойғандығы үшін «кінәлы» емес.

Ал концепттер жинақталған, нығыздалған ақпараттардың қысқаша нұсқасы екендігі ғылыми кеңістік аясындағы қоғамдық-гуманитарлық салада

қазіргі таңда маңызды болып отыр. Шындығында, ақпараттық кеңістікте, концепттер, әсіресе, когнитивті лингвистика соңғы уақыттарда айналысып жүргендей, мағлұматтардың мәнді мәселесіне айналды. Кезінде тарихи даму эволюциясындағы адамзаттың руханияттық таным аймағында әр түрлі рәміздер мен аллегориялар құрылған еді.

Философ Ф. Ницшенің «Мәңгілік қайта оралу» туралы идеясын еске алсақ, қазіргі таңдағы концепттер мен рәміздер сол көне дәуірдегі рәміздерді циклды түрде қайталап тұрған тәрізді болып көрінеді. Біз мысалы, бүгінгі таңда неліктен көгершіннің бейбітшілік рәмізі екендігін, ай мен мүйіздің арақатынасы қайдан туындағандығын, адамзаттың аққуды қастерлеуінің бастапқыда қалай туындағандығын т.б. толықтай ғылыми тұрғыдан негіздеп бере алмай келеміз. Олай болса, көне дәуірден сақталып келе жатқан рәміздер бүгін де жалғасын тауып келеді. Әлеуметтік мифтер сияқты рәміздік белгілер де сақталатын жасырын ақпараттардың сакральділік сипатына ие бола алады. Қарапайым мысал келтірсек, Қазақстандағы елтаңбадағы жылқының мүйізі неліктен тұр? деген сауал туындайды.

Қазіргі таңдағы ғылыми таным мен көпшілік сана деңгейі сол жылқыда мүйіздің болуы мүмкін емес екендігін анық байыптай алады. Бірақ ол рәміздерде бар. Себебі, ол өткен дәуірдегі танымның ақпараттарын жинақтайтын тарихи үрдістердің келбеті мен болашағы.

Ақпараттық кеңістік пен рухани әлемнің болмысы негізінен алғанда біртұтас. Жеке мен жалпы қатынасының логикасына сүйенер болсақ, рухани мәдениет пен ақпараттық кеңістіктің қайсысы жеке, қайсысы жалпы екендігі туралы екіұдай парадоксты пікірлер туындайды. Бірақ біздің зерттеу тақырыбымызға орай, ондай қайшылықты пікірлерді шешуді біз мақсат ете алмаймыз.

Рухани әлем жалпы философияды рухани болмыс ретінде ұғынылады. Ол мәңгі немесе мәңгі емес екендігі метафизикалық мәселелер болып табылады. Ал ақпараттық кеңістік метафизикалық мәселеден алшақтау. Екіншіден, рухани әлем көне дәуірдегі ойтолғамдардың түзілімдерінен құралған болса, ақпараттық кеңістік соңғы жылдары пайда болған ұғым. Үшіншіден, егер де олар бірін-бірі қайталайтын болса, онда бір ұғымды екіге ажыратудың қаншалықты қажеттігі бар. Бұл кейінгі зерттеуші ғалымдарымыздың объектісі болуы ықтимал. Дегенмен, біздіңше, ақпараттар таным теориясына сәйкес жаңаша түсіндірмелер мен ғылыми көзқарастарды толығырақ ұғындыру үшін ұсынылған термин немесе ұғым деп айта аламыз.

Рухани болмыс бірегейлігі тұрғысынан өздігінен қастерлі және қасиетті сипат алатын құбылыс. Себебі, адамзат эволюциясындағы орнының көп жағдайда эмоционалдық және парасатты қырлары бар. Ал, ақпараттар тек рационалды мағына жамайды. Сондықтан да, ақпаратты қоғамдағы мағлұматтардың құндылығы туралы пайымдаулар оған тек логоцентристік пайымдауларды таңа алады.

Қарапайым өмірден мысал келтірсек, қайтыс болған адам немесе қайғылы жағдайға душар болған жанның жағдайын туыстарына айтып

жеткізу, қазақтардың дүниетанымында және лексикалық сөздік қорында «Естірту» деп аталады. Ол да ақпарат. Бірақ ол өздігінше эмоционалдық мағына жамайды. Немесе, «Сүйінші» сұрау қуанышты ақпараттарды таратудың дәстүрі көріністерінің бірінен саналады.

Ендеше келесі кезекте, қазақ халқындағы ақпараттардың тарихи-әлеуметтік астарлары мен мағынасы туралы тоқталып өтетін боламыз. Әрине, әрбір халықтың өзіндік салт-дәстүрі мен табиғи болмысы да әртүрлі болғандықтан, олардың өмір сүру тәсілдері мен тұрмыс қалпы да сан қилы екендігіне байланысты ақпараттардың тасымалдану жолдары да өзгеше. Дегенмен, біз зерттеу тақырыбымызға орай, Қазақстандағы ақпараттық-кеңістіктің тарихи негіздеріне тоқталып өтуді жөн санадық.

1.3 Қазақстандағы ақпараттандыру жүйесінің тарихи-әлеуметтік алғышарттары мен эволюциясы

Ақпараттардың алмасуы мен өміршеңдігі адамзат эволюциясындағы үздіксіз-үздікті үдеріс. И. Пригожин мен И. Стенгерс айтқандай, әлемнің даму заңдылығы өздігінен ұйымдасатын жүйе болса, мәліметтердің бастапқы сатысы мен кейінгі даму жүйесі де өздігінен қабылданады. Ол әрбір этнос пен ұлттарға қатысты өзіндік спецификаны жамайды. Бұл тұста, біз қазақ халқының ақпараттық аймағындағы дамуының мағынасына тоқталып өтетін боламыз.

Қазақтардағы ақпараттардың тоғысуы мен түйісуінің де өзіндік заңдылықтары бар. Өйткені, тарихқа жүгінсек, мыңдаған жылдар бойы сақталған түркілік рух қазіргі таңда да өзінің жасампаздық келбетін сақтап келеді. Соның барлығы шындап келгенде, ақпараттардың алмасуы мен танымдық деңгейдің өзіндік келбетімен өлшене алады.

Біз білетін тарихтағы «Жібек жолы» орта ғасырларда ғана емес, одан да бұрынырақ болған болуы ықтимал. Бұл жол мәдениеттер сұхбаттастығы бола отырып, ақпараттық кеңістікті кеңейте түсудің өзіндік парадигмаларын құра білді. Кейбір зерттеушілер атап өткендей, ол тек сауда-саттық қана емес, мәдени сұхбаттастықтың қазіргіше айтқанда, жаһанданудың ерте үлгісі, ал еуропалық үлгіде таратсақ, ол преджаһандану немесе протожаһандану еді. Осыған сәйкес түркі даласында ақпараттық кеңістік белгілі бір деңгейде бұрыннан-ақ қалыптасқан деп айта аламыз.

Арғықазақтар көшпенді өмір сүргендігі туралы тарихи ақиқаттар бар және оның да астары күмәнді. Олай тарихи ақиқатқа верификация жасау қиын істердің бірі. Біздің тарихи айғақтар бойынша түркі-қазақ халқында жазба және ауызша мәдениет қатар дамыған. Оған көне ғұндар, сақтар, ұйғыр т.б. жазулары куә бола алады, кейіннен, көне түркі жазба ескерткіштері мен орта ғасырда өмір сүрген М.Қ. Дулати, Ж. Баласағұни, Әл-Фараби сынды ойшылдардың жазба мәдениеті т.б. дәлел бола алады.

Осыған орай, біз «Қазақстандағы ақпараттандыру жүйесінің тарихи-әлеуметтік алғышарттары мен эволюциясы» деп аталған бөлім бойынша,

алдымен, ауызша мәдениеттегі ақпараттардың сақталуы мен оның негізгі сипаттары туралы баяндап өтетін боламыз.

Ауызша мәдениет тарих сахнасындағы өркниеттің артта қалған көрінісі емес, ол тарихи жадының мәңгілік сақталуының жалпы бағдарлық бейнесі болғандықтан, мынадай ерекшеліктерін атап өткіміз келеді.

Ауызша мәтін үлгілері де өзіндік орны айшықталған кейіннен қазақ халқының өзіндік дәстүріне айналған мағлұматтар жадысының айқын көрінісі ретінде сақталды. Ауызша мәдениеттің өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес, еуропацентрилік көзқарастар тұрғысынан қарасақ, тек жазба мәдениет қана құнды сияқты болып көрінеді. Осыған сәйкес, ауызша мәдениеттің негізгі құндылықтық қырларын былайша анықтай аламыз. Ол біріншіден, адамның есте сақтауына игілікті ықпал етеді, ал жазба дәстүр есте сақтауды жетілдіре алмайды. Сондықтан да халқымызда ауызша айту немесе бірнеше жыр-дастандарды жаттап алу қалыпты жағдай түрінде көрініс тауып отырды.

Екіншіден, ауызша таралған мәтіндер көп жағдайда заманға оңай бейімделе алады. Оларды заман шындығы мен сұраныстарына сай өзгертуге де болады. Мәселен, жазба мәдениеттегі діни ережелер мен канондар мыңдаған жылдар бойы сақталып келеді, оларды рестварциялауға, реконструкциялауға болмайтын бұлжымас қағидаттар ретінде қалыптасып қалды. Ал ауызша түрде таралған аңыздардың, мақал мәтелдердің бірнеше нұсқалары қалыптасқан. Олар кейді дүниетанымның плюралистік сипатын құрайды.

Үшіншіден, ауыз әдебиетіндегі ауызша нұсқалар үнемі өзіндік сана деңгейінде болады. Олар заманның ауысуына орай өздігінен сұрыпталып, сынылап, верификацияланып та отырады. Сондықтан да, егер де қажетсіз деп саналған ақпараттар болатын болса, онда олар өздігінен ақ қоғамдық санадан ығыстырыла бастайды. Әрине, тарихи танымға үңілсек, осында бірнеше ақпараттардың жоғалғандығы белгілі. Немесе, кей сәттерде қажетті және маңызды мәліметтер де жоғалып кеткен сыңайлы.

Төртіншіден, ауызша дискурстар мен мәліметтер өнере де қатысты болып келеді. Мәселен, көне замандағы Қорқыт ата күйлері бүгінге дейін келіп жетті. Ол кездері нотаға түсіру болған жоқ. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауысты. Сондықтан да жазбасыз, нотасыз-ақ күйлер бүгінгі күні де өзінің мазмұны мен мағынасын жоймай сақталып отыр. Ал кересінше, Отырар кітапханасындағы ғылыми, көркемдік, діни әдебиеттегі мағлұматтар із-түссіз жоғалып кеткендігі де тарихи шындық. Қазіргі таңда ол кітапханада қандай кітаптардың болғандығын қайтадан орнына келтіру мүмкін емес. Олай болса, ауызша таралған ақпараттар түркі қазақ халқында ұрпақтардың жадысы арқылы кейінгілеріне беріліп отырғандығы да шындық. Бұл да ауызша мәтіндердің өзіндік бір ерекшелігі деп айта аламыз.

Бесіншіден, ауызша мәдениет барынша өміршең болып келеді, ол өткеннен қабылдап алу мен келер ұрпаққа жалғастыру үрдісімен көрініс табады. Мысалы, қазірге кездегі хакерлік шабуылдар компьютерлік құрылғыларды бұзып, оның ішіндегі ақпараттарды құртып жіберіп те

отырады. Соған қарғанда ауызша тарату үрдісі қазақ даласының кеңдігіне карамастан сақталып отырды және ол бүкіл аймаққа тарады.

Сондықтан да ауызша мәдениет пен ақпараттық кеңістік аясында қазақ халқында, тіл, сөйлеу, шешендік өнер т.б. ақпараттардың адам жадысында сақталуының өзіндік бір үлгілері мен форматтары қалыптасты.

Мәселен, бұл тұста, түркі-қазақ халқындағы тілдің мағынасы мен мәні жөнінде тоқталып өтуімізге болады. Бұл тұстағы тілдің мәні аудио және визуалды сипатта көрініс табады. Дегенмен, екінші бір мистикалық қыры – сөз құдыреті мен оның қоғамдық санаға, психикаға ықпалы болып отыр. Мәселен, қазақтарда «тіл тию» деген ұғым бар.

Тіл тек рухани болмыс немесе қарым-қатынас құралы ғана емес, көпқызметті тылсым құбылыс. Соның бірі – адам психикасына саналы-бейсаналы түрде әсер ететін, идеологиялық ықпал қызметін де атқаратын қуатты вербальді акустикалық түзілім екендігі. Ол түптеп келгенде, сана-сезімге барып байланып қана қоймайды, әсер ету күші жөнінен магиялық-мистикалық сипатқа да өтеді. Бұл экспрессивті бағдар қазақ дүниетанымында, қарым-қатынас мәдениетінде, өмірлік тәжірибесінде өз деңгейінде қолданылған десе де болады. Әсіресе, ол бата, шешендік сөздер, даналық толғамдар арқылы айшықты көрініс тапқан және тарихи тамыры тереңде жатқан тәсіл болып табылады.

Тіл қазақ халқында өзіндік магиялық сипаты бар құбылыс болып табылды. Мәселен, шамандықтан бастап, кейінгі билер институтына дейінгі, одан соң шешендік өнермен жалғасын табатын жүйе т.б. барлығы тілдің өзіндік ықпал ету құндылығына байланысты. Ол ақпараттарды тасымалдау ғана емес, оның санаға ықпалының күшіне де қатысты болып келеді. т

Қазақ даласындағы шаманизм сенімін зерделеген ойшыл Е. Тұрсынов олар зікір салу сәтінде сөз мен іс-қимылдары арқылы санаға сіңіру тәселдерін мегергендігін атап өтеді [54,33-34бб.], Г.Гачев сынды эстетиканы зерттеушілер де шамандардың өзіне-өзі сиқыр жасайтындығын атап өтеді [55, 109б.].

Бұл нені білдіреді? Ақпараттардың тасымалдануы тек аудио түрінде және визуалды түрде жарыспалы түрде жүре отырып, заманға сай қоғамдық сұраныстарды реттейтін ықпалдар арқылы бейсанға де берілетіндігін білдіреді.

Сапар Оспанов өзінің от туралы байыптауында, адамның түнде отпен қарып қатынас аясында өзімен де сырласатындығын атап өтеді [56,20бб.].

«От пен Ой» арасындағы тым көне түзілімдерді тереңірек аңғаруымызға жол ашып береді. Бұл жердегі қазан-ошақ оты күндізгі емес, қараңғыда маздайтын болғандықтан, әрбір шаңырақ бейне бір «магиялық жағдайды» жасап бергендіктен, отбасы ертеңгі күн мен болашағын жақсылыққа балап, тілектерін айтады және сол кездегі ас қайыру сәтіндегі бата осындай жағдайда өтеді. Демек, батаның өзіндік магиясы [57,274б.] мен үй ішіндегі магиялық жағдай тұтасады. Яғни, бата беруші өзінің эмоционалдық күшін пайдалана отырып, Шын ниетімен ойдың мазмұнының

іске асуын жасап шығарады десе де болады. Дегенмен, оның іске асу-аспау дәрежесі бата берушінің ішкі психологиялық қуатына да байланысты болып келеді. Халқымыз сезімдік қуаты мен ықпал өрісі дамыған бата берушіні «аузы дуалы» деп те атаған. Мысалы, Қорқыт ата кітабындағы «ол заманда бектердің ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс еді», «оның аузы дуалы болатын» деген сияқты түсініктер осының айғағы.

Бата беруші тұлға сөз магиясын сыртқы саясаттағы іргелі мәселелерде де қолданып отырған. Билердің толғаулары мен сөздерінің маңызды бір тұсы – бітімгерлік пен елдікке қатысты, сыртқы саясат пен ішкі саясат мәселелерін реттеуге байланысты болып келеді. Мысалы, Қалмақ еліне елші болып барған Қызыбек би оның Бертіс атты ханына былайша қатқылдау үн қатып, жанжалды бітістіріп қайтқан екен:

Біз қазақ деген мал баққан елміз,
Бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
.....Сен қалмақ болсаң, біз қазақ,
Қарпысқалы келгенбіз.
Сен темір болсаң, біз көмір,
Еріткелі келгенбіз.
Қазақ қалмақ баласы...

Осы сәтте Бертіс хан кейіннен көмекшілеріне былай деп тіл қатқан екен: «Бала би бұл сөзді айтқанда сендерге көрінбеуі мүмкін, мені екі иығымнан екі аю келіп келіп басып отырды. Сондықтан, амалсыздан келістім». Бұл да қоңтайшының көзіне екі аюды елестету арқылы өзгені дегеніне көндіру техникасы десе де болады. Осыдан біз, билер тек қана тауып айтушы, қиыннан-қиыстырушы ғана емес, сөз магиясын шебер пайдалаушылар болғандығын аңғарамыз.

Қазақтарда жыраулар тіл арқылы бүкіл елді ұйыстырушылық ұлттық идеяны насихаттап отырғандығын білеміз. Олар да тілді қолдану аясында ақпараттарды санаға сіңіру мен оның ықпалды қырларын жетік меңгерген, әрине, стихиялы түре болса да олардың өзіндік қасиеті болғандығы сөзсіз. Оның бұл тұстағы біздің зерттеу тақырыбымызға қатысты маңызды қырларының бірі – тіл арқылы ақпараттардың таралуы мен ықпал ету күшінің болатындығы және оның басымдылықты болуы. Ол қазақтардың сөз қадірін құрметтей білетін мінез-құлқымен де орайласып жатыр.

«Ұрысқа шығар алдында болатын сөз сайысы – бұл дәстүрлі эпикалық locus. Осыған қарап батырлар жырында магияның нышаны көзделгендігін байқау қиын емес» [57,216б.],-деп тұжырымдаған зерттеуші А.Жақсылықов өзіндік идеяларын тұжырымдайды. Ол тілде, ауызша сөйлеуде энергетизм бар екендігін, оның рухани әлемдегі қарым-қатынастарды реттеуде де маңызды екендігін ба йыштайды.

Қ. Жарықбаев түркі мәдениетіндегі психологияны зерттеу келе, Л. Гумилевтің пікірлеріне тоқалып өтеді, оның тіл туралы пайымдауларының адамға ықпал ету күшін жетік меңгергендігін де зерделейді [58,41б.].

Кейбір зерттеуші ғалымдар ұрысқа қатынасатын идеологтардың, әсіресе, жыраулардың әскерді тұрақты түрде рухтандырушы қызмет атқарып отырғандығын, тіпті сөзбен-жырмен ұрыс магиясын жасаушылар болғандығын да атап өтеді [54,111-112 бб.].

Жыраулар институтының қалыптасуы тым әріден басталғанмен, ол 15-18 ғасырлар аралығында қазақ даласында нығая түсті. Ол жай ғана өлең шығарушы емес, ақын ғана емес, жалпы алғанда қоғамдық өмірде маңызды роль атқаратын идеолог та болып табылады. Оның идеологиясы елдік рухты оятудан бастап, тәлім тәрбиелік және өнегелікті де құрайды. Ол осындай ақпараттарды тарата отырып, бүкіл ру, қауым немесе елдің қоғамдық санасында игілікті идеялар қалыптастыруды көздейді.

Бұны қазақтарда «Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді» деген сияқты мәтелдермен конондайды. Демек, сөздің қуаты жай ғана сөйлемдердің жиынтығы емес, санаға ықпал ететін маңызды идеологиялық ақпараттардың синтезі. «Еттен өткен таяқтан, сүйектен өткен сөз жаман» деген сияқты халық мақалының бейнелік қырынан гөрі, ақиқи жағы мен тура мағынасы басымдау болуы ықтимал. «Көп тілегі көл» деген нақыл сөзде де тілдің ықпал етуші күші туралы мәселе мәтін астарында жатыр. Яғни, игі тілек пен ниеттердің ішкі психологиялық қуаты әлеуметтік өмірде де нақты нәтижелерге қарай ұмтылады. Яғни, тілектің қайталамалық сипатының өзі оның ықпал етушілік гипноздық күшін арттыру үшін қолданылған деп айта аламыз. «Халқымыз тауып айтылған, мезгілінде арнап айтылған сөзді емге, демге, жемге, кеңге деп тегін баламаған. Ағынан жарылып, ашық айтылған сөз, алдымен адамның өзіне ем. Расында шындықты айтып, шындықты айтқан бір серпіледі», -деп тұжырымдалған пікірлер [59,221 б.] де осының айғағы.

Мақал-мәтелдерге тоқталып өтсек, нығыздалған, концентрацияланған, лаконикалық ақпараттардың беріліс тәсілдерін көре аламыз. «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды», «Балалы үйдің ұрлығы жатпас», «Жаман қатын өсекшіл» т.б.

«Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды» деген сөздің мағынасына талдаулар жасасақ, бұл сайын даладағы ақпараттық кеңістіктің стихиялы жән ресми емес үлгілері сияқты. Ол сөздің ғана емес, ақпараттардың тез таралуын білдіреді, екіншіден, ол ақпараттар отыз рулы ел арқылы верификацияланады, сынға ұшырап, өзінің ақиқатына бірегейленеді. Үшіншіден, ақпараттар қашанда таралуы тиіс, берілістермен өмір сүруі қажет. Сондықтан, бұндай берілістер тек жалған немесе өсектер түрінде емес, маңызды құлақтандыру болып та саналады. Әрине, ол кезеңде интернет жүйесі мен басқа да ақпараттық желілер болмаған, бірақ оның қызметіне келіп сәйкестенетін ауызшы қызметтендіру құрылымы мындаған жылдар бойы сақталған. Ең қарапайым түрдегі ақпараттарды тасымалдаудың көне түрлеріне тоқталып өтсек, жау шапқанда берілетін төбе басындағы оттар, пошта қызметін атқарған орталықтар т.б. Мәселен, аттың шапқанынан да жүйрік от жалындар келесі төбедегі дайын от жалынға беріледі, ол

келесіге жолданады, яғни, олар да от жағады, сөйтіп, мыңдаған шақырымға лезде жете алады.

Бізге белгілі тарих бойынша, Шыңғысхан заманында пошта қызметі тәрізді пункттер болған, ол мекендерде елші немесе хабаршылардың мініс аттары шаршап келген жағдайда қосымша дайын аттарды әзірлеп қоятын болған екен. Бұндай пункттер әрбір жүздеген шақырым сайын орналасқан екен. Немесе, қазақ халқының ұғымында осыған сәйкес келетін «Лау» деген түсінік бар. Ол мініс атынан басқа аттарды жетелеп, аты болдырған сәтте тың атты мініп жөнеле беретін дәстүр мен нақты іс-қимыл.

Осыдан ақпараттардың құндылығы сол дәуірде де бағаланған деп айта аламыз. Бұлар физикалық ақпараттардың таралуы, ал психологиялық-идеологиялық ақпараттар басқа мемлекеттердегі, қазіргіше айтсақ, агенттердің жұмыстары тәрізді болған. Оларды тыңшылар деп атаған. Бұлар да аса маңызды ақпараттарды таратушылар.

Мәселен, Ш. Уәлиханов Ресей патшалығына қызмет етсе де, Қытайға барып, тыңшылық қызмет атқарғандығы, барлау жұмыстарын жүргізгендігі белгілі.

«Балалы үйдің ұрлығы жатпас» деген мәтелдің негізгі астарының жағымды мағынасы: берілуі қажетті ақпараттардың тасымалданбауы, сұраныстардың қажеттілігі, өмірмәнділік мәні бар және тек ересектер білуі тиіс деген пиғылдың жариялануы т.б.

Кейбір отандық зерттеушілер, қазақ философиясын зерделеушілер билер, хандар институты былайша саралайды: «Би» құбылысы тарихи-әлеуметтік тұрғыдан мынадай мағыналарға және қызметтерге ие: 1) Саяси қыры – «Бидің» қызметінің басты мазмұны құқықтық кеңістіктегі адам еркіндігі мен еріктілігі, жауапкершілігі мәселелерін қамтып, әлеуметтік реттеушілікке (регулятор) келіп тоғысады. Ол адам еркіндігі мен құқықтарын сақтаушы және жаңашылдық енгізуші, қоғамдық өмірді жаңартушы; бидің қызметі жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар деңгейіндегі: жауапкершілік пен еркіндік, еріктілік пен тәуелсіздік, бостандық пен азаттық т.б. аясындағы күрделі мәселелерді шешудің даналығына келіп тіреледі. Бидің өзі әлеуметтік жауапкершілік пен еркіндіктің қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-саяси тұрғыдан нақты, барынша толыққанды өкілі, өнегесі мен жарқын үлгісі болып табылады.

2) Әлеуметтік жағы – Билер: әлеуметтік әділеттілікті теориялық деңгей-де ғана таразылаушы емес, идеяларды құрғақ сараламайды, оны қоғамдық өмірде қолданып, нақты нәтижелерге қол жеткізеді, үнемі әлеуметтік жан-жал аясында екі ортада қалып қойып, шекаралық жағдайлы күй кешеді де, үнемі өзін-өзі ашу, өзін тануда болады. Ол зиялылықтың үлгісі ретінде тұлғалардың әлеуметтенуінің орталық институты болып табылады т.б.

3) Мәдени жағы – адамгершілік талаптарын қатаң сақтаған, әділеттілік-тің жоғары деңгейіне мүлтіксіз жеткен, ойы мен ақылының ұшқырлығы жетілген, ел ішіндегі кемшілік пен жетістіктерді көре білетін, ханнан да, қарадан та тайсалмайтын, біліктілігі мен білімін ұштастырған тұлға. Ол қазақ руханиятын дамытуға да өзіндік үлесін қосқан айтулы жан. Сондықтан, оның шығарған

шешімдері «Билер кеңесі» (қазіргі парламент сияқты) арқылы ауыздан-ауызға тарап, қазақ сахарасына жайылған, ал жалпы өмірмәнділік мәселелері халық даналығының қоймасына енгізілген, кейбірі мақал-мәтелдерге айналып кеткен. Ата-ананың қадірін, Балалы болғанда білерсің – Шал ақын; Ежелгі дұшпан ел болмас – Бұқар жырау; Алтау ала болса – ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса – төбедегі кетеді – Майқы би т.б.

Билердің толғаулары тек тұрмыстық мәселелерді шешу, сот ісі ғана емес, өмірмәнділік философиялық толғауларға да ұласады. «Дүниеде не өлмейді?» деген ханның сауалына билер: «Ағын су өлмейді, Асқар тау өлмейді, Аспанда ай мен күн өлмейді, Әлемде қара жер өлмейді», - десе, оған Жиренше шешен: «Ағын судың өлгені – алты ай қыста қатқаны. Асқар таудың өлгені – Басын бұлттың жапқаны. Ай мен күннің өлгені – Еңкейіп барып батқаны. Қара жердің өлгені қар астында жатқаны. Ажал деген атқан оқ – Бір Алланың қақпаны. Дүниеде не өлмейді, Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді», - деп жауап берген екен.

Мыңдаған жылдық тарихта шындығында да, кәсіпкерлер мен дәулет иелері, болыстар мен билік иелеріне қарағанда, ғалымдардың еңбектері барынша өміршең екендігі сөзсіз. Немесе, Төле бидің: «Бір бала бар – Атаға жете туады, Бір бала бар – Атадан өте туады, Бір бала бар – Кері кете туады», - деген толғауы да таза өмірмәнділік философия.

Би толғауларының тағы бір қыры – өзара сұхбат, пікірталастыру түрінде болып келеді. Сырым батырдың алдынан шыққан Алдияр би оған қарап: «Қарадан хан болдың, Айырдан нар болдың, Жоқтан бар болдың, Көнеден дәурен озды, Көндей қамқа тозды. Атадан ұл озды, Анадан қыз озды» деген сәтте, Сырым былайша жауап қайырған екен: «Қарадан хан болсам, Халқым қалаған болар, Айырдан нар болсам, Атам жараған болар. Көне-ден дәурен озса, Жасы жеткен болар. Көндей қамқа тозса, дәурені өткен болар. Атадан ұл озса, Еркіндігі болар, Анадан қыз озса, Еркелігі болар». Бұндай пікірталастыру ұрпақтарына берілген сабақ болумен қатар, өздерін одан әрі жетілдіріп отыру үшін құрылған айтыс тәсілі іспетті де болып келеді, екінші бір қырынан қабілеттерін байқасу-сынасу бәсекесі.

Би-шешендердің халық даналығына айналған ойларының тағы бір көрінісі – жұмбақтау тәсілі. Қырғыз Қызылымқарт Жиреншеге кездескен сәтте: «Шешен сізден сұрайын деген бір жоғым бар еді. Он бес лақ, жиырма бес серке, отыз бес орақ, қырық бес қылыш, елу бес егеу, алпыс бес арқан, жетпіс бес шідер жоғалттым. Осыған құлағдар болыңызшы», - деген екен. Сол кезде Жиренше былайша толғапты:

Он бес жас құйын қуған желменен тең,
Жиырма бес дауыл ұрған көлменен тең,
Отыз бес ағып жатқан селменен тең,
Қырық бес аю аспас белменен тең,
Жетпіс бесте көңілің жерменен тең,
Сексенде селкілдеген шал боларсың,

Токсанда толық миың орта түсер,
Жүзінде дүниеден күдерінді үз,
Өлмесең де өліден кем боларсың.

Бала би бір күні қартайған шағында халқын жиып алып, «Жерден ауыр не? Судан терең не? Оттан ыстық не? Көктен биік не?» деген сұрағына ешкім жауап таба алмай, ақыры оған өзі былайша жауап беріпті:

Жерден ауыр дегенім – ақыл-білім.
Судан терең дегенім – оқу, ғылым.
Оттан ыстық дегенім – фәни жалған, адамның өмірі,
Көктен биік дегенім – тәкәппардың көңілі.

Бірде елшілікке келген көрші елдің бір адамын өлтіру туралы сөз болыпты. Үш би оңаша шығып сөйлесіп тұрғанда, Төле көлге қарап тұрып: «Алар ма еді мына көлдің қуын атып?» – дейді. Әйтеке: «Оғың шығын болмасын суын атып», – дейді. Сонда Қазыбек: «Құтыла алмас бәлеге қалып жүрмейік, Құс екен деп перінің қызын атып», – деп сөзді бітіріпті. Бұл жұмбақтаулар тек жай ғана ермек емес, іргелі өмірлік-әлеуметтік мәселелерді шешуге септігін тигізген ұлағатты тұжырымдар болып табылады.

Сондай-ақ ғылыми ойлау жүйесімен көркемделетін тәсілдер де би-шешендердің үнемі қолданатын әдісі болып табылады. Мысалы, мал мен ғылымды салыстырып (яки, байлық пен ғылымды), ғылымның артықшылықтарын біріншіден, екіншіден... деп, тура он мысалмен дәйектеген Әлі шешен оны жүйелеп көрсетіп берген екен: «Малдан ғылым артық. Өйткені ғылым әулие-әнбилердің мирасы, ал мал – перғауын мен Қарынбайдың мирасы; екіншіден, малдан ғылым артық, өйткені ғылым сені сақтайды, ал малды сен сақтайсың; үшіншіден, малдан ғылым артық, өйткені ғылымның досы көп, ал малдың дұшпаны көп; төртіншіден, малдан ғылым артық, өйткені ғылымды жұмсасаң арта береді, ал малды жұмсасаң азая береді; бесіншіден, ғылым артық, өйткені ғылым атақ алдырады, мал шатаққа қалдырады; алтыншыдан, ғылым артық. Өйткені, ғылым өзін-өзі асырайды, ал малды бағу, күту керек; жетіншіден, ғылым артық. Өйткені ол қиялды қамшылайды, шапағат бергізеді, ал мал иесіне сараң деген ат ергізеді; сегізіншіден, ғылым артық. Өйткені ол жоғал-майды. Мал қолдың кірі, өледі, жоғалады; тоғызыншыдан, ғылым артық. Өйткені, ғылым көңілді нұрландырады, адамға ақыл-ой қосады, ал мал масаттандырады, болған үстіне бола түссін деп, дүниеқоңыз етеді; оныншыдан, ғылым артық. Өйткені ғылым құдайға зәһат, таупиық, ғибадат қылады, ал мал иесінің көңіліне тәкаппарлық салады.

Билердің толғаулары мен сөздерінің маңызды бір тұсы – бітімгерлік пен елдікке қатысты, сыртқы саясат пен ішкі саясат мәселелерін реттеуге байланысты болып келеді. Мысалы, Қалмақ еліне елші болып барған Қазыбек би оның Бергіс атты ханына былайша қатқылдау үн қатып, жанжалды бітістіріп қайтқан екен:

Біз қазақ деген мал баққан елміз,
Бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз,
Басымыздан сөзді асырмаған елміз,
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәм-тұзын ақтай білген елміз,
Сен қалмақ болсаң, біз қазақ,
Қарпысқалы келгенбіз.
Сен темір болсаң, біз көмір,
Еріткелі келгенбіз.
Қазақ қалмақ баласы
Табысқалы келгенбіз.
Танымайтын жат елге,
Танысқалы келгенбіз.
...Берсең жөндеп бітімді айт,
Бермесен дірілдемей жөніңді айт,
Не тұрысатын жерінді айт.

Бұнда елдік пен ерлік, батырлық пен жігердің тайсалмайтын рухы жатыр. Сөз саптау да әуелі сыпайы бастап, одан соң бірте-бірте күшейе түсіп, ақыр соңында өзінің бұлардан кем түспейтіндігін, бәсекелесе де, жауласа да алатындығын көрсетіп қоюмен келіп шешімін табады: «Шешендік сөз – тек ауыз әдебиетінің жанры ғана емес, дүние туралы ел байламы, дүниенің тегі жөніндегі белгілі бір тиянақты көзқарастық позицияны арқау еткен тұжырым, әлемді рухани игерудің формасы, басқаша айтқанда, табиғат, адам мен қоғам заңдылықтары туралы болжаулар, пайымдар мен ақыл-ой жиынтығы» [60, 45-46 бб.].

Би-шешендер толғауының құрылымы мен мазмұнының өзі барынша күрделі болып келеді, ең басты нұсқа ойлау ерекшелігі. Бұны «би-шешендер логикасы» деп атауға да болады. Бұл кей сәттерде шарықтау шегінде тапқырлықтың софистикалық (сөздерді ойнату) тәсілдерін де қолданады. Мысалы, бір бала жалданып жұмыс жасап, тапқан ақшасын бір байдан үйіне беріп жіберіп, «өзің де ал, үйдегі ата-анама өзің не қаласаң соны бер» депті. Бай баланың үйіне келіп, «мен ақшаның бәрін өзім қаладым, сіздерге ешнәрсе де бергім келмейді, міне балаң «өзің не қаласаң соны бер» деп жазып жіберді» деп көрсетіп, бір тиын да татырмай кетіп бара жатқан жерінен Алдар Көсе шығып, хатты қайтадан оқып тұрып: «Өзің не қаласаң соны бер депті ғой, егер өзің бұл ақшаның бәрін қалап тұрсаң, онда сол қалаған соманды, енді түгелдей беруге тиісті емеспісің», – деп ақшасын тұтастай қайтарғызады. Осындай басқатырғы ойша алдау тәсілдері әлемдік философияда софистика ілімі ретінде танымал болса, қазақ даналығында, би-шешендерде ол тапқырлық пен ой ұшқырлығы

түрінде қолданылатын тәсіл болған.. Қазақ қоғамында хан мен бектер әлеуметтік мәртебелі тұлғалар болған. Хандық институт тек саяси-әлеуметтік қана емес, қоғам мен адам арасын-дағы, билік пен бағынушы қатынасындағы және жалпы «ұлттық» бірлік пен оның табиғи болмысындағы маңызды буын, әрі үлкен жауапкершілік пен еркіндіктің аймағындағы жан иесін талап ететін үлгі мектебі.

Саяси-әлеуметтік тұрғыдан: Хан – далалық еркіндік пен азаттық рухының жар-шысы және оны тәжірибе жүзінде іске асырудың негізгі орталығы болған. Ал қоғамдағы әрбір тұлғаның еркіндігі шектен шыққан бейберекетсіздік емес. Оның әлеуметтік деңгейде белгілі бір жауапкершіліктермен, түсіністермен, келісімділіктермен шартталып отыруы тиіс екендігінің бақылаушысы да хан болып табылады және осы еркіндіктің мәдени-әлеуметтік мағынасын терең түйсінуші болып шығады. Хан – ұлт азаттығы мен бос-тандық туралы ақпараттық және рухтандырушылық жан иесі және ықпал-дылығы әлеуметтік мәртебесімен айқындалатын дара тұлға, ұлттық бос-тандықсүйгіш дүниетанымды, дала адамының азаттық рухын терең мең-герген және оны бойына жинақтаушы жалқы өкіл. Ол өзінің ішкі рухының асқақтығы мен «Меніне» халқының Рухын жетелейтін жауапкершілікті тұлға және өзі де қару алып жауға аттанған ұлт болмысының жасампаз-дығының куәгері. Бірақ қазақ халқында хан тек авторитарлы билеуші емес, дала демократиясына сай келетін жалпыхалықтық теңдіктің тамаша үлгісі де болған. Ол қазақ қоғамындағы физикалық пен руханилықты біріктірген текті болып саналатын аса мәртебелі адам. Қол бастап, жауға аттануы, ерлік көрсетуі оның физикалық қуаттылығын білдірсе, «Ханда қырық кісінің ақылы бар», - деп тұжырымдалған нақыл сөз оның руханияттық биік деңгейін дәйектеуге арналған» [61, 105-106 бб.].

Міне билер мен хандық дәуірдегі қазақ халқындағы ақпараттық тыныстардың қалай өрбігендігін осыдан-ақ көруімізге болады. Хан мен би болсын, олар ақпараттық қорлардың жай ғана берілісі емес, маңызды және парасатты ойтолғамдарды жарыққа шығаратын субъектілер екендігін көре аламыз. Дегенмен, қазақтардың даналығында ым мен ишаралық ақпараттар да бар.

Мәселен, жуырда түсірілген «Келін» атты б.э.б. II-I ғасырлардағы ғұндардың өмір-тіршілігіне байланысты түсірілген фильмнің бір ерекшелігі ешқандай да аудиоқатынастың болмауы, тек визуалды көрініс үстемдік етеді. Бұл да ым мен ишараның түркі даласындағы ақпараттардың берілісі мен қабылдауының шынайы келбеті іспеттес.

Оның дегенмен, шығыстық терапиядағы медитацияға қатынасы айтарлықтай емес. Осылардың айырмашылықтарын зерделеу мен салыстыру біздің қарастырып отырған тақырыбымызға тікелей қатысты емес.

Келесі кезекте, ақпараттардың биологиялық-генетикалық және әлеуметтік-идеологиялық жақтарын қамтитын шежіре траекториясына шолу жасау қазақтардағы замануи ақпараттық желілердің елесін береді. Мәселен, шежіреге қатысты терек рәмізі ақпараттардың субстраты мен суперстраттарын жамап

кана қоймайды, генетикалық туыстықтың өмір-тұрмыстық мағынасын камтамасыз ететін канондардың мәңгілік жиынтығының айғақтай да алады.

Ым-ишара парадигмасының түркі-қазақ халқындағы тағы бір көрнекті белгісі – таңба, нақтырақ айтқанда рулардың таңбасы. Әрбір таңба бұл тұста концентраттық, демек, сығымдалған рәміздер болып шығады. Ол жөнінде отандық философтар: «Осы рәміздер арқылы біз түркілердің табиғатты, жаратылысты, тіршілік заңдылықтарын терең танып білгенін аңғарамыз. Байырғы жазба ескерткіштердің мәнін аша түсетін сипаттарды атағанда біз олардың түркі өркениетінің белгілері екенін аңғарамыз. Бұл рәміздік концептілер түркі дүниетанымының рәміздік ғаламынан мол ақпарат береді, түркі өркениетінің рухани төл қазынасымен табыстырады. Жоғарыда аталғандардан тіршілік ерекшеліктері мен табиғат құпияларына, аттары айтып тұрғандай әлем қозғалысы мен дамуына байланысты рәміздік түсініктерді жиі кездестіреміз. Бір сөзбен айтқанда қоршаған ортаға, халықтың өзіне тән өмір салтына байланысты рәміздердің қалыптасқанын байқаймыз» [62, 52 б.], – деп пайымдайды.

Сонымен қатар, түркі-қазақ даласындағы табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік бойынша ақпараттардың алмасуының философиялық деңгейін анықтауымызға болады: «Егер де данышпан сөлемесе, онда кім сөйлейді деген сұраққа, көне Қытайдың данышпандарының бірі: Табиғат сөйлейді» деп жауап бергендігі туралы жазба мәдениет емес, ауызша ақпараттар ретінде тасымалданатын аңыздар бар.

Осыған орай, өзінің ішкі сезімін табиғатқа немесе ондағы тіршілік иелеріне жариялайтын көру нүктелерінің фокустары туралы тоқталып өтуімізге болады. Ол барша тіршілік иелерімен тығыз байланыс орнататын және ымдасу арқылы мәліметтер алмасатын терең түсіністіктің көрінісі деп айтуымызға болады.

Махамбет: «Ау, қызғыш құс, қызғыш құс», Қыз Жібек пен Төлеген жырындағы «Әуелеп ұшқан алты қаз» т.б. тірі табиғатпен тілдесу, оған үндеу тастау т.б. барлығы сайып келгенде, осы «Табиғатпен тілдесуге» келіп тіреледі.

Бұл туындының ішкі мағынасын жазушы Н. Ораз былайша терең тебіреніспен ашып көрсетеді: «Ал мынау «Табиғатпен сұхбат» картинасынан алатын әсеріңіз тіпті ерекше. Әсіресе, қаладағы қым-қуат тіршіліктің тынымсыз ырғағынан жалығып, шаршап, өзіңізбен өзіңіз оңаша қалып, тыныстағыңыз келгенде, Керімбай ағаның осы бір картинасына қараңыз. Ашықтау көгілдір түспен бейнеленген тау аңғарынан жанға жайлы, қоңыр саумал леп есіп тұрғандай. Туу сонау биік шындардан басталған жұлге жылғалардан пайда болған кішкентай көлдің арғы басындағы бір-біріне бетпе-бет қарап тұрған қос жартасың арасы тауға қарай өтетін есік іспеттей қуыс. Бер жақтағы қос түп ағаш пен бірі қызыл, бірі ақ атқа мінген екі кісі... Аталған картинаға қарап тұрған сәтте кеуде сарайыңыз ашылып, кең тыныстап, жүйке тамырларыңыз босап, таза ауамен демалғандай рахат бір күй кешесіз. Көгілдір тауларға көз салып, көл жағасында сұхбат құрып

тұрған кісінің бірін өзіңіз сияқты сезінесіз» [63,7 б.]. Осыдан табиғат пен адам арасындағы ақпараттық берілстердің көне мазмұндарын көруімізге болады.

Қорқыт ата туралы аңыздардың біріне үңілсек, ол бабамыз өзінің өлім туралы күйін қобыз аспабында шертіп отырған сәтінде бүкіл жүгірген аң мен мен құс құлақ түріп ұйып тыңдап тұрған екен.

Демек, біздің түркі-қазақ халқының тарихи дәуірі мен руханиятындағы ерекше белгілер осындай параметрлер мен өлшемдер бойынша қалыптасқандығына көз жеткізе аламыз және оның сол дәуірдегі форматтардың дәйекті құрылғандығын көре аламыз, сонымен қатар олардың қазіргі заманға тасымалдануының әлеуметтік форматтарын бағалаймыз.

Жоғарыда айтылғандай, ауызша мәдениет, шежірелер т.б. байырғы заманнан бүгінгі күнге дейін сабақтасқан тарихи-әлеуметтік негіздері бар құрылым екендігіне оңай көз жеткізуге болады.

Бұл тарауда ақпарат, ақпараттық қоғам, ақпараттық берілістер туралы тұжырымдар талданып, өзіндік анықтамалар мен түсініктемелер ұсынылды. Осы тақырып бойынша зерттеген ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, ойлаудың рационалдық деңгейінің өзіндік бағдарларын талдай келе, ақпараттарды қабылдаудың идеялық негіздерін таразылап өттік. Бұл қазақ дүниетанымы негізіндегі мысалдармен түсіндірілді. Ақпараттық кеңістіктің құрылымдық негіздері ұсынылды, ол біздің түсінігіміз бойынша мынадай сатылардан өтеді: биологиялық-генетикалық, физикалық-континуумдық, психологиялық, саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани т.б.

Сонымен қатар ақпараттық қауіпсіздік пен отандық тархнамадағы ауызша мәдениеттегі мәліметтерді тасымалдануы туралы философиялық талдаулар жасалды. Бұл тұста сөйлеу мәдениетінің ерекшеліктері тарихи айғақтармен дәйектеле келе, оның мәні мен мазмұны туралы пайымдаулар жасалды.

2 ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІГІНІҢ КЕЛБЕТІ

2.1 Еліміздегі ақпараттық әлемдегі идеологиялық кеңістіктің негізгі бағдарлары

Қазақ елі XVII ғасырлардағы ғылыми төңкерістен кейін, әлемдік эволюция мен өркениеттік дамудан артта қалып бара жатқандығын түйсіне бастады. Бұл сәйкесінше, ақпараттық ортадағы өзіндік орнын айқындаудың алғышарттарына айналды. Бұндай үрдістердің белең алуы қазақ даласында XIX ғасырда қалыптасты десек те, халқымыздың жалпы психологиясы мен діліне орай, әр түрлі бағдарлар қалыптасты. Кейбір, зар-заман ақындары сынды ойшылдар жалпы адамзаттық қоғам өркениетінің тек жағымсыз жақтарын көре біліп, түркі халқының көшпенді өркениетінің тамамдалғандығын және ұлттық болмысымызға сай келмейтін сырттан таңылған идеологиялардың ықпалы туралы баяндаған еді. Дегенмен, олар бір қырынан ұлттық бірігейліктің сақталуы мен сақталмауы туралы рухани қатерлердің алдын алуды жырлары және өздерінің байырғы дәуірден бері сақталып келе жатқан ұлттық идеясын қуаттады.

Бұқар жырау (1668–1781) өз ойларын былайша түйіндейді:

«Ай, заман-ай, заман-ай,
Түсті мынау тұман-ай,
Істің бәрі күмән-ай.
Баспақ, тана жиылып,
Фана болған заман-ай.
Құл-құтандар жиылып,
Құда болған заман-ай.
Арғымағын жоғалтып,
Тай жүгірткен заман-ай.
Азаматың құлапты
Жұрт талық болған заман-ай.
Арғымақтың жалы жоқ –
Жабылар жалыменен теңелер
[64, 85 б.]»

Дулат Бабатайұлы (1802-1871) өзінің сыни дүниетамын да сипаттайды:

«Қилы-қилы заман-ды,
Заманға сай адам-ды
Салғастырып қарасам
Су мүйіз болған танадай
Шыр көбелек айналам.
Кешегі бір заманда,
Қайран қазақ қайтейін,
Мынау азған заманда
Қарасы – антқор, ханы – арам,
Батыры көсербасы аман,

Бәйбіше – тантық, бай – сараң,
Бозбаласы – бошалаң,
Қырсыға туды қыз балаң..[64, 198-199 бб.].

Бұндай бағыттардың мысалы келесі кезекте, қазіргі заманғы ақпараттық кеңістік аймағындағы кейбір идеологиялардың жағымсыз жақтарының таралу көріністеріне пайдалануға болатындықтан біз бұл жыраулардың толғаулары жөнінде арнайы дәйектемелер келтіріп отырмыз.

XIX ғасырдағы келесі бір маңызды даму бағдарын ұсынғандарды ағартушылар немесе прогрессивті ойшылдар деп атауызға да болады: Абай, Шоқан, Ыбырай т.б.

Р. Досжан өзінің «Мәдени байланыс пен жаңа идеялар (Шоқан, Абай, Шәкәрім философиясы негізінде)» атты еңбегінде ақпараттарды қабылдау мен оны өмірлік тәжірибеде қазақ қоғамының игілі үшін қолдану туралы өз ойларын осылайша жеткізеді: «Бірақ XVII ғасырлардағы Еуропадағы ғылыми төңкеріс көшінен қалып қою мен оған ілісе алмау немесе ілесуді қаламау, ел ішінде ауызбіршіліктің болмауы т.б. қазақ халқын отаршылдық жағдайға алып келді. Соғыс техникасындағы заманы өткен аттылы көшпелі өркениет өзінің өміршеңдігін көрсете алмады, халқымыз бұндай ескі дәстүрлермен өзге халықтар тарапынан жасалған шабуылдарға төтеп бере алмады. 4-5 мың жылға созылған және әлемді дүр сілкіндірген аттылы көшпелі өркениет пен соған сай келетін қару-жарақтар бұл кезеңде өзінің мүмкіндіктерін сарыққан еді.

Олай болса, қазақ даласында да, Еуропалық өркениетке қарай бет бұру қажеттігін ұғынып, халықты осындай даму жолына қарай жетелеу керектегін түйсінетін ағартушылар немесе элита тобы қалыптасуы тиіс еді. Бұл тарихи қажеттілік – Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов сынды қазақ зиялыларын дүниеге алып келді. Сонымен қатар, адамзаттық прогреске қарсы болып, қазақи болмысты тұтас сақтап қалуды аңсаған ойшылдар да болды. Оларды «зар заман ақындары» деп атаған еді. Олар көшпелі өркениеттің қасіретті ақырын сезіне келе, ұлттық құндылықтардың орнына ділімізге жат еуропалық құндылықтардың келетінен бағамдап, бұл үдерісті ақыр заман ретінде бағалаған еді.

Осындай ілгерішіл және тарихилық пен дәстүршілдікті жақтайтын екі бағыт арасынан тарихи шындық ашылуы тиіс еді. Сол дәуірдегі ілім-білім жолының өзі: еуропалық білімге ұмтылу, орыс біліміне қол жеткізу, мұсылмандық жолды ұстау, шығыстық білімдерді игеру сияқты тармақтарға бөлініп кетті және ағартушылық саланың кейбір өкілдері, сәйкесінше, сол аймақтардың салттары бойынша тіршілік етуді қалады немесе оларға еліктеді».

Қазіргі кезеңдегі ақпараттарлық кеңістік қашанда әлемдік даму мен прогрессивті идеялардан тыс бола алмайды. XIX ғасырда қалыптасқан осындай батыс өркениетін игеру ұмтылған беталыстар қазіргі таңдағы әлемдік даму модустарына бағдарланудың алғышарттары мен бастапқы

саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани қозғалыстары және нәтижелер де бере алған ұстанымдары деуімізге болады.

Осы тұста біз осы бөлімдегі қарастыратын ғылыми дискурс аймағы мен таразылайтын мәселелер аймағына тоқталып өтер болсақ, алдымен, ХХ-ХХІ ғасырлардағы отандық ақпараттық кеңістіктің жалпы келбетін үш парадигмада қарастырып өтеміз.

Біріншісі, заман шындығына орай, жоғарыда айтылғандай, зар заман ақындарының толғауларына сәйкес, жағымсыз идеологиялық ықпалдар. Екіншісі, жағымды және мәнді мазмұнды қамтитын мәліметтердің идеологемасы. Үшіншісі, бейтарап және жай ғана ақпараттар кеңістігін игеруге арналған медиаторлық әлем.

Идеология қашан да адамдардың санасына психологиялық ықпал ететін сана континуумы. Олар белгілі бір уақыттарда немесе белгілі бір кеңістікте өзіндік ықпалын арттырып отырады. Бұл тұста, санағасырттан таңылған манипуляциялар басты роль атқарады. Идеология тек белгілі бір өлшемдер мен немесе қоғамдық санаға әсер ету күшімен, ықпалымен ғана сақталып қалатын статикалық канондар емес, динамикалы құбылыс. Әсіресе, саяси идеологиялар бұндай атрибуттардан ажырамайды.

Қазіргі таңдағы ақпараттық әлемдік кеңістіктің қазақстандық қоғамға енуінің екінші бір толқыны, ол – ХХ ғасыр басындағы ақпараттық сұраныстар мен мәліметтерді саналы-бейсаналы түрде аңсаумен де байланысты. ХХ ғасыр басындағы Қазақ Елі ақпараттармен қамтамасыз етіле бастады: газет-журналдар (Айқап, Қазақ газеті т.б.) кейіннен радиоқұрылғылар т.б.

Бұның бір ерекшелігі жазба мәдениеттің елімізге келуі мен оның таралу деңгейіне де тікелей қатысты. Почта қызметі қазіргі таңда ақпараттар алмасуының жаңа форматына көшірілгенмен, ХХ ғасыр басында маңызды қызметтер атқарды.

Сонымен қатар «кітап мәдениет» қалыптаса бастады. «Көп ұзамай басылған кітап қарапайым затқа, өнімге және жаңа ресурстарға айналды. Кітап байлыққа айналды. Ол тауарлар мен ресурстардың басқа түрлерін, соның ішінде адами ресурстарды пайдалануға үлгі болды. Кітаптың біртектілігі мен жаңғыртылуы (таралымы) адам қызметінің әр түрлі бағыттарына әсер етті. М. Мак-Люень бір ғалымның тұжырымын келтіреді: «Кітаптың арқасында ХVІІІ ғасырдың сәулет өнері Санкт-Петербургтен Филадельфияға дейінгі бір ақылдың жемісі сияқты пайда болды» [65, 85-88 бб.].

Кез келген кітап сол заманның мәдени ахуалын құрайтын жемісті мәдени идеялардың ықпалымен қалыптасады. Кітап жазушының (мейлі, ол жазушы, мейлі ол ғалым болсын) мәдениетке қызығушылық танытуы міндетті болмаса да, оның кітабындағы, мәдени композициясындағы эмоциональды-мазмұндық мән мен кітаптағы мәтіндік талдау мәдениеттілікті құрайды. Кітап арқылы берілген хабарды кеңістікке шығаруға, қашықтыққа жеткізуге, уақыт бедерінде жадында қалдыруға адам әлемі араласады.

М.Н. Куфаев сынды ғалымдар: «Адамдық әлем жалпы мағынасында – Кеңістік пен Уақыт әлемі, ал, оның түйіні – мәдениет. Мәдениет адамзат тарихын адамдық ететін, оның жалғастығы мен мұрагерлік құпиясын ашатын күш екендігі даусыз» [66, 48 б.], – деп тұжырымдаған болатын.

«2005 жылдың мамыр айында IV ресейлік философиялық конгресс аясында «Ақпараттық қоғамдағы кітап мәдениеті» атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге қатысушылар әңгіменің өзекті екендігін және тереңдетуді талап етеді дей отырып, оның жалғасы арнайы конференция болуы мүмкін екенін атап өтті. «Дөңгелек үстелге» қатысушылар бірауыздан кітаптанушы ғалымдардың қазіргі бірлестіктері өздерінің тар міндеттерін шешетіні және кітап қауымдастығын үйлестіруге ықпал етпейтіні нақты айтылды, сондықтан дөңгелек үстелге қатысушылар бірауыздан мәлімдегендей, жаңа, анағұрлым тиімді бірлестік құруды қарастырған жөн деді. Кейбір басылымдардың пікірінше, мұндай одаққа философтар мен мәдениеттанушылар кіруі керек, сонымен қатар кітап мәдениеті, оның табиғаты мен тарихи шекаралары, оның қазіргі жағдайдағы өзгерістері, «экрандық мәдениет», желілік технологиялар кезеңіндегі оған тән дағдарыстық құбылыстар сияқты мәселелер де талқылауға қатысуы керек» [67, 212 б.].

Жазушы Юрий Бондарев кітаптың барлық ғасырлардағы және барлық халықтардағы рухани құндылықтардың орындаушысы және мінсіз қорғаушысы ретінде, сана-сезімнің ең жоғарғы жетістігі болып табылатын материалдық қуаттан рухани күштің артықшылығының нышаны ретінде айтты [68, 109 б.].

Библиограф Н.М.Сомов кітапты мәдени шығармашылықтың басқа нысандарынан ерекшеленетін материалдық және рухани мәдениеттің объектісі ретінде анықтады [69, 21 б.].

Ендеше, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов сынды қазақ ағартушылары жазба мәдениеттегі ақпараттық кеңістік қалыптастыруды және оны ресмилендіруді ғана ойлаған жоқ, олардың басты мақсаты ғылыми дискурс аясында өздерінің танымдық және педагогикалық шығармашылығын қызық халқына танымалдау мен жалғастыруды мақсат етті. Осыдан ақпараттардың кітап мәдениет арқылы берілетіндігін және оның білім берудегі маңызын терең түйсінгендігін аңғара аламыз. Тек найза мен қылыштың күші емес, олар заманның ақпараттық әлеміндегі ғылыми ортаға енуде және одан қазақ балаларының тысқары қалмауын терең сезінді. Сондықтан дәуірлер сұраныстары мен заманның талабына сәйкес, кітап жазу ісімен айналысты. Ал келер ұрпақтардың және жас білім алушылар кітап тар арқыла ақпараттар алудың ұтымды екендігін түйсіне білгендігі де жасырын емес.

Ақпараттар білім беру саласында маңызды идеология мен нақты нәтиже бере алатын факторлар екендігін заман шындығы әлеуметтік аура құрылымында мойындай келе, осы істі дамытуды басшылыққы алып, баспа ісін дамытудың қажеттілігін мойындай отыра, аталған істі қолға алды.

Осы тұста ақпараттардың берілуі мен тартлуы, маңыздылығы мен мәнділігі хақында ресми емес болса да, идеологиялық таралымдарға негізделген мәліметтер құндылықтардың бірі ретінде бағаланды.

Осындай ақпараттық жазба мәдениет кейіннен отандық және жергілікті ұлт өкілдерің қазақтардың жазушылар мен ақындардың бір топ легін туғызды. Бұл да ерекше феномен. Неліктен ХХ ғасыр ортасында қазақ халқында ғылыми танымдық және көркемдік шығармашылық өрістей түсті деген сауал өмірлік философиялық сауалдардың бірінен саналады. Осыған орай, біз *біріншіден*, бұл – ұлттың қорғаныш тетіктерінің бірі болса, *екіншіден*, генетикалық интеллектуализмнің қайта циклды түрде жаңғыруының көріністері, *үшіншіден*, даму мен прогрес аясындағы еліміздің өзіндік орнынан айшықтауға деген ұмтылыстарының мәдени концентарициясы.

Осыған, орай, біз жалпылама түрде ХХ ғасыр деп 100 жылдай уақытты бір бағдарға сыйғысып түсіндірсек те, әрбір сәттің маңыздылығы мен прогрессивті мағынасын жеке қарастыруымыз керек.

Атап айтсақ, жоғарыда көрсетілгендей, идеологиялық кеңістік 70 жыл бойы коммунистік мұраттарға құрылды. Қазақ халқы осы идеологиялық кеңістік аясында сенім мен сезім, күдік пен барлау, қарсыласу мен заман қайғысына тайталасып керумен ғұмыр кешті. Бұндай экзистенция эстетика тілімен айтсақ, трагедия мен комедия, асқақтық пен төмендіктің шекараларында бірнеше жылдар бойы өмір сүрудың шынайы өмірмәнділік форматтарына айналды.

Бұл кезеңдең басты ақпараттарды қабылдау емес, оған идеологиялық сенімдерді енгізген сәтте оны қабылдау мен қабылдамау талғамы және ақпараттардың верификацияланбауы деп тұжырым жасауымызға болады.

Әрине, жазба ақпараттардың еуропалық үлгілерінің жағымды және жағымсыз жақтары да болған шығар. Оның тарихи астарлары мен өткеннен сабақ алып, болашаққа бағдар құру үшін қазіргі таңдағы ақпараттық кеңістіктің идеологиялық астарларына тоқталып өтуіміз керек.

Негізінен алсақ, жоғарыда атап өткен деректер мен мәліметтер қазіргі таңдағы отандық ақпараттың кеңістіктің диалектикасы мен тарихи келбетін көрсете отырып, заманауи шындықты өздігінен-ақ жариялай алады. Осыған сәйкес, ХХ ғасырдың өзінде заман ақпараттық әлем бойынша сан түрлі мағлұматтарды таратты.

Идеологиялық климат әлемде өзінің ықпалдылығын арттыруды мақсат етеді. Қазақстан да солай. Қоғамдық санадағы жаһандану идеологиясына қатысты психологиялық климаттағы пессимистік-оптимистік-рационалды бағдарларды атап өтіп оларға әлеуметтік философиялық сараптамалар жасауымызға болады.

Пессимистік көзқарастар.

Г.П. Мартин мен Х. Шуман «жаһандану» оң үдеріс емес, яғни, жаңа құбылыстың пайда болуы емес деген пікір айтады. Оның бестен төрт бөлігі теріс салдарлардан құралады: бұл жерде әңгіме әлемдік әлеуметтік-

демократиялық жүйенің қирауы туралы болып отыр деген пікірді біржақты эмоционалды түрде жеткізеді [70, 302б.].

Жаһандану, бұл – көпшіліктің азшылықты ығыстырып шығаруына қарай жетелейтін беталыс [71,38б.]. қоғам мен жеке адамдардың мүмкіндіктерін гомогендейді немесе шектейді [72, 106-108 бб.], физикалық және биологиялық қоршаған ортаны жоюға қарай бет түзеп келеді, жер беті орны толмас зардаптарға ұшырайды [73, 41 б.] белгілі бір аймақтардың, халықтардың, мемлекеттердің үстінен бақылау орнатады, олар бойынша мағынасыз ізденістер жүргізеді, бұл әлемде тұрақсыздықтарға алып келеді [74, 33 б.].

А.С. Панарин «Бүкіл дүниежүзілік ырықтандыру» мен «ғасырды америкаландыру» бойынша көне мәдениеттердің өзіндік мәртебелері төмендейді, себебі, ол мәдениеттер америкалық авангардизмнің саясатына кедергі деп санайды [75, 16-28 бб.].

Оптимистік көзқарастар.

Кейбір ойшылдар өндірісті оңтайландыру және озық технологияны тарату, инновацияларды үздіксіз ендіру, еңбек өнімділігін арттыру, заманауи коммуникациялық және ақпараттық жүйелерді жасау, сауданы ырықтандыру, шекаралардың еңсерілуі және ақпараттық технологиялардың жетілуі, аймақтық ірі біріккен құрылымдардың қалыптасуы т.б. айта келіп, жаһанданудың экономикалық қырларына тоқталады [76, 6 б.].

Чандра Музаффар жаһандануды тек батыс өркениетінің қайталанған тәжірибесі еместігін, Жапония, сондай-ақ, Солтүстік-Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азияда белгілі бір экономикалық орталықтар бар екендігін, капиталдардың, тауарлардың және идеялардың бір орталықтан әлемнің басқа аймақтарға ағылуы еместігін, кейде керісінше үдеріс орын алатындығын атап өтеді [77].

Рационалды-бейтарап қатынастар.

«Қазіргі саясаттану дискурсында ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың үш идеологы бәсекелеседі: этноұлтшылдық, азаматтық ұлтшылдық, көпмәдениеттілік. Олардың ешқайсысы ұлттық бірегейліктің логикалық құрылымы ретінде әртүрліліктің шынайы бірлігіне қол жеткізуді қамтамасыз етпейді. Әрқайсысы біржақты, не алуан түрлілікке (көпмәдениеттілікке), не ұлттың этномәдени ландшафын унификациялауға, гомогенизациялауға (этно-национализм) немесе біртектілік пен алуан түрліліктің (азаматтық ұлтшылдық) принциптерін әр түрлі субъектілерге бөлуге бағытталған[78, 299 б.].

Бұл тұста, ақпараттардың ғаламдануға қатысты жағымды және жағымсыз қырлары болуы ықтимал екендігін басты назарға ала отырып, оны былайша кесте түрінде ажыратып көрсетуімізге болады.

Кесте 2 – Ақпараттардың ғаламдануға қатысты жағымды және жағымсыз қырлары.

--	--

<i>Жағымсыз тұстары</i>	<i>Жағымды тұстары</i>
Ақпараттардың ұлттық ділімізге сай келмейтін жақтары мен қырлары	Ғаламдану жағдайындағы ақпараттардың тез таралуы
Жалған ақпараттардың таралуы	Сыни көзқарас тұрғынан зерделеу және ақпараттардың барлығының шындыққа сәйкес келетіндігін немесе келмейтінідігін анықтауды модельдеу
БАҚ немесе ақпараттық желілердің көптігі мен олардың желі таратудағы зияны	Желілердің таралуы мен әлемдік ақпараттық кеңістікке ену
Ақпараттардың басқа тілде және бізге танымал емес түрде ұсынылуы	Тілдерді меңгеруге деген ұмтылыстарды ояту мен жандандыру
Ақпараттың адамға еріксіз түрде берілуі (мәселен, сұралмаған жарнамалар)	Ақпараттық кеңістіктің кеңдігі мен аудио-визуалды қатынастардың орнауы
Білім беру немесе басқа да тренингтер саласындағы сапасыздық	Қашықтықтан білім беру жүйесіндегі қаржы үнемі
Ақпараттардың жаңа толқындары әсерінен болатын мекемелердегі жұмыс орындарының қысқаруы мен жұмыссыздық	Ақпараттарды немесе қажетті құжаттарды интернет желісі арқылы оңай дайындау
Мәліметтердің ашықтығы мен жеке адам өміріндегі құпия ақпараттардың таралуы	Жасырынған жағымсыз ақпараттарға кез-келген сәтте мүмкіндігінше өол жеткізу

Жаһандану заманында бұндай ақпараттардың алмасуының жағымды және жағымсыз тұстарын көптеп келтіре беруге болады. Біз оның негізгілерін ғана тоқталдық. Осы тұста айта кететін жайт, қазақстандық ақпараттық кеңістіктегі идеологиялардың сан түрлі болуы мен оның қоғамдық психологияға ықпалын талдау қажеттігінің маңыздылығы.

Бірінші, қазіргі таңда игілікті идеологиялардың бірі – қазақтандырудың жалғасын табуы. Бұл жердегі басты мақсат – ұлттық рухтың сабақтастығын сақтау мен оның өміршеңдігін қамтамасыз ету. Сондықтан да ұлттық идеяның идеологиялық қызметі қажет болды. Нақтырақ айтсақ, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін «Ұлттық идея» түсінігі пайда болды. Оның негізгі бағдарларын еліміздегі қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы ғалымдар теориялық түрде талқыға салды. Бірақ көпшіліктің дискурс аясындағы пікірлері бір арнаға келіп тоғысып жатты. Олардың қозғаған басты мәселелесі: салт-дәстүр мен әдіт-ғұрып, тіл мен дін, отаншылдық пен перспективті даму т.б.

И. Ахметов: «Ұлттық идея – сан ғасырлар бойы тарихи-мәдени сабақтастықтағы халық болмысының тұтастығының жалпы негізі, қоғамның базистік тұрмыс-тіршілігінің саяси-мәдени қондырмасы, ұлттықжасампаздық пен этноөміршеңдіктің концептуалды теориясы бола отырып, қоғамның барлық салаларынан орын алған этникалық сана», -деп те жалпылама түсіндірсе [79,64б.], кейбірі: «Ұлттық идея дегеніміз – ұжымдық бейсанадағы ұлттық болмысты қоғамдық сана деңгейіне шығарып, теориялық түрде зерделеу және сол қағидалар бойынша еліміздің

перспективасын айқындайтын концепция құрудың негізгі объектісі», - деп айқындайды [80,29б.].

Шындығында, ұлттық идея қоғамдық санада, нақтырақ айтқанда, ұлттық қоғамдық санада көрініс табады. Ұлттық идея ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи-мәдени мирасқорлықтың халық болмысындағы тұтастығының жалпылама идеологиясы, этникалық қоғамның базисінің саяси-әлеуметтік-мәдени қондырмасы, ұлттың жасампаздығы мен мәңгілік өміршеңдігінің концептуалды теориясы бола отырып, «өткен-бүгін-болашақтың» бейнесін әйгілейтін этникалық сана-сезімнің рационалды-эмоционалды көрінісі. Ол әрбір қоғамдағы ұлттың және мемлекеттің түпкі мақсатын, жеке адамдардың мүдделерін белгілі бір этностың өзіндік даму бағдарларына сәйкестендіретін белсенді-әрекетшіл ұлттық рухтың шынайы көрінісінен туындайды. Бірақ оның идеологиядан өзіндік айырмашылықтары бар феномен болып табылады. Ж.Ж. Молдабеков әлеуметтік құндылықтар негізінде қалыптасатын ұстанымдарына концептуалды деңгейде шолу жасайды [81, 8-13 бб.].

Осындай ұлттық идея жөніндегі кез-келген Қазақстан азаматының пікірлерінің тоғысатын тұсы – «ұлттық идея дегеніміз не және оны қалай іске асыруға болады?» деген сауалды жинақтауында болып отыр. Дегенмен ұлттық идея турасындағы осындай ұлтжандылық пікірлерді саралай келе, өз тұжырымымызды да дәйектейміз: Нақтырақ айтқанда, ұлттық идея дегеніміз – этнос эволюциясының белгілі бір кезеңіндегі ұлттың дамуына қажетті, оның негізгі, әрі түпкі мақсаты. Мемлекет пен қоғам, этнос пен ұлт алдында қашанда мақсаттар көп, ал бүгінгі таңдағы ұлттық идеяның өзектілігі оны негізгі мақсатқа айналдыру болып отыр. Яғни, қазіргі кезеңге арналған негізгі мақсат – ұлттық идея мәселесін шешуден бастау алады, осы проблеманың нақты практикалық нәтижесі іске асқаннан кейін ғана жалпыадамзаттық проблемаға сатылы түрде көтеріле бастайды. Мәселен, осы заманғы Қазақстандағы толыққанды ұлттық құрылымның нығаймай отырғандығы – мемлекетіміздегі ана тілі өз ролін орнықты атқара алмағандығында. Шындығында, бәрі де алдымен, тілді толық меңгеру арқылы іске асатындығын ескерсек, ол да осы негізгі мақсаттардың өзекті буыны болып табылады.

Осыдан ұлттық идея идеологияға ұласады. Яғни, Қазақстанда ұлттық рухпен нәрленген, бір тілде сөйлейтін, ой-санасы мен таным-түсінігі үндес, менталитеті мен көзқарастары ұлттық деңгейде орайласатын біртұтас Қазақстан халқы феноменін қалыптастыру идеологиясы туындайды. Ұлттық идеяны дамыту мен өркендетудің осы перспективті тенденциясы – Қазақстан мемлекетін жаһандану процесіне жетелейтін таңдаудың бірден-бір өміршең жолы. «Біздің танымал жазушы идеологияны тікелей жоққа шығармайды, бірақ оны ұлттық рухпен алмастыруға тырысады, дегенмен ұлттық рух, ұлттық идея, этникалық сезім мен идеология синоним емес, әртүрлі ұғымдар. Егер алғашқы үшеуі өздігінен, бейсаналық түрде қалыптасса, онда идеология әлеуметтік сананың ең жоғары формасы бола отырып, өздігінен пайда

болмайды, бірақ оны идеологтар, мемлекет басшылары жасайды... Идеологияға сәйкес даму бағдарламалары жасалады, саясат жасалады, заңдар қабылданады, тіпті ел Конституциясы да қабылданады» [82, 44б.], – деп көрсеткен ойшылдарымыз осы ерекшеліктерді ажыратып алуды жөн санаймыз.

Кейбір ойшылдар ұлттық идея өздігінен идеология типтес роль атқаруы тиіс екендігін байыптайды: «Сөйтіп, ұлттық идея қоғамдық санадағы прогресті қамтамасыз ететін рухани күш. Ол халықтың бұқаралық санасында белгілі бір орын алып қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттік деңгейдегі белгілі бір саяси платформаға, әлеуметтік бағдарлық парадигма шамасына жеткенде ол тұтастанған идеологияға айналады» [83, 149 б.].

Ұлттық идеяның өміршеңдігі мен бүгінгі заманға дейін келіп жетуінің тәсілі – «өзінің эволюциясын өзі жасайтын тәуелсіздігі» болып табылады. Ұлттық идея мәңгі өмір сүретін, өзіне-өзі қайта оралатын ұлттық рухтың тылсымдығымен үстемеленеді. Ұлттық идеяның қуатты қайнар көзі – Рух ұжымдық бейсаналылықта, ата-бабамыздың тарихи жадынан сақталған күйде сакральды бейнеде, идеология мен қоғамдық психологияда парасатты түрде өмір сүреді, яғни, ұлттың мәңгілік модусының айшықталуы.

«Ұлттық» деп аталатын кеңістікте оның атрибуттары болып саналатын ұғымдар мен түсініктер жетерлік: ұлттық мүдде, ұлттық сана, ұлтжандылық, ұлттық мәдениет, ұлттық рух т.б. Біздің мақсатымыз – ұлттық идея түсінігін жеке дара ашу және оның осы ұғымдармен арақатынасын зерделеу болғандықтан, жоғарыдағы ой-пікірлерге сүйене отырып, оның генезисі мен эволюциясын, құрылымдық-функционалдық негіздерін анықтап алу, дифференциациялау болып табылады және оның бүгінгі таңдағы маңызын, іске асу, қолданылу динамикасын ұсыну.

Ал қазіргі заманғы қазақ зиялыларының бірі – Дәуренбек Әубәкір ұлттық идеяның мазмұнын сипаттауға ұмтылып, оның үш тағанды тұғырнамасын атап өтіп: *«өркениетті даму тағаны* – нарық, индустрия, ғылым, техника, инновациялық жаңғырған тәсіл, айла, технология, кластер, байыпты-орнықты даму мәдениеті; *адами-ізгілік тағаны* – рух, тіл, дін, жан-тән тазалығы, тіл, білім, тәрбие, өнер, әдет-ғұрып, Ата Заң мәдениеті; *саяси-идеологиялық тағаны* – ұлттық мемлекет, егемендік, тәуелсіздік, идеология парасаты, ұлтаралық, дінаралық татулыққа кепілдік, бәсекелестік, ұпай, түгендеу, халықаралық саясат жүргізу мәдениеті», оны арнайы схематикамен көрсетеді [84, 54 б.].

Отандық философ Б. Нұржанов оның теориялық-әдіснамалық негіздерін толықтай жасап қалыптастыру керектігін атап өтіп, ұлттық идеяға мифтік символдарды, тарихи сананы, тіл мен дәстүрді, ұлттық мемлекетті т.б. жатқызуға болатындығын көрсетеді [85, 142-145 бб.].

Бұл ұлттық идея туралы ақпараттық-рухани кеңістік аймағындағы жалпылама теориялық санадағы пікірлердің бір тобы. Бұдан шығатын түйін: ақпараттар бұл тұста маңыздырақ мәнге ие болып отыр. Нақтырақ айтсақ, ел мен ұлтымыздың болашағы туралы толғаныстарды бере алды. Стихиялы

қоғамдық пікірдің теориялық мазмұндамасын қолға алған отандық ойшылдардың түп ойлары заман шындығын бейнелеп қанай қоймай, тағлымды ұстанымдарын саяси сахна арнасында жариялап отырды. Бұндай келбет негізінен алғанда ұлт жасампаыздығы үшін игілікті қызметтер атқарады.

Ал оның әрі қарайғы сабақтасығы мен жалғасуы саяси-әлеуметтік стратегиялар мен тактикаларға ұласып отырды. «Мәдени мұра» бағдарламасы, «Мәңгілік Ел» мұраттары, «Ұлы даланың жеті қыры» тұжырымдамасы т.б. атап өтуімізге болады. Мәдени мұра бағдарламасы негізінен алғанда, біріншіден, тарихи сананың қайта жаңғыруға деген ұмтылысы, екіншіден қарағанда, ол танымдық-теориялық және ғылыми ақпараттарды ділімізге сәйкестендіріп жариялау мен насихаттау, үшіншіден, алған отаншылдыққа тәрбиелейтін насихаттық құралдардың жалпы болмысы, төртіншіден, өзінің қисыны бойынша қарастырсақ, тарихи жады қорларының өзіндік рухты ішкі бұлқынысы т.б.

Мәңгілік ел идеясы да қоғамдық санадағы еліміздің дамуының оптимистік бағдарларын ұсына алады, ол жалған утопия емес, егер кейбір сәттерде кездесіп қалатын инфантильділіктен арылсақ, бұндай мұраттарды орнату әрбір қазақстандықтың мүддесіне сай келеді және оны іске асыруда әрбір азамат өзіндік рольдері мен қызметтерін жүзеге асыруы шарт.

Философиялық тұжырым жасасақ, Мәңгілік Ел идеясы өзіндік болмысына сай Мәңгі сақталады, ал романтика мен аңсаулардың деңгейі мен дәрежесі оның құндылығын арттыруы да, тіпті түсіруі де ықтимал. Бұл идея өзін-өзі танитын, өзін-өзі қайталайтын бірігейлікке ұмтылатын рухани болмыс және біздің елеміздің перспективті дамуының жалпы идеологемасы іспеттес. Экклезиаста айтылғандай, ай астында жаңа да, мәңгі де болмайды. Ондағы «Уақыт тастарды лақтыру мен жинау» афоризмі заман шындығы болса да, бұл тұста экзистенциализмдегі пессимистік сарындардың көріністері байқалып қалады. Бұны ХХ ғасыр ойшылы А. Камюдың «Сизиф туралы аңыз» атты шығармасындағы идеялармен салыстыруымызға болады.

Міне қараңыздар, ақпараттардың легінің сақталуы мен қайталануынан уақыт өтіп кете алмайды. Уақыт сол ақпараттарды тасымалдау қызметін ғана атқармайды, гносеологияның жетістіктері мен оның нәтижедеуі туралы керібайланыс бойынша ақпараттар беріп отырады.

Ал көне түркі жазбаларындағы: «Жоғарыда Көк Тәңірі...» деп басталатын түркілік рухтың мазмұндық сипаты осы Мәңгілік Ел идеясының протоүлгілері деп айта аламыз.

Мәңгілік Ел идеясының мистикалық қыры жоқ, бірақ конструктивті прагматистикалық астарлары да күрделі. Мұраттар қашанда адамзат баласының дүниетанымы мен өмірлік тәжірибесінде маңызды роль атқаратын ақпараттық кеңістік әлеміндегі рухани қажеттіліктер. Осы тұста, жоғарыда атап өтілгендей, зар-заман ақындарының идеялары құрдымға кету туралы пессимизмдердің жиынтығы емес, рухтандыру мен намыс архетиптерін қайта оятудың стимулдары. Себебі, прогресс қашанда үздіксіз-

үнемі алға жылжитын қоғам мен адам келбеті емс, оның да тоқырау тұстары болады. Егер де И. Пригожин мен И. Стенгерс идеяларына сүйенер болсақ, кез-келген құлдырау, ғылыми тілмен баяндасақ, хаос жаңа тәртіптің орнауына жола ашады. Ойнаңқы, әуесқой логика бойынша баяндасақ (занимательная логика) егер сіз, алдыңызға кезіккен көлденең бөгеттерден аттап өтетін болсаңыз, онда арта шегініп жүгіріп барып секіріп өтуіңізге тура келеді.

Демек, адам мен қоғамның ғана емес, бүкіл ғарыштық даму конверсиялары кері кетудің жарқын прогрессивке бастауы екендігін анықтай алады. Мәселен, КСРО ыдырауы – хаос, ал тәуелсіз мемлекеттердің құрылу – тәэртіп. Ендеше, бұл ақпараттар тасымалындағы «Құдайдың бұйрығы» тәріздес императивтер емес, құрылған эволюцияның өзіндік заңдылығы. Одан Қазақстан да ерікті-еріксіз түрде тыс бола алмайды. Сондықтан Мәңгілік Ел турасындағы идеялар қазіргі таңда қазақ қоғамындағы қоғамдық пікірде саналы немесе бейсаналы деңгейде болсын орнығып келеді.

«Ұлы даланың жеті қырында» айтылған пікірлер түркіцентризм емес, тарихтың шынайы бейнесін реставрациялайтын құндылықтардың шындығы мен тарихтың шынайлыққа ұмтылатын бірегейленуінің өзіндік қорғаныш ттіктері. Тарихилық сана мен рух туралы Г.В. Ф. Гегель өзіндік идеяларын метфизикалық деп сынға алынса да, белгілі бір өлшемдерде тиянақтап берді. Оның абсолютті рух идеясы тек өнер, поэзия, философия ғана емес еді, ол тарих жөнінде өзін-өзі қайталайтын және бірегейлене алатын құрылымдарды жүйелеп берген еді.

Әрине, тарихшылар неге жеті санының алынғандығы туралы сыни ойларын айтуы ықтимал, бұл да рәміздік ақпараттар. Себебі, біздің халқымыздың ділі мен архетипі осындай рәміздерді танымдық жадысында оңай қабылдай алады. Қазіргі таңда да ақпараттық кеңістіктің субъективті, яғни, оның ішінде, қазақ халқы санасындағы кодтар осындай идеяларды оңай қабылдайды.

Осыдан ұлттық код туралы қысқаша тоқталып өтетін болсақ, ол да еліміздегі қазіргі заманғы ақпараттық кеңістіктің биологиялық-физиологиялық-генетикалық болмысының сәйкес келетін параметрлерін жинақтайтын құбылыстардың бірі.

Осыдан мынадай түйткілді мәселелер туындайды: ұлттық код дегеніміз не? Оның өлшемдері мен қазіргі таңдағы сақталуы қандай? Ұлттық код пен ақпараттар кеңістігінің арасында қандай байланыстар мен айырмашылықтар бар?

Код жалпы алғанда ақпараттардың жиынтығы. Оны биологиялық және рухани түрлерге ажыратуға да болады. Бірақ дуалистік көзқарастар тұрғысынан алған екеуінің байланысты екендігін де естен шығармағынымыз жөн.

О. Смағұлұлы - жиырма ғасыр бойғы жүрген процесс: европоид пен монголоидтың біріккен түрі – тураноид, оның ішінде қазақстандық нұсқа деп көрсетсе, Гүлнар Святова - гендерде мутация жүру үшін бірнеше ұрпақ

алмасуы керектігін айтады, Қ. Серікқызы: «Бір қазақтың қанын алып өмірге келген екенсің, бар қазақтан қашсаң да құтыла алмайсың. Ағзаңда жасырынған қазақы код – генді қайда қоясың», -деп биологиялық ақпараттардың тасымалдануына айрықша мән береді [86,136].

Міне осындай пікірлердің философиялық тұжырымдасына сәйкес, тән мен рухтың бірлігі заманауи ғылыми негіздемелер бойынша, код сөзінің терең мағыналы және рухани, материалдық болмысты қамти алатындығын, ол сайып келгенде, ағзаға да қатысты болатындығын, сонымен қатар, әрбір ұлтқа да қиысатындығын түйсіне аламыз. Демек, ақпараттардың жоғарыда айтылғандай синкретистік құрылымдамасы бар.

Ұлттық код, ол ұлттық идеямен парапар емес, бұл тұста осы кодтың ақпараттарға қатысты қырларына тоқталамыз және оның қазіргі Қазақстанның идеологиялық кеңістігіндегі мәні мен мазмұнына шолу жасап өтетін боламыз.

Л. Асқардың тұжырымдауына сәйкес: «...Себебі, «Ұлттық код» ұғымы көпшілік қоғамдық сана үшін арнайы түсіндіруді қажет ететін кәсіби философиялық термин санатына енеді. Біздіңше, бұл ұғым философиялық дискурс аясында ғана терең де мағыналы түсініктемесін ала алады деп ойлаймыз.

Ұлттық код, біздің пайымдауымызша, әлдебір халықтың генезисін, тілі мен ділін, діні мен тарихи жадын, демек, тұтас болмысын қамтитын биосоциогенетикалық ұғым.

Ұлттық кодтың негізгі атрибуттарының қыр-сырын аша отырып, оның мынадай сипаттарын атап өтуімізге болады:

Біріншіден, тылсымдықты, құпиялылықты қамтитын сакральді феномен:

Екіншіден, ол – енжар, «өлі» немесе бейтарап емес, өзінен-өзі оралымдылық пен белсенділікті қажет ететін эрос:

Үшіншіден, әрбір халықтың, ұлттың, этностың өзіндік ерекшеліктерінен туындайтын, тек өзіне ғана тән қайталанбайтын даралық, монадо:

Төртіншіден, ұлттық рухтың субстанциясы, ұлттық идеяның субстраты, ұлттық сананың базисі, ұлттың рухани болмысының ядросы» [87]. Ендеше, ұлттық код тарихи-элеуметтік негіздері қалыптасқан күрделі жүйе болып табылатын заман шындығының айнымас биологиялық-рухани туындылардың келбетінің түп ақпараттық бастамаларынан тамыр тартатын арғытектік маңызы бар берілістердің тұтас жиынтығы.

Ұлттық код түсінігі қазіргі Қазақстандық ақпараттық кеңістік аумағының идеологиясына қатысты, әрі одан да терең мағына мен мазмұнға ие болатын күрделі феномен. Ұлттық код қазіргі таңдағы әр түрлі идеологиялардың, жалған ақпараттардың, жағымсыз рухани құндылықтардың т.б. ықпалына немесе әр тарапта құрылған манипуляциялық құралдарға бағына бермейтін табиғи жаратылыстың тағайындалған «сыйлығы» деп айта аламыз.

Келесі кезекте, қазіргі отанымыздағы ақпараттық кеңістігіндегі кейбір жағымсыз идеологияларға да ұлттық қауіпсіздікті сақтау негіздері бойынша қысқаша тоқталып өтіп, әлеуметтік философиялық талдаулар жасап өтпекпіз.

Жалпы алғанда, ғылыми-теориялық қоғамдық санада қатерлер жөнінде жиі айтылып келеді. Ол атап айтсақ, америкаландыру, арабтандыру, вестернизациялау, орыстандыру, қытайландыру т.б. еліміздегі идеологиялық хаосқа өздерінің идеяларын сіңірумен байланысты болып келеді. Бұған біз әлеуметтік философиялық талдаулар жасайтын болсақ, тағы да екі қырын аңдауға тиіспіз.

Бұл – жағымсыз және жағымды жақтары мәселесін таразылаудың екі ұшы. Орта ғасыр философы, араб-мұсылмандық фәлсафаның көрнекті өкілі Ибн-Рушд өзінің қос ақиқат теориясын ұсынған болса, біз де оған аналогиялық түрде жағымдылық пен жағымсыз құндылықтардың қос ақиқаттығы туралы пайымдауларды болжамдай аламыз.

Релятивистік тұрғыдан алғанда, ешқандай идеологиялар жағымды және жағымсыз немесе дұрыс, әрі теріс бола алмайды. Уақыт пен заман ағымына орай, олар салыстырмалы болып келеді. Демек, идеологиялардың ықпалы субъективті: оны таратушылар үшін объективті, ал қабылдаушылар үшін оның жағымсыз болып қабылданатын жақтары субъективті.

Екінші өлшемдер бойынша, идеологиялық кеңістіктің негізге мақсаты өзінің таралымдық құрылымдарын арттырып, барынша зор кеңістікті билеу мен оған басшылық жасау. Қарапайым мысал келтірсек, жаугершіліктердің барлығы алдымен өздерінің идеологемасын құруды және оны таратуды мақсат етеді. Тарих сахнасында кейбір теріс немесе жағымсыз болып қабылданған идеялардың, кейіннен оңды болып шешімін тапқаны да рас.

Үшінші белгілі бір деңгейде, «бұндай ақпараттың идеологиясы миф пе, немесе тарихи шындық па?» деген скептикалық сауалдардан тұрады және оны шешімі мен нәтижеге ұмтылу парадокстарымен жалғасын табады. Біздің қоғамды америкаландыру, қытайландыру, орыстандырудың қалай жүргіліп отырғандығы туралы ғылыми технологиялысы мен ақпараттардың берілу бойынша негздемелер жоқ болатын болса, онда олардың мифтік сипаты бар деген сөз. Ал егер де алдын ала болжамау мен нақты қағидаттар жинақталатын болса, шындыққа жанасуы да ықтимал.

Төртіншіден, идеологиялық кеңістік физикалық немесе географиялық карта емес, ол біздіңше, бұрыннан да идеологиялардың қиылысу мен нақты нүктемелері бойынша құрылған және қазір де солай. Демек, идеологиялық ақпараттық кеңістікті бақылайтын құралдар біздің еліміз тұрмақ, әлемде де жоқ. Болған күннің өзінде жалған ақпараттарды бақылайтын цензуралар мен кейбір медиакодтар түрінде өмір сүруі мүмкін.

Орыстандыру әрине, отандық тарихнамаға байланысты дәйектелген. Бірақ ол XVII ғасырдан бастау алып, қазіргі таңда анық көріністері байқалмайтын мессенджерлер қалпында ғана сақталып отыр. Бұның «астарлы ақиқаты» екі масштабта өлшенеді.

Бұл тұста нақты мәліметтер мен статистикалық мағлұматтарды философия емес, ғылымтану, әлеуметтану сияқты ғылым салалары айғақ ретінде ұсынып келеді.

Неміс философы Э. Гуссерль өзінің феноменологиялық редукциясында идеялардың санада ғана сақталатындығын паш ете отырып, интенциялық үрдістер бойынша танымдық деңгейді көрсетті. Ол таза шындықты зерттеу үшін сол құбылыс емес, санадағы көріністі зерделеуді ұсынды. Дегенмен, біз бұл тұста оның ақиқат өлемдерін сараламағандығын көре аламыз. Ал ХХ ғасыр ойшылы К. Поппердің верификация, фальсификация ұстанымдары белгілі бір өлшемдер арнасында шындық пен идеологияларды ажыратуға ұмтылды. Осы тұста, З. Фрейдтің Жоғарғы-Мен критериясы есімізге түседі. Ол табиғи-биологиялық және психикалық өлшемдер турасында баяндаған еді. Сондықтан да біз келесі кезекте, ақпараттық қоғамдағы адам мәселесіне әлеуметтік философиялық талдаулар жасап өтетін боламыз.

2.2 Ақпараттық қоғам жағдайындағы қазақстандық тұлға бейнесі мен оның адаптациялануы

Компьютерлік және телекоммуникациялық техникалар негізінде жұмыс істейтін ақпараттық технологиялардың пайда болуы адамның өмір сүру салтын ғана емес, сонымен бірге қоғамның мүшелері бір-бірімен араласып, қарым-қатынас жасайтын ақпараттық-коммуникативтік ортаны да өзгертті. Бұл өзгерістер ғылыми ойдың бүгінгі даму кезеңінде көкейтесті проблема болып отырғандықтан ғылыми және философиялық тұрғыдан ой елегінен өткізуді, мәнін ұғынуды талап етеді. Бұл мақаланың міндеті – қоғамның ақпараттық-коммуникативтік негізінің ауысуы (трансформациясы) кезінде пайда болатын өзгерістерді талдау.

Бұл талдауымыздың методологиялық тәсілі ретінде америкалық философ К. Уильбердің идеясын аламыз. Оның көзқарасына сәйкес кез келген біртұтас құрылымға қатысты, мейлі ол адам болсын, қоғам болсын, бәрібір, төрт деңгейді бөліп көрсетуге болады: Оның формальды-мазмұндық ерекшеліктері ретіндегі: 1) ішкі, 2) сыртқы қырлары; сандық ерекшелігін көрсететін 3) жалқы (жеке) және 4) көпшілік (ұжымдық) қырлары. «Ішкі және сыртқы, жалқы және көпшілік – біз жасай алатын негізгі ерекшеліктер – осы» дейді философ [88, 119-120 бб.] 1). Осы көзқарас тұрғысынан заманауи қоғам бөлінбейтін төрт саланың, яғни тән мен сана, әлеумет пен мәдениеттің жиынтығы ретінде қарастырылады.

Аталған төрт сала бөлінбейді, өзара байланысып, бірімен-бірі сабақтаса өріліп жатады және бір-бірінсіз тіршілік ете алмайды. Мұндай өзара қарым-қатынасты жақсырақ түсіну үшін мынадай бір мысалды қарастырайық. Қандай да бір пәннен емтихан тапсыруға тиіс студентті алайық. Емтихан білім беру жүйесінің аясындағы белгілі бір оқиға ретінде әлеуметтің тікелей бір бөлігі, яғни материалдық, экономикалық және басқа да процестердің, технологиялар мен институттардың (отбасы, білім беру, мемлекет т.б.) жиынтығы болып саналады. Бұл әлеумет саласы (оң жақ төменгі алаң).

Үлгерімді тексеру қажеттігі, жалпы бақылаудың өзі бостан босқа пайда болған жоқ, өйткені білімнің сапасын бақылау қоғамның мәдени میرасының, оның мәдени фонының және қоғам бағалайтын құндылықтардың бір бөлігі болып саналады. Қоғамдық сананың дәл осы қабатынсыз, яғни мәдениетсіз біртұтас жүйе ретіндегі қоғам да, оның бір элементі ретіндегі адам да болмас еді. Объективті әлемді тануға көмектесетін когнитивті шек бола отырып, бұл қабат кез келген жеке ойлардың өзіндік ішкі фоны ретінде көрінеді.

Осылайша біздің студентіміздің сынақта көрсететін білімі, емтиханды сәтті тапсыруға қатысты өз ойлары, жақсы баға алуға деген үміті, өзі білмейтін сұрақтар берілген билет тап бола ма деген қорқынышы т.с.с. сезімдері мен ойлары бар. Мұның бәрі жеке сана саласы (жоғарғы сол жақ алаң). Сонымен қатар студенттің бойында соматикалық және тәніне қатысты өзгерістер де жүре бастайды, мидың белгілі бір аймақтарында электромагнитті толқындар күшейеді, нейромедиаторлар деңгейі жоғарылайды және басқа да физиологиялық және химиялық өзгерістер жүреді. Бұл тән саласы (жоғарғы оң жақ алаң). Сонымен әрбір жағдайдың, адамның қоршаған ортадағы кез келген әрекетінің төрт өлшемі бар, олардың бір-бірімен өзара сабақтаса өріліп жататыны сондай, біреуіндегі өзгеріс құрылымдық ерекшеліктер мен өзге салалардың қызметіне міндетті түрде әсер етеді. Барлық нәрсенің себебі бар, барлық нәрсенің салдары бар.

Бұл мысалда келтірілген әлеуметтен мәдениетке, содан соң санадан тәнге қарай қозғалатын бірізділік кездейсоқ таңдап алынған жоқ, бірақ олардың қозғалысы мен кезегі басқаша болуы да мүмкін. Мәселе мынада, бүгінде заманауи ақпараттық технологияларды әлеуметтің бір элементі ретінде қолдану мәдениетті, сондай-ақ сана мен тәнді өзгертеді. Бұл жағдай ақпараттық процестерді қалыптастыру мен басқару процестері өзгергендіктен орын алады, олар өз кезегінде кез келген қоғам түрінің базасына айналады, өйткені қоғам мүшелерінің арасындағы кез келген қарым-қатынас пен байланыс солардың негізінде жүзеге асырылады. Кең мағынада алғанда, коммуникация немесе коммуникативті акт – екі немесе одан көп субъектінің арасындағы байланыс. Ал кез келген коммуникативті акт дегеніміз – ақпараттың қандай да бір формада, яғни көру (визуалды), есту немесе ұстап сезу арқылы және т.б. жолдармен берілуі. Талдауымыздың мақсаты үшін «білім» ұғымын өзіміздің санамыздың аясында қарастыратындай етіп шектейік, ал мұндай контексте сыртқы қоршаған орта түрлі ақпараттардың көзі болып қалады. Олай болса коммуникативті актыны мына үш процестің жиынтығы ретінде қарастырамыз: 1) әлдебір субъектіге тән білімді ақпаратқа айналдыру, 2) бұл ақпаратты байланыс арнасы арқылы тарату, 3) бұл ақпаратты субъектілер үшін ішкі бірліктер мен білімге айналдыру. Бұл процестер барысында мазмұндағы өзіндік ерекшелік біржола жойылады.

Ерекшеліктердің бұлайша жойылуы коммуникативті процестердің мазмұндық негіздерін жеңілдетеді, бұл мына мәселелерге байланысты. Ақпаратты жеткізу процесі (әлеумет саласы) әрқашан шу, кедергі секілді кері

факторлармен ұштасып жатады, бұл қабылданатын белгілердің толықтай таза күйінде жетуіне кедергі келтіреді. Ақпаратты сенсорлық деңгейде білімге айналдырып, субъектілендіру процесі кезінде бұл белгілер сүзгіден өткізіледі, өйткені адам ағзасы ақпаратты өте шектеулі әрі генетикалық тұрғыдан белгіленген диапазонда ғана қабылдай алады.

Ал білімді ақпаратқа айналдырудағы объективтендіру кезінде білімнің субъективті мазмұнының елеулі бөлігі, әсіресе оның ішінде нақты емес білім міндетті түрде алынып тасталады. Нақты емес білімге жеке адамның шеберлігі мен икемі, дағдылары, естеліктер, сезім, наным-сенімдер, идеалдар, құндылықтар және т.б. жатады. Бұл білім шектеулі және міндетті түрде субъектімен, оның іс-әрекетімен байланысты әрі ол жартылай немесе толықтай мазмұнын жоймай тұрып объективті түрге ене алмайды. Бұл жердегі қиындық тілдің шектеулі екенімен байланысты, оған сәйкес тіл дискретті таңба бірліктерінің жүйесі ретінде қарастырылғандықтан нақты емес білімнің мағынасын толықтай жеткізе алмайды. А. Поланидың қанатты сөзі мұны өте жақсы көрсетеді: «Біз әңгімелей алатын нәрсемізге қарағанда әлдеқайда көп білеміз» [89, 44-57 бб.]. Дегенмен, нақты емес білімнің белгілі бір бөлігі қалай болғанда да, біздің эмоциямыз, мимикамыз, қимыл-қозғалысымыз, көзқарасымыз және т.б. арқылы объективтендіріледі. Осындай жолмен берілетін белгілер адам үшін аса маңызды, өйткені олардың маңызы сөзбен жеткізілетін ақпараттан еш кем емес екені дәлелденген.

Ақпараттық технологиялар мен ақпарат тарататын заманауи желілік технологиялар пайда болғалы бері адам үшін коммуникативті актінің мағыналық мәні айтарлықтай азайды, бұл нақты емес білімді толықтай жоғалтумен байланысты болады. Себебі біз желіде тірі адамдармен емес, олардың виртуалды көшірмелерімен араласып, сөйлесеміз (әлеумет саласы). Желілік ақпараттық технологиялардың көмегі арқылы адамдармен жанама түрде қарым-қатынас жасау байланыстың тұлғааралық ерекшеліктерін жоғалтады, ал желіден тыс, шынайы өмірде нақты емес білімді объективтендіру арқылы қарым-қатынас кезінде бұл ерекшеліктер оңай қабылданады. Сондықтан желіде басқалармен араласып, сөйлесек, өзіміз қабылдайтын нәрселерді шынымен де әңгімелесуші адамның жеке қасиеті мен мінез-құлқының, оның ойларының, тілектерінің, қорқыныштарының көрінісі деп айтуға бола ма деген сұраққа жауап бере алмаймыз. Мұның бір себебі желі қолданушылары ақпараттық кеңістікке өз ойынша өзіне кесірі тимейтін және психологиялық жағынан жағымсыз сезім тудырмайтын ақпаратты ғана шығарып, көпшілік назарына ұсынады.

Желілік коммуникациялардың қолданушылары негізінен, өзі сөйлесіп отырған адамның шын есімін білмейді, қауіпсіздік шаралары үшін жеке тұлға өзін жасырын ұстайды және көпшілік назарына ұсынған ойларын да анонимді түрде жариялайды. Бұған мысал ретінде Ғаламтордағы түрлі қызметтерді, мысалы форумдар мен чаттарды, әлеуметтік желілер мен жеке күнделік беттерін және т.с.с. айтуға болады, ол жерлерде қолданушылардың аноним болып қалуы көп кездесетін әрі қалыпты саналатын жағдай. Ал егер

жеке күнделік пен чаттарда анонимдік аса маңызды болмағанымен, басқа кездері бұл жағдай қоғамның ақпараттық ресурстары мен ақпараттық ортасын дамытудағы елеулі негативті фактор болып шығады.

Бұған мысал ретінде халықаралық энциклопедия ретіндегі Википедияны (Wikipedia) келтіруге болады, ол қазіргі уақытта жалпы тұрғындар арасында, әсіресе, оқушылар арасында өте кең қолданылады. Оның мазмұнын Ғаламтор қолданушылары, яғни қарапайым адамдар толықтырып отырады. Көп жағдайда энциклопедиялық мақала жазғысы келген адамның белгілі бір мәселеге қатысты білімі жетпей жатады, сондықтан ол бар болғаны бір-бірімен басы бірікпейтін түрлі фактілерді құрастырып қана шығады. Оның үстіне, «көпшілікке белгілі», бірақ «бұрмаланған» фактілер өте көп, ал осы салада терең білім алған адам мақаланы дұрыстап өндегенімен, оның үстінен түзеткісі келетіндер де табылады. Дәл осы себепті Википедия білім беру және ғылым саласында сенімді дереккөзі ретінде қабылдана алмайды, өйткені тіпті, «білімді» болса да, тобырдың пікірі зерттеліп отырған тақырыпқа қатысты дұрыс түсінік қалыптастырмайды.

Қолданушылардың желіде бет-бейнесін жоғалтуы, аноним күйінде қалуы әрі ақпараттық ресурстардың тегін болуы жеке тұлғаның өз шығармашылығын жұртқа кедергісіз ұсынуы үшін қажет, бірақ бұл мәселелер оған кері ықпал жасайды – олар жеке тұлғаның рөлін ғана емес, сонымен қатар оның шығармашылығының жемісін де төмендетіп, кемсітеді. Желіде тек цифрлы форматтағы ақпараттардың сақталатыны белгілі, сондықтан цифрлы форматқа түсіруге келмейтін нәрселер желі кеңістігіне салынбайды және одан сырт қалады, бәлкім, ең маңыздысы да – осы шығар. Бүгінде шығармашылықтың орнын компиляция (*компиляция – біреудің зерттеулерінен құрастырып жазу*) басты, ал «жеке адамның қасиетінен жұрдай, үзік-үзік қарым-қатынас жасау тұлғааралық қарым-қатынастың маңызын төмендетті» [90, 14 б.].

Заманауи ақпараттық кеңістіктің тағы бір проблемасы ақпараттық ресурстардың дұрыстығына күмән келтіріп, олардың бағасын арзандатты, бұл жоғарыда айтылған мәселелердің салдарынан туындап отыр. Қоғамның кез келген мүшесінің іс-әрекетінің тиімділігі оны қоршаған ақпараттық ахуалдың қаншалықты қолайлы екеніне және ақпаратқа деген сұранысын қаншалықты дәрежеде оңай әрі сәтті қанағаттандыра алатынына байланысты. Бірақ бүгінгі қоғамдағы ақпараттық ахуал қолайлы емес. Біздің ақпараттық кеңістігіміздің шектеулі болуы дәл осы жағдайға байланысты: ақпаратқа көпшіліктің қолы жетерліктей болғанымен, қажеттісін табу оңай емес әрі кейде ақпараттардың белгілі себептерге байланысты бұрмаланатыны тағы бар. Қазіргі адамға өзін қызықтыратын ақпаратты табу оңай емес, өйткені ол ортақ ақпараттық тасқынға араласып жатыр, бұл ақпараттық тасқын соңғы онжылдықта мың есеге өсті. Бұл тасқыннан өзіңе қажетті ақпаратты тауып, бөліп алу – оңай міндет емес. Оның үстіне бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылатын бұрмаланған идеялар мен фактілерді пайдалана отырып, қоғамдық пікір мен сананы биле, өзгертуге

қатысты проблема да бар. Осының кесірінен адам ақпараттардың жетіспеушілігінен қандай зардап шексе, олардың көптігінен дәл сондай зардап шегеді, ал өзіне қажетті ақпаратты сүзгіден өткізе білу қасиеті адамның ақпараттық және интеллектуалды мәдениетінің аса қажетті құрамдас бөлігіне айналып отыр (сана саласы).

Тән, сана, мәдениет, әлеуметтен тұратын әдіснамалық схемаға қайта оралайық. Тілді қолдану кезінде қоғам мүшелері арасындағы байланыстың мағыналық салмағы әжептәуір азаятынын көрдік. Өз кезегінде компьютерлік және телекоммуникациялық техникаға негізделген заманауи ақпараттық технологиялар коммуникативті процестерді қалыптастыру мен басқаруды кәдімгідей өзгертетіндіктен бұл процесті жеке-даралықтан жұрдай етеді, ал субъектілердің нақты емес білімі одан ары қысқара түседі (жеке-даралығын жоғалту мен анонимдіктің кесірінен), ал кейде тіпті, мүлде жойылады. Тұлғааралық қарым-қатынастағы адам үшін маңызды саналатын бұл компоненттің болмауы мұндай қарым-қатынасты жай ғана физикалық механизмге айналдырады, онда ішкі түйсік сезімдеріне және алдын-ала белгіленбеген, жанды ойға орын жоқ.

Адам машинаға, әлеуметтік жүйенің кішкентай бөлшегіне айналады, ол бар болғаны қалыпқа салынып, қатып қалған мәліметтерді жеткізіп отырады. Адам санасының осылайша өзгеруі бүгінгі күннің маңызды ғылыми әрі философиялық проблемаларының біріне айналып отыр, ал ғылыми қоғамдастықтың алдында мынадай жаңа міндет тұр: ақпараттық технологиялардың барлық артықшылығын қабылдай отырып, қоғамның коммуникативті кеңістігін ақпараттандыру процесі кезінде туындайтын деструктивті салдарларды ой елегінен өткізу керек және осы талдауды негізге ала отырып, әлеумет, мәдениет, сана және тән физиологиясы деңгейлерінде бұл мәселелердің тиімді шешімін табу қажет. Осы мәселелердің шешімін табудағы бірыңғай әрі біртұтас әдіс қана қалыптасып жатқан ақпараттық кеңістіктің адамға тигізетін кері әсерін жоюға көмектеседі.

XXI ғасырда ақпаратсыз азаматтық қоғамның қалыптасуы мүмкін емес. Оның адамға әсері өмірге келгендегі алғашқы сәтінен басталады және оның өмірі бойы жалғасады. Ақпараттық алмасу қоғамдық қатынастардың барлық салаларын детерминдейтіндіктен, ал социум өміріндегі ақпараттың рөлі өсе түскендіктен, адам мен жалпы қоғамның дамуының маңызды шарттары адамдардың өзара іс-қимыл шекараларын өзгерту, заманауи ақпараттық технологиялар, әртүрлі коммуникативтік алаңдарда бағдарлау қабілеті негізінде ойлау қабілетін кеңейту болып табылады. Осыған байланысты тұлғаның ақпараттық кеңістігін және оның қалыптасуына әсер ететін факторларды зерттеу қажеттілігі туындайды.

Бұл ұғым бірқатар жұмыстарда тұлғаның «ақпараттық алаңы», аудиторияға қатысты «ақпараттық орта» [91, 56б.] зерттеу мәні ретінде көрсетілгеніне қарамастан, оның мазмұны ғылыми түсінік ретінде іс жүзінде әзірленбеген.

Біз тұлғаның ақпараттық кеңістігін келесідей анықтаймыз:

Біріншіден, бұл жағдайда «өзара әрекеттегі ақпараттық ағындар мен ақпараттық өрістердің үлкен әртүрлілігін қамтитын ашық өзін-өзі ұйымдастыру жүйесі» деп түсінілетін ақпараттық кеңістіктің бір бөлігі болып табылады [92,9б.]. Тұлғаның ақпараттық кеңістігінің бірнеше деңгейін бөліп көрсетуге болады – бір жағынан, ол қоғамда жұмыс істейтін әртүрлі әлеуметтік институттардың коммуникациялық алаңдарының жиынтығын, тұлғааралық коммуникациялардың алаңын, индивидтің өмірлік тәжірибесін, екінші жағынан, ол әртүрлі көздерден алатын және адамға қоршаған ортаға бейімделуге көмектесетін білім, мәліметтер, ақпарат жиынтығын қамтиды.

Екіншіден, тұлғаның ақпараттық кеңістігі – бұл объектілік-субъектілік феномен. Бір жағынан, ол тұлғаның коммуникациялық әсер ету объектісі ретінде саналы түрде немесе кенеттен қабылдайтын және игеретін білімін, ақпаратын қамтиды. Көптеген факторлар тұлғаның ақпараттық кеңістігін қалыптастыруға ықпал етеді: отбасы, білім беру институттары, түрлі әлеуметтік топтар, тұлғааралық коммуникациялар және бұқаралық коммуникация құралдары маңызды рөл атқарады.

Екінші жағынан, тұлға «әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекет субъектісі ретінде әрекет етеді, саналы іс-әрекет барысында ол әлеуметтік шындықты жасайды, жаңғыртады және өзгертеді» [93, 161 б.]. Сондықтан тұлғаның ақпараттық кеңістігі ақпаратты, білімді, мәліметтерді қамтиды, оларды тұлға мақсатты, таңдамалы және саналы түрде (бұл ретте олардың объективтілігін, шынайылығын және т.б. бағалай отырып) іріктеп алады. Бұл жағдайда біз субъективті шындықтың негізгі элементі «қоғаммен диалектикалық өзара байланыстағы» тұлға болып табылады деген тұжырымға келген П. Бергердің және Т. Лукманның феноменологиялық тұжырымдамасына негізделеміз [94, 282 б.].

Бір жағынан, ол әлеуметтік құрылымға, әлеуметтену және т.б. жағдайларға негізделген әлеуметтік процестермен қалыптасады, екінші жағынан – қалыптасқан тұлға сонымен қатар қоршаған ортаны қайта өзгертіп, оған әсер етеді, бірақ оны өз қызметінің өнімі ретінде қабылдамайды.

Басқаша айтқанда, адам өзінің қажеттіліктерін, мүдделерін, құндылықтарын және өмірлік бағдарын негізге ала отырып, өзінің ақпараттық кеңістігін өзі қалыптастырады. Біріншіден, әртүрлі көздерден алынатын ақпаратты таңдау, салыстыру және сұрыптау мүмкіндігі бар. Екіншіден, әрбір адам өзінің жеке ерекшеліктеріне қарай ақпаратты әр түрлі қабылдайды. Мысалы француз семиологы Ролан Барттың айтуынша, «сөздің мәні жоқ, сөз - нақты мәтінде алынатын мәннің мүмкіндігі ғана. Сонымен қатар, мәтіннің әр жаңа оқылуы жаңа мәнді тудырады, оқып тұрған адам өзінің мәтінін қайтадан жазғандай болады» [95].

Үшіншіден, М. Маклюэннің тұжырымдамасына сәйкес, «хабарлама құрал болып табылады», яғни әртүрлі медиа адамға және жалпы қоғамға әсер етеді және, сайып келгенде, бұл әсер хабарламаларда берілетін мазмұннан

маңызды болып табылады. Жаңа медианың – Интернеттің, сандық және желілік технологиялардың дамуымен – бұқаралық коммуникация құралдары тұлғаның ақпараттық хабарламаларды қабылдау ерекшелігіне ғана емес, сонымен қатар ақпаратты тұтынушы ретінде де әрекет ететін, сондай-ақ оны жасауға қатысатын тұлғаның мінез-құлқының ерекшелігіне де әсер етеді. Бұл құбылыс просьюмеризм атауын алды. Бұл ұғым «producer» – өндіруші және «consumer» – тұтынушы деген екі сөзден тұрады. Ақпараттық салада prosumer – медиалық контексті жасауға, өндіруге қалай да болса қатысатын медиалық контекст тұтынушысы.

Осылайша, тұлғаның ақпараттық кеңістігі белгілі бір мазмұнды, коммуникацияны толықтыруды білдіреді. Ю. Леваданың тәсіліне негізделе отырып [96, 121-122 бб.] коммуникацияның контентін сипаттайтын ақпараттың үш түрін және осыған байланысты тұлғаның ақпараттық кеңістігін қалыптастыруға ықпал ететін факторларды талдайық.

Құрылымдық ақпаратты тұлға өзара іс-қимылдың дәстүрлі түрлерінің көмегімен әлеуметтенудің ерте сатысында игереді және тұлға құрылымының өзіндік өзегін құрайды: наным-сенімдері, мақсаттары, құндылықтық бағдарлары.

Одан әрі адамның қоғамдағы тұрақты бағдарын тұлғаны кәсіпке, ғылымға, өнерге баулитын іргелі ақпарат жасайды. Бұл процесс әлеуметтенудің кейінгі кезеңінде орын алады. Мұндай түрдегі ақпарат адамға негізінен коммуникацияның арнайы арналары арқылы түседі. Бұл ретте ол құрылымдық ақпаратқа қарағанда жеке тұлғаның неғұрлым өзекті білімі мен мүдделерін қалыптастырады.

Жедел ақпарат әрбір жеке тұлға үшін өнегелік, құқықтық, идеологиялық және басқа да қоғамдық нормаларды өзектендіреді. Ол әртүрлі жерлердің шегінде ағымдағы оқиғалардан хабардар болуға мүмкіндік береді. Мұндай ақпараттың негізгі көзі массмедиа болып табылады.

Аталған ақпарат түрлері бір-бірімен өзара байланысты екенін атап өту қажет, мысалы, бұқаралық коммуникация құралдарында ақпараттың барлық үш түрі бар, бұл ретте көбінесе жедел ақпарат басым; студенттің ақпараттық кеңістігін қалыптастыру тек арнайы ақпаратқа ғана тұйықталмайды, оған жаппай ақпарат та, басқалары да кіреді.

Нәтижесінде, біз жеке тұлғаның ақпараттық кеңістігін қалыптастыруға әсер ететін объективті және субъективті факторлардың үйлесімі туралы айта аламыз. Осылайша, жоғарыда айтылғанның барлығын жалпылай отырып, мынадай қорытынды жасауға болады. Тұлғаның ақпараттық кеңістігі тұлғааралық коммуникация, жеке тұлғаның өмірлік тәжірибесі алаңдарының әртүрлі институттарының коммуникациялық өрістерінің жиынтығы болып табылады, олардың жұмыс істеуі осы қоғамның белгілі бір ережелерімен және нормаларымен регламенттеледі. Әлеуметтену процесінде адамда белгілі бір білім/мәліметтер/ақпарат жиынтығы қалыптасады, ол жеке тұлғаны сәйкестендіруге және қоғамның толық құқылы мүшесі ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Жеке тұлға, өз кезегінде, объект ретінде ғана емес, ақпараттық

кеңістікті қалыптастыру процесінде субъект ретінде де әрекет етеді. Бұл тұжырым «біздің қарым-қатынас жасайтын ортамыз бізді сол орта белгілейтін шектерде қалдыра отырып, біз, өз кезегімізде, оны өзіміз қалыптастыратындай етіп қалыптастырады» дегенге негізделеді [97, 31 б.].

Ақпарат бүкіл әлеуметтік кеңістікті қамтып, қоғамның, биліктің, азаматтардың іс-әрекет мазмұнына үнемі ықпал етеді. Бұл кеңістік, уақыттық, әлеуметтік, тілдік кедергілердің жойылуына әкеліп, әлеуметтік әлемде біртұтас және ашық ақпараттық кеңістік дамиды.

Ең маңыздысы, бұл кеңейген кеңістік қоғамдық өмір мен оның әрбір қатысушысына және әр түрлі саласына едәуір ықпал етеді.

Өз кезегінде, ақпараттық кеңістіктің өзі біркелкі емес, ол ақпараттың түрлі дереккөздерімен түрлендірілетін, таратылатын күрделілігі жағынан түрлі алаңдардың шексіз жиынтығынан тұрады.

Бұл ретте әрбір адам, қоғам немесе мемлекет әр түрлі ақпараттық кеңістіктерде бір мезгілде бар және өзара байланыста немесе дербес болады. Бұл кеңістіктердің тоғысуында өзінің жеке ақпараттық кеңістігі бар адам тұр.

«Глоссарий.ру» сөздігінде ақпараттық кеңістік банктер мен дерекқорлардың, оларды алып жүретін және қолданылатын технологиялардың, жалпы қағидалардың негізінде жұмыс істейтін және ұйымдар мен азаматтардың ақпараттық әрекеттестігін қамтамасыз етіп, олардың ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыратын телекоммуникациялық жүйелердің жиынтығы ретінде анықталады.

Осы мысалдағы позицияны А. Райков та ұстанады. Ол ақпараттық кеңістік деп ақпаратты сақтау мен мақсатты өңдеумен байланыстырады. Ақпараттық ресурстар мен оларды өңдеу құралдары (базасы, сыныптауыштар, құжаттар стандарттары, компьютерлер, телекоммуникациялар т.б).

Бізді мұндай тәсілдеме қанағаттандырмайды. Өйткені жоғарыда келтірілген анықтамалар техникалық ғылымдар мен телекоммуникациялық салаларда қолданылады және ақпараттық ресурстар мен оларды өңдеу құралдарының жиынтығы болып табылады.

Расында да, ақпараттық кеңістіктің негізін ресурстар мен деректер базасы құраса, ақпараттық қатынастың негізі деп олардың өзара қарым-қатынасын болжауға болатын шығар.

Ал мемлекеттік және қоғамдық институттардың ақпаратты іс жүзінде қолдануы бұл жерде ескерілмейді. Ақпараттық кеңістіктің осындай мәнісін түсінудің екінші кемшілігі ақпараттық саясат субъектілерінің рөлін (маңызын) бағаламаудан туындайды.

Ақпараттық кеңістіктің мәнісін түсінудің өзге де жолдары бар. Башқұрт ғалымы З. Темірболатовтың пікірінше, ақпараттық кеңістіктің басты компоненттері болып әлеуметтік ақпарат, бұл ақпаратты тұтынушыға табу мен жеткізу, сонымен қатар тұтынушыдан ақпарат дереккөзіне. Осы теориялық сәлемдемелерді негізге ала отырып, ғалым ақпараттық кеңістікті

әлеуметтік ақпараттың және бұл ақпаратты алу мен жеткізу құралдарының көмегімен мақсатқа жету үшін адамдық болмыстың қозғалысын реттейтін әлеуметтік кеңістіктің шекарасы ретінде дәйектейді [98, 44 б.].

Біздің көзқарасымыз бойынша, Башқұрт ғалымы ақпараттық кеңістіктің маңызды сапасын айқындаған – барлық ақпарат оның құрылымының негізі бола бермейді. Бұл жағдайда сөз тек әлеуметтік ақпарат туралы (статистикалық, семантикалық, комбинаторлық, т.б.) өйткені дәл осы әлеуметтік ақпарат жеткізілетін хабарламалар мен мәліметтерді түсіндіру мен ұғыну мәселесімен тікелей байланысты. Сондай-ақ, әлеуметтік ақпараттың қандай да бір тұтынушыға жеткізілмеген жағдайда әлеуметтік мағынасы болмауы да мүмкін. Сондықтан ақпаратты жеткізудің жолдары оны алудың тәсілдері мен мүмкіндіктері ақпараттық кеңістіктің маңызды, бірақ аса мәнді емес сипаттамасы.

Мұндай көзқарас саясаттанушыға оның әлеуметтік бағыттылығы жағынан жақын, әйтсе де ол ақпараттық кеңістіктің түп төркінін айқын жеткізе алмаған. Біздің пікірімізше, мазмұнды жоспарда оның анықтамасын дәлдеу жөн. Яғни бұл ресурстар мен оларды өңдеудің механикалық сомасы ғана емес, сонымен бірге әртүрлі қоғамдық субъектілерінің тап осы ресурстар мен құралдарға қарым-қатынасының белгілі бір конфигурациясы. Басқаша айтқанда, ақпараттық кеңістікке келіп түсетін барлық ақпарат – бұл әлеуметтік кеңістікте өз орнын ойып алған ақпаратты бейнелеу.

Ақпараттық кеңістіктегі ақпаратты тарату қалай жүзеге асырылады? Белгілі бір ақпаратқа қызығушылық адам миындағы қозумен байланыстырылады және ол сыртқы әсерлердің ықпалымен жүзеге асырылады. Адам бұл тітіркендіргішті елемей немесе оған назар аударуы, көз тастамай қарап, құлақ асуы [99, 58 б.] және басқа да түйсіктерін қолдануы мүмкін.

Бірақ көбінесе адам өзінің назарының біркелкілігін қадағалай алмайды. Себебі жаңа қоздырғыштардың саны ұлғая бастайды және ми қозудың пайда болған ошағын тежей алмайды. Ақпарат та осылайша ақпарат кеңістігінде таралады. Тек кейбір БАҚ-тар өзгеше тақырыптарды таратып, БАҚ-ты «тұтатады». Бірақ айқын, өңделген ақпараттық «себепті қоздырғыштар» да болып тұрады. Олар билік пен қоғамның, азаматтардың назарын еріксіз аудартады.

Осы айтарлықтай маңызды ақпараттық себептердің айналасында ақпараттық кеңістіктің басым түсетін ошақтары пайда болады. Олар жайында депутаттар, шенеуніктер мен сарапшылар сұралады. Оларды жариялауға газет-журналдардың басты беттері бөлініп, телевизиядағы прайм-тайм беріледі. Ақпараттық кеңістіктің қоздыру ошағының пайда болуы үшін әдеттегідей, бір шулы себеп (мысалы, 2001 жылғы 11 қыркүйек) немесе кішігірім қоздырғыштардың тізбегі қажет. Өзінің қоздыру қабілетін тауысқан басым ошақ ұсақ қалдық ошақтарға ыдырап, әлсін-әлсін тұтанады да бастапқы кейде тіпті басым ошақтарға айналады. Соңғылардың мысалы ретінде Ауғанстандағы америкалықтардың 2001 жылғы 11 қыркүйектегі

лаңкестік шабуылдың салдары ретінде қабылданған әрекетін атауға болады.

БАҚ ақпараттық кеңістіктің қосалқы жүйесі болып табылады. Шындығында олар жасап, тарататын оқырмандар аудиториясы мен редакциялық мекемелердің жиынтығы және ақпараттық өнім. Біздің ойымызша, ақпараттық кеңістіктің қызметі БАҚ жүйесі біртұтас болғанда ғана нәтижелі болмақ:

Әр түрлі әлеуметтік жүйелер (заң жүзінде) ақпараттық кеңістікке жол беретін және қоғамда пікірді ашық білдіретін бірдей (5) мүмкіндіктен тұрады; – БАҚ ақпараттық байланыстардың (ұлттық, өңіраралық, аймақтық) нығайту жолында қызмет атқарады; - ақпараттық үдеріс тұрақты түрде кез келген азаматтың, әлеуметтік топтың, мемлекеттік билік институтының қоғамның рухани әлеуетіне араласуына мол мүмкіндік береді; - ақпараттық кеңістікте тұлғаны, қоғамның, мемлекеттің кепілдендірілген ақпараттық қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Заманауи әлеуметтің ақпараттық кеңістіктегі қалыптасуы неден басталады? Негізгі мақсаты қызметтің барлық саласында тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің ақпараттық қажеттіліктерін толықтай қамтамасыз ететін, тұрғындардың өмір сүрі сапасын жақсартататын, қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыратын, телекоммуникация мен есептеу техникасын енгізу негізінде мемлекеттегі әлеуметтік-саяси қатынастардың тұрақтануына жәрдемдесетін ақпараттандырудан басталады. Осыған орай, біз «ақпараттық капиталды» ақпараттандырудың табыстылық көрсеткіші ретінде қолдануды ұсынамыз. Өз кезегінде, ақпараттық капитал біздің ойымызша, ақпараттық кеңістіктегі әлеуметтік капиталдың бейнесі.

Бүгінгі күні іс-әрекеттердің координациясын жеңілдету арқылы қоғамның тиімділігін арттыратын «әлеуметтік капиталдың» сенім, әлеуметтік қағидалар мен желілер секілді «әлеуметтік ұйымдастырудың (ұйымның) ерекшеліктері деп аталатын теориялар аз емес. Р. Патнэм тұжырымдаған әлеуметтік капиталдың бұл тұжырымдамасы мен анықтауға және әлеуметтік капиталды екі немесе одан да көп жеке адамдардың арасындағы байланысқа ықпал ететін «дәлелденген бейресми нормаларға Ф.Фукуяманың дефинициясы жақын» [100,104б.]. Әлеуметтік капитал институттардың құрылуы, заңдардың қабылданып, қағидалардың (нормалардың) орнатылуы арқасында жинақталған заманауи қоғамның мәдени-ақпараттық компонентін құрайды.

«Ақпараттық капитал» ұғымы басқарудың автоматты жүйелеріне бағытталған салалар мен білімнің қаржы-экономикалық саласында жиі кездеседі. Осылайша, CBOSS компаниясы қызметкерлерінің пікірінше, ақпараттық капитал кез келген кәсіпорынның маңызды ресурсы (қоры) болып табылатын корпоративті (бірлескен) ақпаратты сақтауға бағытталған. Оның көмегімен бизнестің (кәсіпкерліктің) қызметі мен құрылымы, қызметкерлердің коммуникациялық мағлұматтары, әр түрлі форматтағы құжаттық ресурстар туралы мәліметтер біріктіріледі 1. Шындығында, бұл жағдайда ақпараттық капитал осы кәсіпорын (копорация) үшін маңызды

символдарды сақтау болып қарастырылады.

Біздің шамаламауымызша, саясаткер үшін бұл аздық етеді. Сондықтан зияткерлік капитал зияткерлік меншікпен байланыстырылатын тәсілдемемен келісеміз. Зерттеуші Э. Брукингтің пікірінше, зияткерлік капитал зияткерлік меншікті (патент, авторлық құқық, дизайнға құқық, өндірістік құпиялар (сырлар), ноу-хау, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі) білдіреді 2. Бұл ретте зияткерлік капитал оларды өндірушілерден шеттетіліп сауда-саттық объектісі болатын белгілі бір ақпараттық өнімдерге айналады. Э. Брукинг ақпараттық өнімнің өндірушіден бөлектелуін және меншік иесінің өнімді пайда табу [101, 31 б.] ақпараттық капиталдың болуын дәлелдейді.

Анықтама авторларының ақпараттық капиталды тек қана экономика шеңберінде қарастыруына қарамастан, олардың ұстанымында оңтайлы түйірдің бары анық. Ақпараттық капиталдың бөлектенуі оның әлеуметтік капиталмен сәкес еместігін көрсетеді, екіншіден, ақпараттық кеңістік әлеуметтік кеңістіктің проекциясы бейнесі болып табылатынын түсінуге мүмкіндік береді.

Мұндай тәсілдеме авторды толыққанды қанағаттандырмайды, өйткені ақпараттық капитал («информкапитал») жеткіліксіз түрде түсіндіріледі. Біздің пікірімізше, ақпараттық капитал деп әлеуметтің ақпараттық әрекеттесу, байланыс мүмкіндігін, ақпараттық кеңістіктегі табысты іс-әрекеті мен даму дәрежесін айтады.

Әуелі тұлғаның ақпараттық кеңістікте пайда болатын мүмкіндіктерін қарастырайық. Осылайша, америкалық ғарым К. Линчтың пікірінше, кез келген қала тұрғынына қаланың әлеуметтік кеңістігінің тек шағын бөлігі тиесілі. Бірақ дамыған тұлғаралық ақпараттық желілер тұлғалар мен топтардың іс-әрекеттік және өндірістік мүмкіндіктерін арттыратын қуатты мультипликаторына айналды.

Айрықша әлеуметтік субъект – «желілік әлеуметтік актор» пайда болды. Іс жүзінде актор тіршілік ресурстарын бір уақытта үздіксіз әрі қарқынды жинақтап, «сыртқы» әлеуметтік ортаның артық қысымынан қорғайтын механизм – бастапқы экоқұрылымды қалыптастырады [102, 167-169 бб.].

Осы іспеттес негізгі механизм ретінде әлеуметтік желілер қарастырылады (желілік технологиялардың толыққанды дамуы тек ақпараттық кеңістікте жүзеге асуы мүмкін. Расында, қазіргі уақытта Ғаламторда *social networking* (әлеуметтік желілер) ұғымы танымал. Ол адамдарға дәстүрлі әлеуметтік институттардың көмегінсіз бірін-бірі тануға бағытталған веб-порталдар. Желілік қоғамдастықтарды тек ғаламторда араласатын құру арқылы пайдаланушылар ой-пікірлерімен емір-еркін алмасып ортақ қызығушылықтары негізінде достық қарым-қатынастарды қалыптастырады. Заманауи желілік қоғамдастықтар тұлғаның рухани, кәсіби өсуіне ықпал ететін аспаптармен қамтамасыз етілген.

Жақын ара-қатынастың өздігінен туындамайтыны анық. Адамдарды ортақ қызығушылықтар, қызмет пен әуесқойлық байланыстырады. Осылайша құрылған желілерде ұқсастық қағидасының барлығы бар, ал

кемшіліктер жоқтың қасы. Егер желі сенім негізінде құрылса, сіздің ақпараттану деңгейіңіз сіздің не білетіндігіңізбен емес, кімді білетіндігіңізбен анықталады. Басқаша айтқанда заманауи әлеуметтегі қарым-қатынас түрі барған сайын желілік сипатқа ие болуда. Зерттеуші В. Юдаевтың талдауы саяси-әлеуметтік үдерістің барлық қатысушыларының тіпті бөлек азаматтың желілік белсенділік деңгейінің үдеуін болжауға мүмкіндік береді. Осылайша, желілік коммуникациялардың логикасы барлық коммуникациялық үдерістердің сипатын қалыптастыра бастайды.

Расында да, дамыған коммуникациялық қызметтер азаматтарға билікті олардың жанама байланыс жолымен қалыптастыруға жағдай туғызады. Осы орайда азаматтардың жанама қатысу мүмкіндігі [103, 9 б.] және олар қалыптастырған құрылымдар теориялық тұрғыда мемлекет басшылығына оңай жүгініп, қоғамдық және саяси иерархиядағы мәртебесі мен тұратын жеріне қарамастан өз қызығушылықтарын есепке алып, іске асыруға мүмкіндік береді. Мобильді байланыс желілерінде мәліметтерді таратудың жаңа технологиялары ақпараттық кеңістікте (m-government немесе «мобильді үкімет») мемлекет пен азаматтардың жаңа перспективалық әрекеттесу үлгілерін жасауға мүмкіндік береді.

Билік әрекетінің келесі қадамы азаматтарды ғаламтор арқылы мемлекеттік басқару жүйесіне едәуір белсенді тарту, тіпті азаматтарды мемлекеттік шекараны күзетуге қатыстыру болмақ. Мысалы Техас штатының басшылығы Мексикамен шекараны бойлай бейнелерді ғаламторға жеткізетін жүздеген бейнебақылау камераларын орналастырды. Нелегалды иммигранттардың мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өткенін байқаған азаматтар тегін телефон нөміріне хабарласып, билік өкілдеріне құқық бұзушылық туралы хабарлай алады.

Ауқымды коммуникациялық қатынастардың негізінде саяси шешімдерді қабылдау үдерістері туралы ақпараттардың азаматтарға қолжетімділігін қалыптастыру билікке, біріншіден, қоғамды шенеуніктердің озбырлығынан кең деңгейде қорғауға, екіншіден, азаматтардың билік органдарына ықпал етуіне мүмкіндік жасайды.

Бұдан әрі қалыптасып жатқан ақпараттық кеңістікте қоғамдық билестіктердің, қызығушылық топтарының қатысу мүмкіндіктерін қарастырайық. Ол жаңа ұйымдардың қалыптасу шығындарын азайтып, жаңа бейкоммерциялық ұйымдардың ұлғаю факторы болып, азаматтық қоғам институттарының көп мөлшерде қалыптасуы.

Ақпараттық кеңістікте азаматтық қоғам институттарының қалыптасу үдерісінің үдеуі және шығындардың азаюы бірінші кешекте жаңа ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етіледі [104, 16 б.]. Ақпараттық кеңістік арқылы әлеуметтік жобалаудың мүмкіндіктерін децентрализациялауға болады (орталықсыздандыру). Интернет-сайттаркез келген белгіленген мінездемелермен әлеуметтік қоғамдастықтарды жобалауға мүмкіндік беретін әлеуметтік жобалаудың неғұрлым айқын аспаптары болып табылады. Қазіргі уақытта желілік ресурстарды жасау шамалап айтқанда сайттардағы

баннерлік немесе өзге де жарнама есебінен орны толатын коммерциялық сипат алғанын айта кетейік. Бұл ретте айқын тақырыптық сайт айналасында қолданушылардың тұрақты қоғамдастықтарын («комьюнити») қалыптастыру маркетинг саласында мейлінше жоғары дамыды.

Алайда, зерттеуші-политолог үшін ақпарат кеңістігінде коммерциялық емес ресурстар айналасындағы ғылыми, білім беру саяси, құқық қорғаушы, ойын-сауық «комьюнитидің» қалыптасуы едәуір қызығушылық тудырады. Шындығында, олар азаматтық қоғам институттары қалыптасуындағы кристалдануы мен даумының ядросына айналды. Ақпараттық ресурстарды жасау құру мен қолдауға және максималды (барынша көп) кері байланыстағы жарнамаға кететін шығынның аздығымен географиялық үлестірілген ұйымдарды қалыптастырудың айтарлықтай маңызды құралы болып табылады. Саяси аспектіде ақпарат кеңістігінде жаңа (мемлекеттік емес) ұйымдардың қалыптасуы мен олардың қызметін қолдау олардың саяси қатысудағы әлеуметтік шығындарын азайтады.

Бұдан әрі мемлекет пен азаматтық қоғамның арасындағы әрекеттестіктің өгерісіне ақпараттық кеңістіктегі ауысуы арқылы назар аударайық [105, 146.]. Ш. Монтескьенің ойынша, көлемі бойынша үлкен мемлекеттердің бірлігін сақтаудың екі-ақ жолы бар: зомбылық пен федерация. Федерализм мемлекеттік құрылыс түрлерінің бір нұсқасы ғана емес, ол демократияны сақтау мен нығайтудың жалғыз нұсқасы. Вертикальдарды салу нәтижесінде саяси-мемлекеттік жүйенің «қатандығы» өсіп, қоршаған орта өзгерістеріне бейімделу қабілеттілігі азаяды.

Федералды билік қана емес, аймақтық элиталар да Ресейдің жаһандық ақпараттық қоғамға тартылуын қайтымсыз деп зерделейді. Яғни жаңа ақпараттық құралдарда қалыптасқан мемлекеттік басқарудың ақпараттық-коммуникативті құрылымы билік пен басқаруды көлденең (горизонтальды) және тігінен тізеді.

Қазіргі уақытта билік органдарын ақпараттандыру мен желілендіру көптеген дамыған және ауыспалы экономикасы бар мемлекеттерде жүзеге асырылатын мемлекеттік басқаруды реформалаудың негізгі элементтерінің бірі. Әкімшілік реформалардың негізгі қызметі мемлекеттік аппарат тиімділігін сәтті коммерциялық фирмалардың деңгейіне көтеріп, мемлекеттік басқарудан мемлекеттік менеджментке өтуін қамтамасыз ету. Бұл ретте бірінші кезекке ұйымдастырушылық икемділік, инновацияларды басқару, қызметкерлердің айтарлықтай іс-әрекет еркіндігі мен децентрализациясы шығады. Дәстүрлі бюрократиялық тәуелділік пен иерархиялық бағынушылықтың орнына дербестік (автономия) пен биліктің міндеттерді орындаудағы жауапкершілік қағидасы біртіндеп келуде. Расында, мемлекеттік қызметтерді бақылау үшін [106, 466.] оларды қолданушылармен яғни, халықпен кері байланысты қамтамасыз ету қажет. Мұны ақпараттық кеңістік арқылы жүзеге асыру жылдам әрі тиімді. Осы орайда интерактивтілік мұндай байланысты жүзеге асырудың нәтижелі құралы болып табылады.

Ақпараттық кеңістік саяси үдеріске не береді? Дәстүрлі саяси үдеріс жағдайында жеке адам немесе кішігірім топ едәуір ірі элементтердің қызығушылықтарын білдірушілер ретінде өмір сүреді. Ақпараттық кеңістік дағдылы масштабтардың ара қатынасын өзгертуде. Саяси коммуникацияның дәстүрлі қатысушылары үдеріс перифериясына ығыстырылмайды. Бірақ ақпараттық/желілік инфрақұрылымның ерекше түрі есебінен басқа да ықтимал субъекттердің құқықтарымен тендеседі. Ақпараттық инфрақұрылымды қолдауда білімді өндіру мен интерактивтілік қорын қолданатын кез келген адам немесе топ мемлекетке қарағанда едәуір әлеуметтік маңызға ие болуы мүмкін. Яғни ақпараттық кеңістік әрекеттестікті тасымалдау барысында әлеуметтік субъекттердің әрекеттесу жүйесін қағида тұрғысында алмастырады.

«Ақпараттық кеңістік» ұғымын түсіну үшін қолжетімді ақпараттың ұлғаю көлемі немесе оның жалпылығы негізгі болып табылмайды. Маңыздысы, бұл кеңістікте әлеуметтік байланыстар ерекше түрде көрінеді. Онда әлеуметтік кеңістіктен өзгеше іс-әрекет пен тәртіптің айрықша пішіні қалыптасады. Ақпараттық кеңістіктің ерекшелігі өзіне ғана тән ойын ережелері және субъекттердің жаңа түрлерінің пайда болуымен байқалады. Ақпараттық кеңістікте шағылысқан әлеуметтік капитал болып табылатын ақпараттық капитал қалыптасады.

Ақпараттық кеңістіктің саяси мәні мынадай: ол арқылы кез келген азамат, қоғамдық ұйым, мемлекеттік құрылым немесе элиталы топ саяси үдерістерге қатыса алады. Бұдан басқа, саяси үдеріс ақпараттық кеңістікте айтарлықтай дәрежеде проекцияланады, визуалданады, бірақ ақпараттық кеңістіктегі жеке «көшірме» болып табылмайды.

«Адам ақпаратқа үш деңгейде ие болады деп айтуға болады. Бірінші-биологиялық яғни генетикалық; екінші-әлеуметтік орта арқылы; үшінші-техника арқылы ақпаратты қабылдап, оның өмірлік жолы мен бағыт-бағдары айқындалады. Ақпараттың тасымалдану мен таратылуының жылдамдауын ықпал ететін технологиялар, көпшілік бұқараның өміріне енуі, олардың мәдени деңгейін көтеріп, сауатын ашуда. Бұл дегеніміз бұрын баяу қозғалыстағы қоғамның бөлшегінің үрдістерін жылдамдататындығы сөзсіз [107, 61 б.].

2.3. Қазіргі еліміздегі әлемдік ақпараттық технологиялар мен ақпараттық желілердің таралу аймағы

Жаһандану заманында ақпараттық технологиялар бүкіл әлемге тарап келеді. Бір ерекше жағдай, дүниежүзінде ХХІ ғасырда әлі күнге дейін алғашқы қауымдық құрылыс сипатында өмір сүріп жатқан тайпалар мен одақтар жоқ емес. Философиялық сауал туындайды: олар неліктен осындай ғұмыр кешуді жалғастырып отыр? Біріншіден, ол экологиялық тазалықты сақтау балансының алоризмі, екіншіден, артта қалу мен ілгерілеудің шартты екендігі, үшіншіден, даму дегеніміздің тек қана құбылыстар мен үрдістердің өзгеруі болып табылатындығы туралы пайымдауымызға болады. Осыған

орай, біздің еліміз өзінің басқа таңдау жолын анықтады. Әлемдік өркениетке ілесу мен өркендеудің өзіндік үлгісіне еліктеуді негізге алды.

Белгілі бір жылдары кейбір, Түркіменстан сияқты мелекеттер интернет желілерін бас тартқан еді. Бірақ заман шындығы мен өркниет дамуының талаптары ол шешімнен бас тартауға алып келді.

Әйтсе де, интернет құралдарына деген әрқилы көзқарастар қалыптасты. Кейбір ойшылдар оның жағымсыз қырларын ғана көре білсе, кейбірі оның жағымды жақтарын саралап берді. Әрбір құбылыстың жағымды және жағымсыз жақтары бар екендігін ескере отырып, қоғамдық пікірлерді саралаймыз және оның Қазақстанға қатысты қырларын зерделейтін боламыз.

«Интернет-тәуелділік» терминін И.Гольденберг ұсынған болатын: ол адамның тұрмыстық, оқу, әлеуметтік, еңбек, отбасылық, қаржылық немесе психологиялық аумақтарына зиянды ықпалы бар интернет пен компьютерді қолданудың нәтижесінде орын алатын мінез-құлықтың ауытқуы. Бірақ, қазіргі кезде интернет тәуелділік өз бетінше жеке сырқат деп есптелмейді. Жаһандық тораптың популяцияның білімді бөлігіне тартымды екендігі дәлелденген. Интернетті мөлшерден артық қолданылатын тұлғалардың орта шамамен 15 жыл білімі бар екендігі анықталған.

Orzak (1999) бойынша ересек жастағы аддиктер мен әйелдер жеке хабарламалармен жасырын алмасу мүмкіндігі бар чаттарда жиі тіл табысады. Жас адикттер мен ер адамдар ойындарға әуес келеді. Ресейде компьютерлік тәуелділік мәселесін А.Жичикина (интернет тәуелділік шкаласы), Е.Щепелина («интернетті қабылдау» сұрақнамасы), И.Бурлаков (компьютерлік ойындарға тәуелділік), интернетке тәуелділікті кешенді зерттеген О.Генисаретский пен Н. Носов, А.Е. Войскунский сынды ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Қазақстанда интернетке тәуелділікті Е.Е. Жарасбаев, А.Алтай Б.Ерниязов студенттердің интернетке тәуелділігін қарастырып, оны жоюға бағытталған ұсыныстарды береді. Интернет тәуелділікке көп жағдайда жастар, атап айтқанда студенттер, жасөспірімдер шалдығуда деп айтуға негіз бар, өйткені олар достарымен тіл табысу, ақпарат көздерін іздеу себептерінен интернетке көп уақыт өткізеді. Сол себепті, интернетке тәуелділіктің адамның кәсіби іс-әрекеті мен біліміне байланысты болмайтындығын ескере отыра, жастарды мұндай сырқатқа душар болудың алдын алу шараларын жүзеге асырған жөн деп есептейміз.

1970 жылдардың соңында адамдар бір-бірімен әңгімелесе алатын алғашқы электронды хабарландыру тақталары пайда бола бастады. Әрине, сол кезде бүгінгідей ыңғайлы болған жоқ, бірақ адамдарды ғаламторда біріктірудің бұл алғашқы қадамдары еді. Келесі кезең, алғашқы on-lain сервистердің пайда болуы еді. Әңгімелесуге арналған чатты жасаған бірінші компания *CompuServe* болды. Сервисте әңгімелесудің бір сағатына 30 доллар төлеу керек еді, бұл осы компанияның негізгі кемшілігі болды. Кейін жедел хабарламалар жүйесі пайда болды. Файлдарды жіберетін

және чаттағы жедел әңгімелесудің бірінші сервисі, 1988 жылы *MultiUserTalk* программасын алмастырған *IRC (Internet Relay Chat)* болды. 1991 жылғы «Шөлдегі дауыл» әскери операциясын (on-lain) режимінде бүкіл әлемнен келген хабарламалар трансляциясынан кейін *IRC*-дің кең танымал болды. *IRC*-дің негізгі кемшілігі шектеулі қолдану болды.

1990 жылдардың ортасында *ICQ* құрылды, ол жеке компьютерлерге арналған жедел хабарламалар жеткізудің бірінші жүйесі болды. *ICQ*-дің негізін *Mirabilis* компаниясы қалады. Бүгінгі таңда *ICQ Mail.Ru Group*-тың құрамына кіреді, 2012 жылдың наурыздағы көрсеткіш бойынша әлем бойынша 23.4 млн. қолданушысы бар. Әлеуметтік желілер Интернетте 1995 жылдан бастап кең таралған, осы жылы бірінші әлеуметтік желі-*Classmates.com* (Сыныптастар) сайт ашылды. 2003-2004 жж. *MySpace*, *Facebook* жобалары шықты. Сауда ұжымдары әлеуметтік желілерге үлкен қызығушылық көрсетті. Осындай жобалар бірнеше миллиондық аудиторияны тартты әрі олардың жарнамасы қатты әсер жасады.

В контакте – қолданушыларының жасы 16-30 жастар аралығында. Пайдасы достарыңмен араласып, хат алмасып отырасың. Туыстарыңның, достарыңның фотоларын көресің. Жаңалықтан құр қалмайсың. Неше түрлі видеолар және кинолар көресің, кинотеатрға бармай-ақ. Бұрынғы аталарымыз бен апаларымыз тыңдап келе жатқан әндерді және қазіргі заманғы әндерді таба аламыз. Группа деген бар, ол жерде неше түрлі нәрсе білуге болады. Мысалы, жұлдыздар туралы күнделікті жаңалықты оқисың. Ғылым мен техника саласында не болып жатқанын біліп тұрасың. Тіпті, адамдарға әдейі айтылған нақылдарды тамсана қарап оқисың. Зияны ол адам сол әлеуметтік жүйеге тәуелді болып кетеді.

Fakebook – жаңалық алуға, дос табуға, уақыт өткізуге, ең бастысы көптеген пайдалы нәрселер алуға ыңғайлы әлеуметтік желі. Қолданушылар жасы 20-40 жастар аралығы. Дүние жүзінен достар табуға болады. Топтар ашып, көптеген жұмыс бітіруге болады. Сайлаудың алдында қандай ресми партиялар бар екенін, қандай көсемдер мен шешендер бар екенін білуге болады. Біреудің бір суреті, видеосы немесе жазбасы ұнаса, оны басқалармен бөлісуге болады. Жастарға онша қызық емес. Бұл жерде кілең басшылар отырады. Бұл әлеуметтік жүйеде босқа отырмайды.

Twitter – таза кәсіби, қысқа-нұсқа, қажет жазбаларды ғана оқуға арналған әңгіме айтып отыруға өте ыңғайсыз әлеуметтік желі. Қолданушылардың жас шамасы 25-35 аралығындағы журналистер, блогерлер немесе шенеуніктер. Негізі жаңалық алмасуға, күнделікті оқиғаларды дер кезінде жариялауға өте ыңғайлы. Сондықтан журналистер, блогерлер немесе шенеуніктер барған жерінде көргендерін ағызбай-тамызбай жазып отырады. Өзіңе кімнің жазбасы қызық болса соның оқушысы боласың, сол сияқты сеніңде өз оқырмандарың болады.

Mail.ru – қазіргі кезде жастар ол әлеуметтік желіні қолданбайды. Тек қана почта арқылы жұмыстарын мұғалімдерге жіберіп отырады және үлкен

мекемеде жұмыс істейтін адамдар іс-қағаздарды пошта арқылы жіберіп, байланыс жасайды.

Gmail (Google Mail, G-mail) - бұл Google-дан ақысыз электрондық пошта қызметі. Қазір әлем бойынша ең көп қолданылатын электронды пошта.

Whatsapp – қазіргі таңда жастардың көп қолданатын желілердің бірі. Тек қана жастар ғана емес, үлкен кісілерде қолданады. Оның пайдасы аудио мен сөйлеп жіберуге болады. Өлең, видео, фото бір-бірімен алмасуға болады.

Instagram – жастардың әлеуметтік желісі. Оның ерекшелігі күнделікті не істеп жүргенінді фото арқылы достарыңа көрсетесің.

TikTok – бұл Бейжіңнің ByteDance компаниясына тиесілі қысқа бейнелерді жасау және қарау қызметі.

Zoom – бұл штаб-пәтері Калифорниядағы Сан-Хосе қаласында орналасқан американдық байланыс технологиялары компаниясы, бұлтқа негізделген қашықтықтағы конференциялар қызметін ұсынады. Әлемдік пандемия кезінде үлкен сұранысқа ие болды.

Microsoft Teams – бұл жұмыс кеңістігінде сұхбаттасуды, кездесулерді, жазбалар мен тіркемелерді біріктіретін кәсіптік платформа.

Viber – кең қолданылып келе жатқан әлеуметтік желі.

Другвокруг- хат алмасуға арналған желі. Былайша айтқанда, керек емес әлеуметтік желі.

Imo, Skype – екеуі бірдей міндетті атқарады. Бірақ, *Skype* бұрыннан келе жатыр. Және шетелдегі халық пен байланыс жасай аласың. Хат алмасуға да болады. Ал, *Imo* енді еңген жүйе. Ол дәл *Skype* сияқты. Қазіргі таңда интернетке тәуелділік қазіргі заманға қоғам үшін күрделі мәселелердің біріне айналуға. Жүргізілген зерттеулер Интернет пен әлеуметтік желілердің адамның тұлғалық дамуының тежелуіне ықпал етіп, тіпті кей жағдайларда толықтай құлдырауға ұшыратып, әлеуметтік қауіпке ұласатын дәлелдеуге. Көптеген белсенді қолданушылардың компьютердің немесе смартфонның дисплейнің алдында көп уақыт өткізетін болғандықтан олардың денсаулықтарының жалпы жай – күйі нашарлап, интернет тәкелділікке ұшырауы мүмкін. Яғни жаһандық коммуникацияның дамуындағы белсенді үдерістерге байланысты жаңа бір қауіпті сырқат түрі-интернетке тәуелділік пайда болуда. Интернетке тәуелділік дегеніміз Интернетке қосылуға бағытталған ойдан кетпейтін мазасыз ниет әрі одан дер кезінде ажырай алмау сияқты ауыр күй. Оның бірнеше белгілері болуы мүмкін, мысалы мінез-құлқын қадағалай алмау, Интернетке кіргендегі эйфория сезімі, достарына, отбасына, сүйікті ісіне көңіл бөлмеу, қызығушылықтың болмауы, сарыуайымға салыну секілді жағымсыз мінез-құлықтың үлгілері көрініс бере бастайды. Тәуелділік көп қолданушылары бар әрі контентті желі қолданушыларының өзімен артып отыратын интерактивті веб-сайттар мен қосымшалар-әлеуметтік желілердің пайда болуына тікелей байланысты. Олар, яғни желі қолданушылары ортақ қызығушылықтары бар қолданушылар

тобында араласуға мүмкіндік беретін автоматтандырылған әлеуметтік орта іспеттес.

Әлеуметтік желілерде қызығушылықтары бірдей адамдарды Интернетте біріктіретін қоғамдастық сайттар кең таралған. Осы сайттар мен қосымшаларда адамдар жедел түрде мәліметтер алмасу мүмкіндігіне ие болып, достар таба алады. Бірақ сол желілер арқылы тек қатынасып қана қоймай, адамдар музыка, видео іздеуі де мүмкін. Әлеуметтік желілерде адамдар өзі жайлы мәлімет қалдыра алады (туған күні, оқыған мектебі, университеті, ермектері және т.б.), басқа қатысушылар осы мәліметтерді пайдаланып сол адамды табу мүмкіндігіне ие болады. Міне әлеуметтік желілердің осындай екі жақты ерекшелігіне байланысты оның пайдасы мен зияндығының ара-жігін ашып қарастыруды жөн көрдік.

Әлеуметтік желілердің адамға әсері – Пайдасы:

– Іздеу жылдамдығы. Әлеуметтік желілердің көмегімен іздеген адамыңды жылдам тауып алуға болады (егер тіркелген болса).

– Сөйлесу және ақпарат алмасу жеңілдігі. Әрине, барлығымызда дерлік ұялы телефон бар. Оның көмегімен бір-бірімізбен смс немесе ммс хабарлама жазу арқылы ақпарат алмасамыз. Бірақ оған кететін ақша да аз емес. Әлеуметтік желілер арқылы сөйлесіп, мәлімет жіберу әлдеқайда тиімді әрі ыңғайлы.

– Қызығушылықтар тізімін құруға болады. Яғни, өзіңіздің қызығушылықтарыңызға байланысты топтарға жазыла аласыз. Оған қоса, тауар сатып алып, жұмысқа орналасуға да болады.

– Мейрамдар, туған күндер жайлы еске салады. Әлеуметтік желілер арқылы дер кезінде достарыңыздың туған күнін, айтулы мерекелерді біле аласыз. Біліп қана қоймай, арнайы құттықтау қағаздары, стикерлер арқылы құттықтауыңызға болады.

Әлеуметтік желілердің адамға әсері – Зияны:

– Көп уақытын шығындау. Әлеуметтік желілерде сағаттап отыратынымыз өтірік емес. Алайда бұл уақытты пайдалы әрі тиімді өткізуімізге де болар еді. Бос әңгіме, жеңіл әзіл қалжындармен уақыт өлтіргеннен гөрі, білім алу, тіл меңгеру әлде қайда пайдалы.

– Шынайы өмірден алыстау. Әлеуметтік желілерде біздің мінез құлқымыз, өзімізді ұстауымыз шынайы өмірге қарағанда өзгереді. Нәтижесінде шынайы өмірден алшақтап, қиялыңыздағы виртуалды кейіпкеріңізге әбден беріліп кетуіңіз мүмкін.

– Жеке тұлғаның азуы. Егер әлеуметтік желілерге көп уақытын жұмсайтын адамдардың сөзіне, пікіріне назар салсақ, олардан мағынасыздықтың лебі еседі. Тіпті, бірқатарының сөздері көпшілікке түсініксіз.

– Әлеуметтік желілер – алаяқтармен арам пиғылды адамдардың алаңы да болуы мүмкін. Өкінішке орай, көпшілігіміз әлеуметтік желіге өзіміз жайлы артық мәлімет берудің артынан болар зардабын біле бермейміз.

Көбіне онда толық аты-жөнімізді, мекен-жайымызды, телефон нөмірімізбен жұмыс орнымызды жазып жатамыз.

Мысалы, бүгін әлеуметтік желіде достарыңызбен ноутбук немесе қымбат тон сатып алғаныңыз жайлы мәліметпен бөлістіңіз делік. Біраз уақыттан соң өзге қалаға не мемлекетке саяхаттап бара жатқаныңыз жайлы жаздыңыз. Дәл осы уақытта сіздің жоқтығыңызды пайдаланған алаяқтар, ұрылар тоныңызбен ноутбүгіңізбен қатар, одан бөлек құнды дүниелеріңізді тонап кетуі мүмкін. Жоғарыда атап өткеніміздей, қазіргі таңда студенттерді әлеуметтік желілерсіз елестету мүмкін емес. Бірнеше жыл бұрын шетелде таралған «әлеуметтік желілерге» деген тәуелділік, енді Қазақстанды да жаулап алды. Неліктен біз уақытымызды компьютер алдында және әлеуметтік желілерде өткізгенді жақсы көреміз, бұл бізге қалай әсер етеді? Біз тоқтай аламызба? Қазірдің өзінде біз компьютерсіз өмір сүре алмаймыз және олар біздің болашағымыз деп есептейміз. Біреулер үшін компьютер – ойыншық, басқаларға көмекші, енді біреулерге тек машина.

Әлеуметтік желілерді пайдалануға байланысты туындайтын мәселелерді шешу жолдарын анықтауға болады деп ойлаймыз:

✓ Желіде өткізетін уақыт шектеу;

✓ Бос уақытын өткізудің өзге жолдарын іздеу (мысалы, спорт ен шұғылдану, қызығушылықтарына орай үйірмелермен секцияларға қатысу, кітап оқу және т.б.);

✓ Өзінің шынайы тіршіліктегі өміріне баса көңіл бөлу (университеттегі оқуына, қоғамдық іс шараларға қатысу, отбасына, достарына көңіл бөлу);

✓ Достарымен көп уақыт өткізу.

Осылайша, Интернет ортасы- «меннің» жаңа бейнесін құру, өзін-өзі таныстыру, түрлі әлеуметтік рөлдерді ойнау, анонимді әлеуметтік байланыстар мүмкіндіктері және үлкен көлемдегі ақпаратқа еркін қол жеткізу мүмкіндігі арқылы өздерінің жеке басын өзгерту мүмкіндігімен әлеуметтік оқшауланған адамдардың нақты өмірін ауыстратын виртуалды шындықтың прототипті іспетес көрінісін табады. Виртуалды шындық өзінің бірегей ерекшелігіне байланысты, кез келген пайдаланушыға бейімделеді. Ол шынайы мақсаттарға қол жеткізу үшін, сондай-ақ өз таңдауын және тәуелділіктің өркендеуін шектейтін алаңды жасай алады.

Ол естеліктерін өзгерте алады және ата-ана тарапынан жетіспеген махаббаттын өтейді. Виртуалды шындықтың түрлері, оның сыртқы ақиқат пен және адамның ішкі дүниесімен қандай қарым қатынаста болатындығы адамның мақсаттарына байланысты болады. егер виртуалды шындықта адам өзінің мақсаттарына жету үшін қолайлы мүмкіндіктер тауып жатса, ол адамның өмірінде маңызды орынға ие болып, қарапайым өмірге деген көзқарасын біртінде өзгертеді. Адам кәдімгі шындықтағы мақсаттарына қол жеткізе отырып, неғұрлым көп қиындықтарға тап болса, оған неғұрлым тартымды болса, ол виртуалды түрде жасалады. адамның виртуалды шындықты құру мен дамытуға жұмсайтын күші неғұрлым көп болса, соғұрлым көп және тезірек виртуалды шындық адамды оның өміріндегі

сәтсіздіктерін өтейтін орынға айналады. Виртуалды шындық қатынастарды және шындықтың қуанышын өтеу үшін кеңістікке айналады. адамның мақсатын виртуалды шындыққа баыттау оның нақты қабілеттерінің дамуы жөнінде еш ойланбауға мүмкіндік береді. Мақсатқа жетудің кедергісі жойылып, күш-жігерін қалыптастырудың қажеті жоқ деп оның барлығын виртуалды шындық жасап бере алады.

Өз қабілеттерін жеңудің орнына, өз мақсаттарына жету жолындағы шектеулер адамға жалған мақсаттарға қарсы ең аз қарсылықтың жолын ұстануға мүмкіндік береді. Егер адам өзінің мақсатына виртуалды шындыққа толығымен ауысса, онда ол өмірдің негізгі кеңістігі болады, онда адам оның ішіне сіңісіп, тәуелді болады. адам әлемі мен компьютер әлемінің шекараларын жойып жібереді. Бұл үдерістің басталуы виртуалды шындықты оның өмірінің негізі ретіндетану, оны жүзеге асырудың жалғыз орны.

Сонымен қатар қарапайым шындықтың мәні азаяды. Адамдарда өмір мен компьютер әлемінің шекарасы жоғалады. Сонда бұл шекара өзгеріп, компьютер әлемі өмірді алмастырады. «Шынайы» әлем виртуалды шындыққа айналады. Адам виртуалды шындықты өзінің ішкі немесе сыртқы әлемінің бір бөлігі ретінде қабылдай бастайды және тәуелді болады. адам өз қызметін жоғалтқаннан кейін виртуалды шындықтың тұтынушысы болады, оның зерттеушісі мен құрушысы емес, ол тәуелді болады.

Осылайша, виртуалды шындықтың басты мақсаты адамға күнделікті тұрмыста орналасқан мақсаттарына жетуге көмектесу болып табылады. Бұл шындық олардың жетістіктерін жеңілдететін қосымша, көмекші құрал болып табылады, виртуалды шындықтың орындылығы адамның қарапайым әлемдегі мақсаттарына қаншалықты қол жеткізе алатындығымен анықталады. Виртуалды шындыққа сіңіру нәтижесі тәуелділік болып табылады. Виртуалды шындыққа ауыстырудың нәтижесі, оның толық өмірде және паразиттік, пассивті өмірде бірігуі. Бұл қарапайым өмірде виртуалды жағымсыз, ауыртпалықсыз қосымша болады, шынайы шындық төмендейді, виртуалды шындықтың ішіндегі кішкене бөлікке айналады. Виртуалды әлем бір тұтас ғана немесе қолайлы, ыңғайлы шындық ретінде қабылданады. Кәдімгі өмірде бір адам таңдамалы шектеулі таңдауды және қиыншылықсыз виртуалды шындыққа батыру арқылы «шешетін» проблемаларды бастан кешеді [108, 16-20 бб.].

Бұндай желілерден Қазақстан да тыс бола алмайды. Оның тарихи негіздері де жоқ емес. Мәселен, Шыңғысхан дәуірі тұсында қазіргіше айтқанда, почта қызметін атқаратын құралдар мен өзіндік көне технологиялары да болғандығы рас. Тіпті тым көне замандардағы мифтерді еске алсақ, мысалы, «Ертөстік» ертегісіндегі Саққұлақ осы интернет желісі мен ұялы телефонның рәміздік белгісіне де ұқсайды.

Дегенмен, жоғарыда айтылған кеңістік қазақ даласына жат бола алмайды, ол белгілі бір өлшемдер бойынша қашықтықтан байланыс

орнатумен ауқымдалады. Қазақтарда бұрынғы заманда «шабарман», «елші», «Жаушы» деген сияқты түсініктер орын алған және олар тез қарым-қатынас жасау ролін атқарған.

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық желілердегі мәліметтер әрқилы. Осыған орай, қазақ халқының діліне сәйкес, олардың маңызы мен мағынасын былайша таразылап өуімізге де болады.

Біріншіден, қазақ даласының кеңдігі мен ауыл-аймақтардың алшақтығы оларға ақпараттардың алмасуына түрлі шекте тағайындады. Осыдан ақпараттарға деген шөлікелеулер орын алды. Ақпараттар негізінен алғанда, біздің даламыз үшін аса маңызды еді. Сондықтан да, ақпараттарды тасымалдаушылар кеңістік пен уақытты тез игеруі тиіс болғандығы күмансыз.

Тасымалданған ақпараттар мен мәліметтерді біз осы тұста, үш масштабқа бөліп қарастырамыз: «Өсек» үрдісі, маңызды әлеуметтік мәліметтер (мәселен, жау шапқандығы турасындағы), өмір мәнділік өлшемдерге құрылған дүниеауи мағлұматтар.

Осыған орай, қазіргі ақпараттық желілердің біздің халқымыз үшін қаншалықты қажетті екендігі туралы баяндауымызға болады. Жағымды тұстары:

– ақпараттардың тез берілістерінің мындаған жылдар бойғы аңсауларын қанағаттандырады. Бұл біздің заманымызда жаңа трансформацияларға ауысты. Атап айтсақ, жастардың жаңа ақпараттық технологияларға бейімделуі мен озық жетістіктерге жетуі.

– мынадай қызықты (занимательная философия) форматтар ұсынамыз. Қазақтардағы «атастыру», «танысу» т.б. қазіргі таңда ақпараттық желілер арқылы өзінің мүмкіндігін паш етіп отыр. Заман шындығы мен өмірлік дәстүрлеріміздің жиынықтық форматтары жаңа мазмұнға ие болды. Халқымызда «Ат арытып алыс жолдан келу» деген тәрізді ұғымдар бар. Ендеше, қазіргі ақпараттық желілер «ат арытпай-ақ алыс жолды жақындату» деген сияқты мәтелдермен алмастырылуы тиіс.

– «Елу жылда ел жаңа» деген афоризмге орай, заман шындығы өзгеріп отырады. Ақпараттық желілердің тездігі мен шапшаңдығын халқымыз игілігі түрде қабылдады. Олар елу жыл ғана емес, 10-20 жыл сайын жаңарып отырғандығына көз жеткізді.

– әлем қашанда жаһандану заманында біркелкілік пен мультикультурализмнен тыс бола алмайды. Қазақ даласынан жүріп өтетін трансферт «Жібек жолы» да қазіргі таңдағы ақпараттық желілердің көне моделі іспеттес. Себебі, бұл жол тек сауда қатынасы ғана емес, мәдени-ақпараттық алмасудың өзіндік үлгісі болғандығы да шындық. Сондықтан да осындай заманауи ақпараттардың тасымалдануында архетиптік негіздер де бар сияқты.

– көне қазақ жерінде ақпараттарды сұрыптау мен жалған мәліметтерге сеніп қалу салттары болған. Бірақ олар ой елегінен өткізілген. Билер мен шешендердің шешімдері арқылы олар өзіндік ақиқаттарын қабылдаған. Олай

болса, қазіргі таңдағы ақпараттардың жалғандығы мен ақиқаттылығын верификациялайтын өлшемдер біздің ділімізде орныққандықтан, олар өздігінен сүзгіден өткізіледі.

Жағымсыз жақтарына тоқталар болсақ, оларды былайша тиянақтап беруімізге де болады:

– «Қазақ еліктегіш халық» деген түсінік қоғамдық санада кең орын алған. Егер бұл шындық болатын болса, әлемдік ақпараттық кеңістік арқылы таралған мәліметтердің кейбір ұлттық құндылықтарымызға сай келмейтін тұстарын қабылдап, оларға еліктеу мен оларды қабылдау үрдістері болуы ықтимал екендігін кейбір отандық ойшылдар мәлімдеп келеді.

– Ақпараттық желілерге деген әуестік туралы жоғарыда талдап көрсеттік. Қазақ халқындағы ақпараттарға деген әуестік қазіргі таңда кейде кері ықпал етеді. Ақпараттық желі қазіргі таңда «киіз үйдегі әңгімені» жалғастырғанмен, дамуға негізделген өркениетті қоғамда табиғи сипат ала алмайды.

– Қазақстан қоғамы көп ұлтты мемлекет және мультикультурализм сипатын жоққа шығармайды. Бұл сайып келгенде, ақпараттық желілердегі мәліметтердің де космополиттік құрылымдарын оятып жіберуі ықтимал.

– Әлеуметтік желілер тек жағымды ғана емес, қазақ психологиясына сәйкес, виртуализм мен ақпараттық желі құрылымы қазіргі таңда өзінің өміршеңдігін сақтауға дайын. «Виртуалдандыру біздің елімізде қалай іске асып отыр» деген ахуал қазіргі таңда біздің зерттеу тақырыбымызға сай келетін күрделі әлеуметтік философиялық сауалдардың бірінен саналады.

«Виртуалды әлем», «виртуалды өмір», «виртуалды қоғам» т.б. деген сияқты түсініктердің туындауына байланысты елімізде іргелі гносеология пайда болды. Гносеологиядағы ақиқат әр түрлі деңгейге көтеріліп келеді. Шындық әлемі постмодернизм ағымында көп мағынада түсіндіріліп келеді. Соның бірі шындықтың мәтін ғана екендігі болса, екіншісі, симуляторлардың жиынтығы болып шығады, үшінші бір бағдарлар аясында ол – өзін-өзі танитын әлем.

Осыдан қазіргі Қазақстан қоғамына бұндай ұғымдардың қаншалықты қатынсы бар деген сауалды қайтадан туындата аламыз және оған әлеуметтік философиялық тұрғыдан жауаптар ұсынамыз.

Шындықтың қазақ қоғамындағы форматтарының симулякрлары бұрыннан-ақ өзінің қолтаңбаларын қалдырып келеді. Мысалы, «Дүниеде не тәтті» деген бидің жауабына, бірінші бала «Қант тәтті» деп жауап берсе, екінші бала: «Ананың сүті» деп жауап қатқан екен. Демек, басқа ұғымның өзгеше мағына беруі де ықтимал екендігі қазақтардың діліне танымал.

Бұл еуропалық үлгідегі симулякр емес, шығыстық, нақтырақ айтқанда, қазақ дүниетанымындағы өзіндік симулякрлардың жалпы келбетінің айқын көріністері мен танымдық жүйесінің мағыналы құрылымдары. Шындығына келсек, ақиқаттар салыстырмалы екендігі өз алдына, көшпелі дүниетаным ақиқаты қашанда өзінің шынайы келбетін жариялайды.

«Тәтті» сөзі бұл тұста таза этикалық мағына жамайды. Сондықтан да этикоцентристік бағдарды басшылыққа алатын халықтық ұстанымдардың үлгісі үлгісі қазіргі заман үшін симулякрларлардың да шынайы келбетін ашып береді және оған бүкіл адамзаттың қайта оралуы мүмкін екендігін ұсынған сыңайлы.

Ақпараттардың шынайы емес және шынайы екендігі туралы ұсынылған ақпараттық желілер аясында осындай Қазақ қоғамындағы тарихи-әлеуметтік шындықтан қазіргі таңда өз мәнін өзі қайтайлайтын бірігейліктік нақты жиынтығы деп ой түйіндей аламыз.

Виртуалды әлем, байыптап қарасақ, ұлтымыздың мифологиялық санасына да қатысты. Виртуалдандыру да біздің дүниетанымызға жат бола алмайды.

Мәселен, тарихи дүниетанымдық тамырларға үнілсек, діни сенімдеріміздің негізгі байырғы қағидаттарын ғылыми өлшемдер бойынша үлгілесек, шаманизм сенімін мысалға алуға болады. Аруақтармен тілдесу сияқты ұғым осы шамандық сенімдегі маңызды және көрнекті көріністердің бірі. Әрине, ол кезде виртуалдық туралы ұғым болған емес, бірақ аруақтар әлемі осы виртуалды әлемнің елесін білдіреді, ал сенім бойынша ол қасиетті түсініктердің бірінен саналады. Осы тұста, виртуалдандырудың қазақ қоғамындағы бірнеше мысалдарын келтіруге болады. Оны келесі зерттеу жұмыстарымызда толығырақ баяндайтын боламыз.

Қазіргі таңда виртуалдандыру қызметі мен үрдісі қазіргі қазақстандық қоғамда қандай жоспарлармен жүзеге асып жатыр деген сауалды біз «Цифрлық Қазақстан» қоғам жағдайымен таразылап өтеміз.

«От пен Ой» арасындағы тым көне түзілімдерді тереңірек аңғаруымызға жол ашып береді. Бұл жердегі қазан-ошақ оты күндізгі емес, қараңғыда маздайтын болғандықтан, әрбір шаңырақ бейне бір «магиялық жағдайды» жасап бергендіктен, отбасы ертеңгі күн мен болашағын жақсылыққа балап, тілектерін айтады және сол кездегі ас қайыру сәтіндегі бата осындай жағдайда өтеді [56 ,274 б.] деген тұжырымдардың да астарында мағына бар тәрізді.

Әрине, виртуалды әлемде де транс жағдайлар болады. Дегенмен, бұл тұстағы от көне дәуірдегі Зооастризм ілімінен тамыр тартып, кейіннен б.э.б. IV ғасырларда көне Грек жерінде өмір сүрген Гераклиттің туындылығымен келіп ұласады да, кеңес дәуіріндегі «Коммунизм ол Кеңес үкіметі және бүкіл елді электрлендіру» деген сияқты пафосымен жалғасын табатын болса, виртуалды әлем жағдайында ол да электр мен «оттардың» өзіндік жаңа форматтарын құрастырады.

Қазақ халқындағы көне замандағы зорастризм сенімі қазіргі таңда виртуалды әлеммен де байланысты. Таным теориясы негізінде виртуалды әлем жалпы алғанда, көне дәуірлерде адамзаттың санасында немесе таным аясында тікелей қабылданған да жоқ. Тікұшақ пен ұшақтардың көне архаикалық үлгісі мен жобасын жасаған ұшқыш кілемдер виртуалды әлемді

елестестетін өзіндік материалдық кеңістіктің үлгісін жалғастыратын адамзат болашағының жалпы даму бағдарына деген сілтемелер жасаған сыңайлы.

Қазіргі таңда отандық виртуалды кеңістік жалпы адамзаттың өркениеттер аясындағы дамуынан тыс бола алмайтындығы белгілі. Ол үшін еліміздегі ақпараттандыру жүйесінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып өткізіміз келеді.

Ақпараттар кеңістігі заман ағымына ілесуді қалайды. Көне түркі жұртындағы «Жібек жолы» сауда жолы геосаяси мәнді құрылымдарды түзейтін болса, Еуразиялық кеңістіктің орталығындағы Қазақстан қазіргі таңда экономикалық аймақтағы тасымалдаушы да бола алады, ал ақпараттық кеңістік аясында бұндай қызмет маңызды роль атқара алмайды, себебі, жоғарыда айтылғандай, ақпараттық алаңда белгілі өлшеулі шекаралар жоқ. Сондықтан да, отандық ақпараттық кеңістік әлемдік ақпараттандыру аясында өзіндік орнын айшықтыуы керек. Бұл аса маңызды түйткілді мәселелердің бірінен саналады.

«Қазақстан қандай ақпараттар арқылы өзінің мәртебесін қалай нығайта алады» деген сауал қазіргі таңдағы философтардың, тарихшылардың, психолог ғалымдарымыздың маңызды зерттеу объектісінен туындайтын шығармашылық ахуалды қажет ететін маңызды тақырыптардың бірі. Осыған орай, кеңістік жалпы физикалық тұрпатты болғанменен, рухани кеңістік аясында, танымдық деңгейі тым күрделі болып отыр.

Мәселен, біз келесі тарауларда ақпараттық кеңістік әлемінің Қазақстандағы жағдайы турасында психологиялық және психотехникалық талдаулар жүргізетін боламыз.

Ғылыми-техникалық прогресс аясында отандық ғалымдардың зерттеу тармақтарында перспектива мен қазіргі заман турасындағы ойлар мен болашақтың үлгілері де құрылады. Ғалымдар соңғы уақыттарда заман ағымының жедел дамуынан қалыс қалуы ықтимал. Мәселен, А. Шопенгауэр, Ф. Ницше, О.Шпенглер сынды ойшылдар өз заманында еуропа дамуы туралы болжамдарын ұсынды. Бірақ олардың кейбір идеялары шындыққа сәйкес келе алмай қалған тұстарын да ескеруіміз керек.

Себебі, прогресс өзінің нақты өлшемдерін қамти алмайды. Осыған орай, отандық ғалымдардың кейбір пессимистік ойлары қазіргі таңдағы ақпараттық қоғам жүйесіне сәйкес келмей жатады.

Техногендік прогресс жағдайында адамдардың техниканы билей алуы мен билемеуі арасындағы ара жікті ажарытқан ғалымдар әр түрлі пікірлердің ұштасуын қалайды. ХХ ғасырдағы неміс философы М. Хайдеггер: Техника қаншама дамыса да өзінің зардаптарын жоя алмайда деген антициентистік көзрарстарды жариялады. Осыған анологиялық түрде ақпараттар адамды билей ме, әлде адам ақпараттарды бағындыра ма деген сауал туындата аламыз. Ақпарат кімнің қолында болса, сол әлемді билейді де айтқан американдық президент әрине, философ емес, бірақ саясат саласындағы өзіндік бағдарын әлеуметтік философиямен байланыстырды.

Егер де, ақпараттар адамды билейтін болса, ақпараттық кеңістік біз ойлағандай, агрессиялы емес, олар абсолютті бейтарап үрдістер. Сондықтан біздің қоғамда ақпараттар тасқыны маңызды құрылымдар. Демек, бұл құрылымдардың логикалық жүйесін, біз «А-В-С» жүйесімен толығырақ талдап бере аламыз.

Бұндағы А – жалпы ақпараттар және оның жиынтығы болса, В – оны коммерциализациялау, яғни, бизнеске айналдыру, ал С – оның верификациялануы мен танымдық деңгейінің мөлшері.

Егер К болатын болса, ол нақты тиянақты шешім шығаратын үдеріс еді. Сондықтан К жөнінде келесі зерттеулерімізде ғана өз ойымызды ұсынамыз. Бұл тұстағы В С. Мырзалы сынды ғалымдарымыздың пікірлерінше қазіргі әлем үлкен супермаркет тәрізді. Сондықтан да ақпараттардың коммерциализациялануы бір қырынан алғанда, әлемдік үдеріс, екінші бір қырынан алғанда ол, біздің еліміздегі беталысқа да сәйкестенеді. Мәселен, қазіргі таңда Қазақстанда блогерлік немесе лайк басу жөніндегі желілер көптеп тарауда. Ол да ақпараттардың коммерциализациялануы. Бірақ бизнеске айналған ақпараттар қашанда объективті шындықты бере алмайды және ғылыми негіздемелерден алшақ. Оның өзіндік себептері де бар:

Қазіргі кезде ғылыми теориялық сана мен көпшілік қоғамдық сана арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Біз бұл тұста, халқымыздың теориялық санасы тайыз деп сын айта алмаймыз. Осы тұста, Сұлтанмахмұт Торайғыров «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам, Қараңғылықтың көгіне күн болмағанда кім болам..» деп жырлағандай немесе Абай атамның «Мыңмен жалғыз алыстым кіна қойма» деген қазақ қоғамындағы әлеуметтік сыншысы екендігі есімізге түседі.

Сондықтан бұқаралық сана ғылыми теориялық стильді де түсіне бермегендіктен, ғылыми ақпараттар мен көпшілік арасындағы резонанс тудыратын мәліметтер арасында айтарлықтай қызығушылық алаңына сай айырмашылықтар орын алған.

– Ақпараттардың жалғандығы да бұған себеп болып отыр. Ақпараттардың цензурасы біздің елімізде жоқ деуге де болады. Оны З. Фрейд айтқандай, «Жоғарғы-Мен» арқылы цензуралаймыз. Жалған мәліметтердің қызығушылық тудыратын пиарлары кейде қара, кейде «көк пиарға» да айналады. Бұл тек біздің елімізде ғана емес, әлемдік үдеріс. Мәселен, Ө. Бекежан сынды ғалымдар атап өткендей, әлеуметтік мифтердің мазмұны мен мәні қашанда танымдық деңгейде қызығушылықтар тудырады [28,39б.].

Мәселен, әртістердің, ақындардың, депутаттардың т.б. ойлары мен олардың өмір салты туралы ақпараттар қоғамдық көпшілік санаға ықпал ете бастады.

– ақпараттарды таратушы блогер немесе т.б. сайттарда қызмет етушілер қазіргі таңда өзекті мәселелерді қозғайды немесе оппозициялық мәліметтерді ұсынуға құштар. Оның ішінде әлеуметтік мифологиялық дағдылар стереотиптер ретінде де сақталып қалады. Бұл қазақ дүниетанымындағы ақпараттардың құндылығы мен өмірлік маңыздылығына қатысты.

– таралған мәліметтер ақпараттық қоғамның дүниесінен туындайтын және шындықты қалайтын жаңаша форматтармен өмір сүреді. Сондықтан бұл әлем қазіргі таңда жаңаша сипат алады. Сипаттама мен комментариилер соңғы уақыттарда журналистердің өзіндік субъективті пікірлерімен келіп орайласады. Журналистердің пікірлері кей сәттерде Ф. Бэконның үңгір елестеріне де сәйкес келіп жатады. Үңгір әрбір адамның психологиясына байланысты екендігіне қатысты іргелі мәселелерді таразыласақ, ол үңгір танымдық деңгейде өзіндік парадигмалармен өлшенеді. Қазақ халқы мен оның әрбір субъектісіндегі Үңгірлер тек журналистер ғана емес, әрбір тұлғаға қатысты айтылады.

– бұл тұста қоғамдық санада айтылып жүрген пікірлерге орай, антигуманизация деп аталатын құбылысқа сәйкес, қоғамдық-гуманитарлық пәндердің төмендеу болып бағалануы, шындығында, біздің қоғамда да орын алып отырған құбылыс. Бұл құбылыстың өзіндік философиялық астарлары да бар. Мысалы, қоғам дамуын тек экономикалық өлшемдер арқылы сараптайтын және бағалайтын ұстанымдар кейінгі уақыттарда өзінің мәртебесін баяулатты.

Егер қоғамда діни экстремистік және террористік пиғылдар мен үстемдік алып жатқан сәтте дінтану ілімінің өзектілігі арта түссе, қоғамдағы ажырасу мен суицид жағдайында психологиялық зерттеулердің маңыздылығы күшейе түсті, ұлттық идея аясында ұрпақтарды тәрбиелеу кезінде педагогика саласы өзінің өзектілігін танытты. Сол сияқты философия жалпы адамзаттық даму эволюциясында да құндылығын әйгіледі. Бұл да қоғамдық пікірдегі ғылыми және бұқаралық таным аясындағы айырмашылықтарды анықтайды және болашақтағы антигуманизацияның гипергуманизациялануын талап ететін құбылыс және ол постмодернизм емес.

- Әлемдік үдеріс қашанда стихиялы, қажеттілік пен кездейсоқтықтың диалектикалық бірлігі аясында жүреді. Бірақ стихиялы мен кездейсоқтықтың арасында нақты айырмашылықтар құрылмағандықтан, қоғамдық пікір кей сәттерде маңызды роль атқарады. Сондықтан да қоғамдық пікірлерді зерделейтін әлеуметтану ғылымындағы тәжірибелік әлеуметтану саласы туындап, ол бүгінгі таңда да өзінің қажеттілігін сақтап қалған. Осы тұста, сауалнама жүргізу, сұрау салу, контент анализ сияқты зерттеулердің маңызы артып отыр. Ол кейінгі кезеңдегі он-лайнға байланысты түрде де жағымды және интенсивті түрде жүзеге асыралатын құбылысқа айналып отыр.

Қазіргі Қазақстан жағдайында бұндай сауалнамалық мәліметтер сыни көзқарастар тұрғысынан қарағанда нақты мәліметтер мен қоғамдық пікірдің шынай кедбетін бер алмауы да ықтимал. Өйткені, ол да қоғамдық ұлттық психология мен ділге қатысты. Біздің діліміздегі «Көңілге қарау» деп атауға болатындай психология осындай әлеуметтанулық сұрау салулардың ақиқатын аша алмауы да мүмкін. Екінші бір қырынан алғанда сыни дүниетаным мен қазақтардың түсінігіндегі «көре алмаушылық» деп атауға болатын мінез-құлық оларға тек объективті бағасын беріп қана қоймайды,

керісінше теріс бағытта орын алатын ұстанымдармен келіп сабақтасатындығы да жасырын емес. Заман шындығы креативті, продуктивті, сыни ойлаумен ұштасса да, халқымыздың діліндегі ақпараттық сымдар кейде шынайы өмір шындығынан да алшақтайды. Бұл қатер тарихқа көз салсақ, 1932-1933 немесе 1937 жылдардағы қуғын-сүргіндерден де анық байқалады. Бұл дәстүр бүгінгі таңда да еміс-еміс елес береді. Нақтырақ айтсақ, жоғарыда шолу жасап, өткендей, оппозиция өкілдерінің бірікпеуі немесе билік пен халық арасындағы келіспеушіліктер. Осы тұста Абайдың «Бас басына би болған өңкей қиқым» деген сыни сөздері де еске түседі.

Ол үшін жаңаша жүйелерді жасақтау мен құру үшін қазіргі ақпараттық кеңістік жағдайына бейімделу, оны қабылдау және болашақ ұрпаққа тасымалдау қоғам дамуынның болашағы болып шығатындығы туралы пайымдаулар жасау аса маңызды стратегиялық перспектива.

Бұл тарауда жалпы қазақстандық ақпараттық кеңістікті талдй келе, ақпараттық желілердің негізгі келбеті мен заманауи шындығын әлеуметтік философиялық тұрғыдан талдап өттік. Ақпараттық желіге қатысты жағымды және жағымсыз пікірлер пайымдалды. Ол қазіргі таңдағы ақпараттық алаңды зерттеушілердің пікірлеріне сүйенілді. Ақпараттарды верификациялаудың және фальсификациялаудың өзіндік үлгілері ұсынылды. Ол ғылыми теориялық тұрғыдан негізделіп, халқымыздың тарихи танымымен және қазіргі таңдағы дүниетанымымен байланыстыра қарастырылды.

3 ОТАНДЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ОРТАНЫҢ ЗАМАНАУИ ШЫНДЫҒЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ НЕГІЗДЕРІНІҢ ФИЛОСОФИЯСЫ

3.1. Қазіргі Қазақстан қоғамындағы ақпараттық орта және оның құрылымдамасы

Қазіргі Қазақстан қоғамындағы ақпараттық орта мен оның таралауының өзіндік технологияларына тоқталып өтуіміз қажет. Негізінен жалпылама бағдарды нысанға алсақ, ақпараттардың таралуы мен насихаттықбағдарлары да әрқилы болып келеді.

Ол *біріншіден*, қазіргі әлемдік білім алу мен рухани жетілуді қамтамасыз ететін дәстүрлі салалардың бірі – кітап оқумен байланысты болса, *екіншіден*, интернет желілері арқылы жүзеге асатын ақпараттардың орнығуы мен тасымалдануы, *үшіншіден*, жалпы мәліметтердің таралуы мен орнығуы және оны бұқаралық санада қабылдаудың өзіндік тетіктері. Осы үш бағдар бойынша қандай құрылымдар бар және ол ресми немесе бейресми түрде қалай жүзеге асып келеді деген сауалдар туындайды.

Философтардың пікірінше, адамзат мәдениет тарихындағы дүниежүзілік дәуірлердің өзгеруінің мәні болып табылатын өзгерісті сәтті бастан кешуде. Жазба мәдениет, кітап дәуірі аяқталып, бұқаралық мәдениет компьютер дәуірі басталады [109, 47-48 бб.].

Әлеуметтанушы О.В. Шлыкованың ойынша, «Медиа» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «кұрал», «тәсіл», «делдал» дегенді білдіреді. Кейбір зерттеушілер медиаға ауызша тілді жатқызып, медианың үш түрін бөліп көрсетеді: ауызша, құжаттық, электронды. Толығырақ егжей-тегжейлі: ерте (қосымша және жазу), баспа, электр (телеграф, телефон, дыбыс жазу), масс-медиа (кинематограф, теледидар, СМЖ), сандық (компьютер, интернет). Ақпаратты жазу, сақтау және беру үшін коммуникацияның жазбаша нысаны – медиа-папируста жазылған қолданыстағы құжаттардағы ескі құжаттардың пайда болуын белгілейді. Медиа саласындағы эволюция оның әр түрінің дамуы арқылы жүріп, қазіргі уақытта мультимедиа мен цифрлық медианың (теледидар, интернет) пайда болуына алып келді [110, 18 б.].

Кітап мәдениетін зерттеушілердің бірі Сая Акапова өзінің зерттеулерінде мынадай қорытындыларға келеді: Қазіргі жаһандану жағдайындағы кітап мәдениетінің өзгеше форматтарына талдаулар жасай келе, оның жағымды және жағымсыз тұстары бар. Жағымсыз тұстары ақпараттық желілерде таратылғандай, біздің философиялық ой деңгейдегі тұжырымдамамыз бойынша «Интернетомания» кітаби білімді шектей ала ма, әлде алмай ма деген сауал тек қана философтардың шешуі тиіс мәселесі емес. Виртуалды әлемде өмір сүріп отырған қазіргі заманғы жастардың таным тағлымы да ерекше. Виртуалды әлемнің жаһандану жағдайындағы жалпы келбетін өзіндік таным арқылы жүргізіледі. Ақпараттық қоғам жағдайындағы кітап мәдениетінің негізгі форматтарының қалай болуы тиіс екендігі туралы ұсыныстар жасау да аса маңызды болып отыр [111, 56 б.].

Шындығында қазіргі таңда ақпараттардың нақты мәліметтерін жариялайтын кітап оқу дәстүрі төмендеп кетті, оны қалпына келтіру керек деген сияқты дабылдар да жоқ емес.

Оның өзіндік субъективі және объективті себептері де жоқ емес.

Объективті себептеріне тоқталар болсақ, олар, оның ішінде, жастар қазіргі ақпараттық желілер мен интернетке деген сенімділігі басым болғандықтан, кітап оқуға араласа бермейді. Өйткені, электрондық кітапханалардың пайда болуы да «Of-Lain» түріндегі дәстүрлі форматтарға қайтадан ауысуға құштарлық таныта бермейді.

– Кітаптарға қарағанда, қазіргі таңда, ақпараттық желілердегі мәліметтер барынша тезірек қабылданады және таңдап алынады. Ақпараттар желісі өзіндік деңгейде құрылымданған, оны түйсік мен әлеуметтік-рухани саладағы мазмұнын ұғыну қазіргі жас ұрпақтарға барынша кеңінен танымал болып отыр.

– Әлеуметтік уақыттың жеделдеуіне орай, кітап мәдениеті кей сәттерде «уақытты үнемдеуге» сәйкес келе бермейді. Бұл да кітап оқудың заман талабына сай келмейтін тұстары тәрізді.

– Заман шындығы, кітаптардың материалдық жағдайларға байланысты да шығындар келтіреді. Оны екі өлшемде қарастыра аламыз, алдымен, адамзаттың және мемлекеттің ұстанып отырған экологиялық саясатының бірі – қағаз шығыны, одан соң, жеке адамға қатысты шығындар. Жастар кітапсыз да өзіне қажетті мағлұматтарды ала алатындығын біледі.

– Кітапқа деген қызығушылық деңгейдің төмендігі қазіргі таңдағы симулякрларға да қатысты. Егер де ақпараттарды тез, интенсивті түрде қабылдай алатын болсақ, кітап оқу экстенсивтілік қалпын сақтап қалған. Бұл да дәстүршілдік пен жаңашылдық арасындағы диалектиканың өзіндік қайшылығы деп айта алмаймыз, дегенмен, екі қоғам мен замандар ауысуында тарихилық пен логикалықтың бірлігі қажет.

Ол мәселе, келесі кезекте, жоғарыда айтылғандай субъективті факторлармен келіп орайласады:

– Ғылым да еңбек, рухани және ой еңбегі болып саналады. Қазіргі кезде ой еңбегінің жетістіктеріне деген оңайырық қол жеткізуге деген ұмтылыстар да бар сияқты. Кітап жас ұрпақтар үшін созылыңқы форматтармен жабдықталған мазмұнды құрайды. Әрине, бұндай беталысты біржақты қарастырылуға да келмейді;

– Жастар арасында ғылымды прагматикалындыру мен утилитарландыру басым түсіп келеді. Нақтырақ айтсақ, ғылыми таным мен білім өмір сүру үшін қаражат табудың экзистенциалдық нұсқалары ретінде қабылданған.

Кітаптардың құндылығы туралы елімізде идеологиялар құрылып та келеді. Оқилуға тиісті 100 кітап немесе шет тілдерінен аударылуға қажетті оқулықтар мен олардың нәтижелерін келер жас ғалымдар терең түйсіне бермейді.

Таным теориясы негізінде, ғылыми шығармашылық ойлау бағдары бойынша, олар кей сәттерде белсенділікке ұмтылмайды, «бұл біз

шұғылданатындай мәселе емес» деген сияқты пікірлер де көрініс тауып отыр т.б.

Екінші саты бойынша, әлеуметтік философиялық тұрғыдан сараласақ, «Ақпараттық құрылымдардың эволюциясы бойынша, қазіргі таңдағы кітап оқу мәдениетін интернет жүйелері алмастырып бара жатқан жоқ па және оның даму бағдарлары қандай?» деген сауалдар қазіргі әлем ғана емес, қазақстандық қоғам қауымындағы өзекті мәселелердің бірінен саналады.

Оны қабылдаудың тиімді және тиімсіз тұстары да бар екендігі белгілі. Бұл да жаһандану жағдайындағы заман талабы. Бұл алдымен ақпараттық қоғам жағдайындағы орталық түсінік – коммуникацияға байланысты.

Энциклопедиялық басылымдарда коммуникация ұғымына: «Қатысым, қатынас жолы, бір орынның екінші жақпен байланысы, сөйлесу, ақпарат беру» деп анықтама беріледі [112, 113 б].

«Коммуникация» терминін саясаттану ғылымында саяси контексте алғаш рет XX ғ. басында қолданысқа енгізген зерттеушілердің бірі Ф.Ратцелдің айтуынша «саяси қатынаста ақпаратты тарату барлық коммуникациялық қызметтің ең маңыздысы саналады [113, 44 б.].

Бұл тұрғыда ресейлік зерттеуші М.Р. Грачев саясатты билікті иелену мен тұрақтандыру, сондай-ақ адамдар арасындағы қарым-қатынастар, әрекеттер мен коммуникацияның өзіндік формасын жүзеге асырушы қоғамдық қызметтің бір түрі ретінде қарастырады [114, 1 б.].

Ал үндістандық саясаттанушы П. Шаранның пікірінше, саясат-кем дегенде екі тұлғаның өзара әрекетінен тұратын әдеттің әлеуметтік формасы саналады. Әлеуметтік әдеттің басқа түрлеріне қарағанда саясат билік, басқару, қоғамдық әдетті жасау мен оны жүзеге асыру проблемаларын туындатады [115, 8 б.].

Ал субъект деп тәжірибелік және рухани-теориялық міндеттерді шешу процесінде өзінің болмысын, күші мен әрекетін өзгертуде қоршаған ортамен байланысқа түсетін адамды танысақ [116, 53 б.].

Көріп отырғанымыздай біздің елімізде де әлемдік коммуникациялық климат бұндай ахуалдардан тыс бола алмайды. Осыған сәйкес, біз, оның кейбір тұстарының әлеуметтік философиялық тұстарын ашып көрсетуімізге де болады.

Қарым-қатынас қазіргі таңда маңызды әлеуметтік құбылыс қана емес, адамдардың мінез-құлқы мен қоғамдағы орнын айқындайтын адамтану үрдісі болып келеді. Бүгінгі қазақстандық қоғамда қарым-қатынастың саяси құрылымы да күрделі. Мәселен, Қазақстан Халықтарының Ассамблеясы өзге ұлттар мен жергілікті ұлт қызық халқы арасындағы ынтымақтастықты қалай, дін аралық татулық та осындай форматтарда құрылған т.б.

Бүгін де бұндай пікір алмасулар мен мәдениеттер сұхбаттастығы жоғарыда айтылғандай он-лайн түрінде жалғасын тауып келеді. Бірақ бұл жердегі айта кететін жайт, визуалды қатынастың да он-лайнға ауысып кетуі. Ендеше, бұл үдерістің қанша уақытқа жалғасатындығы ғана емес, оның

негізгі мәніне тоқталудың философиялық тұғырлары қандай деген сауалдар да өзекті болып шығады.

Егер де, Сіз қарым-қатынас жасап отырған адамды көрмеген болсаңыз, онымен қалай шынайы байланыс орнатуға болады? Осыған орай, елімізде электронды қарым-қатынастың өзіндік тәжірибелері болмағандығына қарамастан ресми және бейресми түрде орнықтырылған шаблондар ғана емес, нақты жүзеге асуы тиіс форматтар да жоқ емес. Мәселен, Электронды үкімет сатылары.

Ұлттық деңгейдегі стратегиялық жоспарлау электронды үкіметтің дамуын сатылық прогрессия ретінде айқындайды. Мұнда қызметті жеткізушілер мемлекеттік бағдарламалардың мақсатын орындамас бұрын бірнеше анықталған сатылардан өтуі тиіс. Электронды үкімет қызметінің жүзеге асуы бес кезеңнен тұрады:

1. Ақпараттық кезең;
2. Интерактивті кезең;
3. Үкімет пен азаматтар арасындағы өзара келісім кезеңі;
4. Қызметтерді өзара біріктіру кезеңі;
5. Саяси қатыс кезеңі.

Ақпараттық кезеңде-үкіметтен азаматтарға мемлекеттік қызмет туралы ақпараттар нақты уақытта бір бағыттағы тәртіпте жеткізіледі. Мысалы, мемлекеттік органдардың өз қызметі туралы жыл сайынғы есеп беруі және оларды веб-сайттарға орналастыруы жатады. 2004 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша орталық мемлекеттік органдардың 32 веб-сайттары тіркелген. Әлеуметтік аз қамтылған тұрғындардың интернетке қол жеткізу мүмкіндігінің проблемасын уақытша шешу ретінде, ақпараттарды басылым ретінде мекен жайларына жеткізуге болады[117, 23 б.].

Физикалық қуатты «ақпаратпен» алмастыру үдерісін жүзеге асыра бастаған телекоммуникациялық төңкеріс классикалық емес көзқарасты нығайта түскен алғышарттардың бірі болып табылады. Бұл үдеріс таным теориясында «назардың феноменологиялық өзгеруіне» алып келді (М.К.Мамардашвили). Осыған байланысты нақты терминдердің мағыналық мазмұны қайтадан күмән тудыра бастады.

Гуманитарлық ғылымға табиғи, физикалық әлем емес, сыртқы әлемдегі құбылыстардың көкжиегін қалыптастыратын экран қызықты бола бастады. («Экран» шынымен де мынадай жағдайда қажет болып табылады: «Егер біз физикалық картина терминдерінде санамыздың шарты болып табылатын, денеміздегі электрондардың қозғалыстарын тікелей қабылдай алсақ, біз дәл сол сәтте өліп немесе жынданып кетер едік»). Назардың бәрі «өмір қойылымында» көрсетілетін сананың тіршілігіне ауып кетті.

Ақыл-ой арқылы қабылданып, өңделетін құбылыстардың мәні емес, «шындығында не болғанын» көрсететін жергілікті объектілер, яғни құбылыстар классикалық емес ғылымның фактілеріне айналып отыр. Бұл объектілер «өздерін өз агентінен де, сыртқы бақылаушыдан да қалқалайды

және олардың мазмұны ортақ немесе әмбебап санақ жүйесінің терминдері мазмұнымен сәйкес келмейді». Олар «өздерінің жүзеге асуы және жаңғыртылуы арқылы даралана түседі». Адам игеріп жатқан ақпарат әлемі, медиа әлемі— сана мен материяға бөлінбейтін феноменалды элем. Координаттардың мұндай жүйесінде біз «ақпарат» түсінігінің мүлде басқа мағынасына қол жеткіземіз. Ол «ақпараттық кеңістік» пен мәдениеттің кеңістігі арасынан байланыс таба отырып, «мәліметтен» «мағынаға» айналады. Шындықты зерттеу тәсілдерінің феноменологизациялануы қоғам теориясының «түсінетін, аңдағыш» нұсқасының қалыптасуына ықпал етті. Бұл дегеніміз әлеуметтік фактілерді, қарым-қатынастарды, тәртіпті ерекше нәрсе деп қараудан бас тарту болып табылады, өйткені олардың жай-күйі коммуникация әсерімен үнемі өзгеріп отырады. Қоғамтануға қатысты парадигмада «ақпараттық кеңістік» күш салынатын тұрақты объект ретінде емес, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі ашу сияқты үдерістерді ынталандыру арқылы басқарылатын түрлі әлеуметтік жүйелердің атрибуттық сипаттамасы ретінде көрініс береді. Коммуникация социологиясы әлеуметтік әрекеттің дәстүрлі социологиясын ығыстырып, медиа институттар мен олардың жұмыс істеу ерекшеліктерін құрылымданбаған эмпирикалық мәліметтер ретінде қарастыру үрдісін нығайта түсті. Ал оның айналасында кездесетін құқықтық, этикалық және құндылықтарға қатысты мәселелерді басқа сала мамандарына қалдыру қажет деген көзқарас та беки түсті. Көрген нәрсенің субъективті мағынасы мен объективті мағынасы өзіндік рефлексияға бейім және «басқаларға» қатысты символдық мәндер арқылы түсіндіріледі. Басқаларға қатысты идеяның өзі айырмашылық философиясына негізделетін тәсілдермен «қоректенетін» категория болып табылады. Ол бір-біріне қарама-қайшы болып табылатын қалыпты *Gemeinschaft* пен әлеуметтік ұйымдардың объективті тәртібі *Gesellschaft*-тың арасындағы, жеке тәжірибе мен бұқаралық тәжірибенің арасындағы өткел.

Субъект теориясы мен объект теориясына негізделетін қарама-қайшы ұстанымдардың қайшылықсыз түрде концептуалды бірігуі зияткерлік ақыл-ой тарихындағы шешімін таппаған кедергі болып табылады. Т.Х. Керимов көрсеткендей, біз бұл екі қалыптың немесе айырмашылық үлгілерінің бірін таңдауға тиіспіз. Бір жағынан, белгілі бір саясатқа сай келетін айырмашылық бар (плюрализм саясаты, демократия), ал екінші жағынан, біздің басымызға келетін оқиға сияқты негізсіз айырмашылық бар. Бірінші айырмашылық қалыбы оқшауланған ұқсастықтарды және культуралистік пен релятивистік идеологиялардың қалыптасуын, фрагменттік ұқсастықтарды мойындау болып табылады. Оқиғаларға қатысты екінші айырмашылық қалыбы, белгілі, аяқталған барлық болып саналмайды. Бұл – барлыққа баратын жол, ол бітпейді, бірыңғайлықты қалыптастырмайды. Болмыс-біргелігі (Бытие-вместе) – оқшауланған ұқсастықтардың жиынтығынан артық, бірақ олардың бірыңғайлығынан аз .

Бұл ұстанымдар негізінен қарағанда «ақпараттық кеңістік» басқалардың өмірін анықтайтын феноменологиялық Болмыс-біргелігі ретінде көрініс береді.

Әлеуметтік білім стереотиптерінің өміршең болуы және осы стереотиптердің әлеуметтанушыны қалыптасқан, өлшеулі фактілермен жұмыс істеуге бағыттауы ақпарат пен ақпараттық кеңістіктің классикалық емес түсіндірмесін меңгеруде қиындық туғызады. Көзге шалынбайтын мәндер, «азайып бара жатқан әлеуметтілік», қағидатты түрде типтерге бөлінбейтін құбылыстар қатары тәжірибелік ғылымның зерттеу алаңынан тыс қалады. Сонымен қатар, ақпарат және ол қалыптастыратын кеңістік ортасының «классикалық емес» өлшемдері көптен-ақ меңгеріліп қойған және объект теориясының құндылықтар жүйесінің құрамына енгізіліп, қолданылып та келеді.

Адамдар әлеміндегі негізсіз айырмашылық «меңгерілген» және жаппай теңестірілуге ұластырылған. Жарнама индустриясы мен басқа да бұқаралық салалар қызметі сөздер мен мағыналарды ойнатып, құбылта қолдануға, оқиғалар тізбегін ойдан құрастыруға, жекелеген мифтерді ойлап табуға негізделіп құрылған. Бүгінде билікті сақтауға әрі пайда табуға бағытталған саяси және экономикалық стратегиялардың идеологиясы бұқараны иландыру үшін нақты құбылыстар мен феноменалдық мәнді «жымдастыра» біріктіру тәсілін белсенді түрде қолданып отыр. Бұл орайда әлеуметтік білімнің маңызды міндеті – ақпараттық кеңістіктің түрлі сегменттері мен оларды «орналастырудағы» қолданылатын тәжірибелерге сапалы талдау жасау үшін және оларды зерттеу методологиясының ортақ негізін құру үшін аянбай еңбек ету болып табылады.

Негізінен алғанда, жалпы мәліметтердің таралуы мен орнығуы және оны бұқаралық санада қабылдаудың өзіндік тетіктері де әрқилы.

3.2 Рухани жаңғыру стратегиясы мен «Цифрлық Қазақстан» жағдайындағы медиакорпус

Қазіргі заманғы әлемдік дамудың беталыстары қоғамдық экономикалық формациялардың даму сатыларын түсіндіру мен дәйектеу барысында ақпараттық қоғам деңгейімен шектеліп қалған тәрізді. Ақпараттық қоғамның цифрлы өлшемдері заманға тез икемделетін, бейімделетін жаңа параметрлерді ұсынып келеді. Цифр – әлде қандай сандардың жиынтығы емес, көне замандағы рәміздердің дәстүршілдік пен жаңашылдық бойынша қайталанған үлгілері. Оның нумерологияға қатысты тұстары біздің зерттеу аймағымызға тікелей қатысты емес. Қарапайым тілмен айтсақ, цифрлар белгілі бір өлшемде жиынтық ақпараттардың мәнін және оның мазмұнын бір сәтте анықтай алады. Ол жоғарыда айтқандай цифрдың кодтарына байланысты.

Цифрлық қоғам «шифр–цифр–код» деген түзілімді заманауи прогресс жағдайында ерікті-еріксіз түрде қабылдауға мәжбүр. Мәселен шифр болашаққа және қоғаммен жеке тұлға қатысты арналған кодтардың

жиынтығы деп білеміз. Шифр белгілі бір өлшемдегі рәміздер, аллегориялар, тұспалды ойлар түрінде берілуі мүмкін. Мысалы: крест христиандық діндегі таңба. Оның мәнісі Христостың ағашқа шегеленген қайғылы тағдырынан туындайтын және болашаққа бой сермейтін ритуал ретінде сақталып қалған. Сол сияқты біздің халқымыздың көне діни сенімдеріндегі рәміздер тарихи кеңістіктегі ақпараттар арқылы жалғасын тапқан. Қазақтардың арғы тектік дүниетаным негізінде әрбір санның нумерологиялық астары бар екендігі сөзсіз. Қараңыз; бір - монадо, екінші - дуада, үш-триада.... ретінде біздің эрамыздан бұрынғы көне грек жерінде өмір сүрген (шамамен ғасырларда) математик-философ пифогор ілімінде айтылғандай өзіндік мағынасы бар.

Осыған орай «Цифрлық Қазақстан» қоғамындағы нумерологияның мистикалық жақтарына үңілсек, қазақ халқының дүниетанымындағы өзіндік цифрлардың кестесі былайша қысқаша түсіндіріп өтуімізге болады. 1 – «жалғыздық бір құдайға ғана жарасқан»; 2 – қарапайым тілмен айтсақ, әлем дамуының диалектикалық бірлігін негіздейтін ала арқан екі жіптің өрілуінен құрылады.

Ал 3 – саны «үш ұлы бар» туралы ертегіден бастау алып, онтологиялық деңгейде сараласақ, әлімнің құрылымының үш деңгейін қайталайды. Немесе, Жер беті, жер асты, жер үсті құрылымы. Оны суретшілердің терек композициясы мифологиялық көріністе ұсына білген.

4 – саны әлемнің төрт бұрышы, қазіргіше тілімен айтсақ, оңтүстік-солтүстік, батыс-шығыс бұны қазақ гео-космо-дүниетанымы төрт құбыла деген оймен жинақтап берген болса, 5-саны, осы төрт құбыланың ортасындағы полюсті меңзейді. Оның арғы тарихи тұрғыдан зерделенген архитиптік ұстанымы (бейсенеден белгілі) деген аффоризммен терең мағынасында орайласады. «Алты айшылық жол», «алты қырдың астында» т.б. сияқты дәстүрлі қоғамдағы осындай сөздердің мағынасы 6-санының қастерлі өмір мәнділік мағынасын сипаттап тұрған сыңайлы.

Келесі кезекте адамзаттың эволюциясында олардың ғылымы дамуында 7 планета туралы түсінік шындығында, көптеген жылдар бойы жалғасын тапты. Бұл қазақ дүниетанымында «жеті қырдың астында» деген сияқты өлшемдерге де сай келеді. Сегіз қиыр шартарап деген сөздің қазақи дүниетанымындағы мағынасы 8 санының діни мифологиялық тұрғыдан алғанда өзіндік, рәміздік орнын тауып тұрған цифр.

Біздің халықтық ділімізде 9 саны қастерлі деп саналған. «Тоғыз тарау жол» «Тоғыз қабат көк аспан». Осындай нумерологиялық сатылардан өте отырып, барлық сандардың кезінде қастерленгендігін ескере келе, біз оларды атап өтсек 40-41 санына қайтадан тоқталып өтетін боламыз. Мысалы: ханның 40 уәзірі туралы аңыздар, 41 құмалақ және т.б.

Біз, 41 құмалақ санын цифрлі Қазақстан жағдайында былайша өрнектей аламыз. 41 саны қазіргі заманның талаптарына сай өлшемдерді тиянақтап бере алады. Заманауи уақыт тез және оның өлшемдері асығыстау жүретінін ескерсек, жаңадан ұсынылған цифрлар басқаша

бағыт алады. Бұл дифференциялық математика емес, іргелі әлеуметтік философиялық мәселе. Мынандай модель құрайық: 41 символынан тұратын карта және ақпаратты ұрлайтын 41 ғана емес жүздеген сандар болуы мүмкін.

Оны келесі үшінші тараудың үшінші бөлімінде кеңірек тиянақтап ғылыми теориялық тұрғыдан талдап өтетін боламыз. Дегенмен «Цифрлық Қазақстанның» бұл тұста, жағымды және жағымсыз, оңды және теріс жақтарын әлеуметтік-философиялық тұрғыдан зерделеуім қажет-ақ. Жағымды тұстарына тоқталар болсақ, ақпараттар өзінің танымдық деңгейі бойынша прогресивті мақсатта өмір сүреді.

Енді келесі кезекте медиакорпус құбылысының мәнімен мағынасына қысқаша тоқталып өткіміз келеді. Медиакеңістік адамзаттың даму эволюциясының қазіргі кезеңіндегі корпус. Бірақ бұл корпус біз үшін өзін-өзі танитын бірегейленетін мағынадағы және өзін-өзі қайталайтын, мүмкін қателесетін, мүмкін верификациялайтын, ықтимал жағдайда фальсификациялайтын жаңа феномен.

Фальсификация цифрлармен өлшенбейді. Оның ыңғайына сай цифрлар жағымды және жағымсыз мағынасында көрінуі мүмкін. Мысалы нумерологиялық корпуста батыс еуропада 13 санын жағымсыз мағынада қабылдайды. Осыдан туындайтын түйін әрбір цифр – өзінің цифрлы технологиясын дамыту мен өрістетуге бет бұрады. «Цифрлық Қазақстан» халықтың әлеуметтік жағдайын ойлау және оны қамтамасыз ету барысында көптеген саяси бағдарламалар ұсынды. Ондай саяси ұстанымдар халыққа игілікті қызмет етуге арналған, қарапайым тілмен айтсақ, халыққа қызмет көрсету орталығынан бастап депутаттарға онлайн түрінде дауыс беруде қоғамның жетістігі деп айта аламыз. Осы үрдістің философиялық астарлары былайша түйінделеді.

Біріншіден, ақпараттық қоғам және «Цифрлық Қазақстан» байланысын біз әлеуметтік-философиялық тұрғыдан таразылай аламыз. Оның негізгі түйткілді тұстары былай құрылады. Бұрын медиа кеңістік өзінің тиімді түрдегі форматтарын верификацияламай көрсеткен болса, жағымсыз ақпараттарды фальсификациялайтын медиа корпустарды ресми негізде құруға тиіспіз. Осыған орай, біз Цифрлық Қазақстанда ұлттық қауіпсіздік аясында жаңа инновациялық үлгілер ұсына аламыз. Оны осы тараудың үшінші бөлімінде толықтай баяндайтын боламыз.

«Цифрлық Қазақстанның» қазіргі заман тілімен айтқанда, мынадай ұстанымдары құрылады. Біздің ойымызша, заманымыздағы дамудың эволюциясы жаңаша өркениетке ұмтылады және соған еліміздегі психологиялық климатқа ыңғайластыру тәсілдерін ұсынамыз. Бұл әлеуметтік психологиялық технологияларды басшылыққа алады. Осыған орай, жаңаша интеллектуалды ұлт қалыптастыру саясатына сәйкес келетін өзіміздің өлшеміміз бойынша тарихилық пен логикалықтың өлшемдеріне орай мынадай парадигмалар орнықты болады.

Қазіргі замандағы ақпараттық кеңістіктегі дамудың перспективті бағдарларын құру ғылыми және тәжірибелік мақсаттарға ұсынылуы тиіс. Мұндай өлшемдер ғылыми дискурс аясында кең және кіші масштабта бағдарланады. Нақтырақ айтсақ, еліміздегі ақпараттық кеңістік өлшемдігіне байланысты. Жоғарыда айтылғандай, ақпараттық қауіпсіздік аясында деңгейлерді әртүрлі өлшемдерде қарастыруға болады. Психофилософиялық тұрғыдан және саяси-әлеуметтік негізде, сонымен қатар, танымдық-онтологиялық негіздеме параметрлері тұрғысынан қарастырсақ, өлшем деңгейлері дүниежүзілік эволюциядағы тарихи әлеуметтік кеңістіктегі әркілі параметрлерден құрылған. Бірақ бұндай параметрлер өзін-өзі сұранып тұрғандай және өзін-өзі қайталайтын тұрғыларды иеленді. Адамзаттың даму эволюциясы қашанда өткеннің тарихын қайталап қана қоймайды.

Ол болашаққа бой сермейтін бағдарды құрайтын жаңаша форматтарға ұмтылып отырады. Бұндай перспективті мазмұн үнемі әрбір ұлттар мен ұлыстардың мақсаты мен мұраттарына айналған. Осыдан біз «не үшін адамзаттың дамуының келешегі туралы іргелі онтологиялық мәселелерді қалай құрамыз?» деген сауалға кеңірек тоқталып өтеміз. Егер идея, идеологизм аясында маңызды субъективті фактор ретінде қабылданса, ақпараттық идеологема ретінде қабылданса, тәжірибе жүзінде ондай элементтер басқаша сипатталады.

Әлеуметтік ғылымдар магистрі Динара Мыңжасарқызы: «Цифрлық Қазақстан» – жаңғыруға бастайтын қадам. Әр дәуірдің өз талап-тілегі бар. Жаһандану дәуірі есік қаққалы жұрт жаңа технологияның тілін меңгеруге көшкен. Заманның көшінен қалмау – уақыт талабы. Осы тұрғыда қабылданған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы технологиялық тұрғыда дамуға қол жеткізеді. Сонымен қатар, ІТ бағдарламалар шығындарды азайтып, уақытты үнемдеуге көмектеседі, адамдар өзара ақпарат, тауар және қызмет түрлерін алмаса алатын болады. «Біз цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет.

Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты. Цифрландыру дегеніміз Қазақстанның озық ел атану жолындағы мақсат емес, құрал. Бәсекеге қабілетті болу, өсімді, өнім өндіруді арттыру, міне, осы – мақсат», – деді Елбасы өзінің Жолдауында. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы инфрақұрылымды дамытуға, адам капиталын жақсартуға, экономика саласын цифрландыруға және мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жетілдіруге бағытталады. Бағдарламаның 4 негізгі бағыты бар. Бірінші – ауыл-аймақты кең жолақты интернетпен қамтамасыз етіп, еліміздің транзиттік мүмкіндіктерін арттыру. Екінші бағыт – экономиканың салаларына (көлік және логистика, денсаулық

сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы және электронды сауда) цифрлы технологияны енгізу. Үшіншісі – мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру. Төртінші – IT мамандарды даярлау.

«Бүгінде әлемде нақты егіншілік жүйесі енгізілуде. Бұл жүйе саладағы шығынды азайтады, өнімділікті еселейді, сондай-ақ, ауыл шаруашылығының нәтижелілігін арттырады. Осы орайда, базалық деңгейге жататын шаруашылықтар агроөнеркәсіп кешенінің арнайы бағдарламасы арқылы егістік алқаптарын цифрландырумен қамтамасыз етілген. Бір жыл ішінде біз осыған қол жеткіздік. Сондай-ақ, топырақтың агрохимиялық күйінің карталары жаңартылды», – деді Өмірзақ Шөкеев. Шаруашылықтарды цифрландырудағы негізгі жұмыс әкімдіктерге артылмақ. Әкімдіктер мемлекеттік субсидиялар мен мемлекеттік қолдаулар арқылы шаруашылықтардың цифрлық дамуына қол ұшын беру еді.

«Әрбір ауданда цифрлық ферма құрылуы керек. Біз мұны әкімдіктерден талап ететін боламыз. Себебі біздің фермерлер цифрлық технологияларды алдымен өз шаруашылықтарында қолданып, нәтижесін көруі керек. Бұл ретте, біз үш полигон құрдық. Олар Қаскелең агропаркінің, Шортандыдағы Бараев институтының және Қостанай облысындағы «Заречный» шаруашылығының базасында орналасқан», – деді Өмірзақ Шөкеев. Министр еліміздегі ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институттарының саны екі есе қысқартатынын айтты. «Бізде extantion жүйесі жұмыс істейді. Олар ғылыми-зерттеу институттарының жұмысын қайталайды. Сондықтан инстиуттардың санын екі есе қысқартамыз. ... Жалпы, 2025 жылға дейін цифрландырудың экономикалық тиімділігі 40 млрд теңгені құрамақ. Бұл болжам жүзеге аса ма, жоқ па, уақыт еншісінде. Барлық құқықтар сақталған. [118,466.]».

Ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын, болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау бұл орта мерзімді перспективада республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға себеп болады.

Екіншіден, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау да маңызды қадамдардың бірі.

«Болашақтың цифрлық индустриясын құру» - адами капиталды дамыту деңгейін көтеру, инновациялық даму институттарын құру және жалпы алғанда, цифрлық экожүйені қарқынды дамыту есебінен ұзақ мерзімді

орнықтылықты қамтамасыз ету, елдің цифрлық трансформациялауды іске қосу.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруда 4 бағыт бар.

Бірінші бағыт – ауыл-аймақты кең жолақты интернетпен қамтамасыз етіп, Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру.

Екінші бағыт – экономиканың салаларына (көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы және электронды сауда) цифрлы технологияны ендіру.

Үшіншісі – мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру және Төртінші бағыт – IT-мамандарды даярлау.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасында ІЖӨ-дегі IT-секторының үлесін 2020 жылға дейін 5 пайызға жеткізу жоспарланған. Бұл дегенің IT-секторында 150 мың жаңа жұмыс орны ашылады деген сөз. Еңбек өнімділігі 37 пайызға жеткізіледі. Халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру да басты міндет, ол 85 пайызға дейін жеткізілетін болады. «Microsoft» компаниясы еліміздің цифрландыру саласындағы бастамаларға қолдау көрсетуде. Осы компания біздің аймақта да төрт бағыт бойынша жұмыс жасауға ниетті. Олардың ішінде денсаулық, білім және ақылды қала жобалары бар.

Қазақстан халқына Жолдауларында Мемлекет басшысы цифрлық индустрияны дамыту басқа барлық салаларға серпінді қамтамасыз ететінін атап өтті. Осыған байланысты цифрлық технологияларды қолданумен құрылатын жаңа индустрияларды дамыту бойынша міндетті алға қойды.

Мемлекеттік бағдарлама бес негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

- Экономика салаларын цифрландыру-цифрлық технологияларды қолдану және енгізу арқылы Қазақстан экономикасының дәстүрлі секторларын түрлендіру;
- Цифрлық мемлекетке көшу - қажеттіліктерді болжай отырып, қызмет көрсету тәсілдерін және мемлекеттің азаматтармен және бизнеспен өзара қарым-қатынасын түрлендіру;
- Цифрлық Жібек жолын іске асыру -ел ішінде де, транзиттік әлеуетті іске асыру үшін де деректерді беру, сақтау және өндеудің жоғары жылдамдықты және қауіпсіз инфрақұрылымын дамыту;
- Адам капиталын дамыту- жасампаз қоғам құруды қамтитын өзгерістер;
- Инновациялық экожүйені құру- бизнестің, ғылыми саланың және мемлекеттің тұрақты байланыстарымен технологиялық кәсіпкерлікті және инновацияларды дамыту үшін жағдай жасау.

Цифрлық экономика халықта оның жемістерін пайдалануға мүмкіндік беретін цифрлық дағдылардың болуын талап етеді. Бұл ретте, қазіргі кезде халықтың компьютерлік (цифрлық) сауаттылығының деңгейі 76,2% құрайды, және алдағы жылдарда оның өсуі қажет. Қазіргі сәтте Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бірқатар бастамаларды енгізуде.

Цифрлық бастамаларды іске асыру елдің одан әрі экономикалық өсуі үшін бірқатар іс-шаралардағы маңызды буын болады. Бағдарламада

қосымша құн құрудың және экономикадағы шығындарды қысқартудың едәуір әлеуеттілік бар, бұл өз тарапынан 2025 жылға таяғанда елдің ЖІӨ өсу қарқынын жылына 4,5-5% деңгейге жеткізуге мүмкіндік береді, сонымен бірге 1,6%-2,2%, яғни үштен бір бөлігі тек қана цифрландыруға қатысты болады. Бұл сценарий мемлекеттік деңгейде де, сол сияқты жеке салалар мен компаниялар деңгейінде де өзгерістерге келетін тұтастай тәсілді, максималды тартымдық пен қосымша инвестицияларды қарастырады. Бұл ретте, бағдарламадағы мемлекеттің үйлестіруші және бағыттаушы қатысуы тек инвестициядан келетін тікелей қайтарымға қол жеткізуге ғана емес, сондай-ақ цифрландырудан бастап білім беру сапасын жақсартуға, өмір сүру сапасын өсіруге, инвестициялық және бизнес орталықтарды дамытуға ұзақ мерзімді әсерлерді қамтамасыз етуге шартталған.

Цифрлы технология жүйесі арқылы еліміз әр салада үздік көрсеткіштерге қол жеткізе беретін болады. Уақыт өткен сайын адамдардың мүмкіншіліктері де арта түседе. Бұған дейін біз осындай ақылды технологияларды өмірімізге енеді деп ойладық па? Айтса сенгісіз дүниелер бүгінгі таңда өмірімізге еніп, адам қиялынан туындаған ғажайып туындылар өмірге келуде. Жаңа өнім, жаңа қызмет сапасы, жаңа құрылған - цифрлы технологиялар жүйесінің жарқын үлгісі. Бұл, сөзсіз ХХІ ғасырдың жетістігі. [119,56.]

Келесі кезекте, медиа қоғам жағдайындағы бүгінгі Қазақстанның Цифрлы қоғам жағдайындағы негізгі кедбетіне байланысты БАҚ мен оның дамуы жүйесіндегі өзіндік ерекшеліктерге тоқталып өтуімізге болады. Өйткені, медиакеністік пен цифрландыру тығыз байланысты болып келеді. Мәселен, біз жанама байланыстарды ұсынамыз.

Ол біріншіден, жоғарыда аталған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруда 4 бағыты осы медиакорпуспен қатынасты, екіншіден, медиа жалпы табиғаты жөнінен қарым-қатынас пен ақпараттық қоғамда орнықты және болашақта да өзіндік бағдарларын айқындайды, үшіншіден, оның мамандары PR-индустриясынан тыс болмақ емес.

«Бүгінгі PR-коммуникацияның халықаралық аспектілері әлемдегі тарихи, экономикалық, саяси оқиғалардың және ғылыми-техникалық прогрестің дамуы нәтижесінде қалыптасып отыр. PR-индустриясының даму тенденциялары жаһандық PR әрекеттер мен міндеттерінен туындайтындығы ақиқатқа айналуда.

Жаһандық принциптерге енгізілген PR мамандығы жағымды қарым-қатынас орнату мақсатында көптеген жергілікті ұйымдардың теориялық құрылымдарына енуде. Ұйымдар мен коммуникаторлардың және олардың серіктестері арасындағы коммуникация түрлі сипатта болу керек.

Барлық коммуникациялық процесс бірдей болғанымен, оның даму ерекшеліктерін сараптау қажет болғандықтан коммуникация саласы мамандарының білімін жетілдіру мәселесі туындайды. Тәжірибелі мамандар да, студенттерде білім берудің жаңа талаптарын қажет деп санайды.

Ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері арасындағы өзара сенім мәселесі де маңызды проблема. Өте жылдам коммуникация әлемінде өмір сүргендіктен олар қашанда тұрақты байланыс орнату қажет. Олардың байланысу ортасы, құндылықтар мен діни сенімдер жайлы сұхбаттасушымен диалогы үйлесімде болуы тиіс. Міне осындай үйлесімге келу процесін коммуникацияны басқару деп санауға болады. Қоғаммен қарым-қатынастағы тиімді байланыстарға қол жеткізіп қоймастан оларды бір-біріне беру, тарату, қабылдау қажет. Коммуникацияның әр алуандық концепциясы әрбір елдегі қоғамдық пікірді таратушылардың мәдени, техникалық және кәсіби дайындығын тексеруден, өзара диалогқа негізделген жаңа бастаманы қабылдаудан тұрады делінген манифесте. Коммуникация-әлеуеті қозғаушы күш. Әлемдегі оқиғалардың қызу дамуы жаһандық коммуникация талаптарына сәйкес келетін. PR-мамандарына жаңа нарықтар мен жаңа мүмкіндіктер ашылып, жаңа коммуникациялық форматта жұмыс істеуге мүмкіндіктер туды [120,13б.].

Бұқаралық коммуникация құралдарығасырлар иірімінде қарыштап дамыды. XV ғасырда-кітап, XVI-газет, XVII ғасырда журнал жарыққа шықты. XX ғасырда радио мен телевизияның жасалуы ақпарат саласында орасан зор толқыныс тудырса, ал, XXI ғасырда аталмыш коммуникация құралдарының дамуына ықпал етіп, өнімділігін, пәрменділігін арттырды, жаңа медиаға ақпараттың компьютермен лайықталған құрылғылар мен интернеттің интерактивті қызметтері арқылы таратылуы wikipediaға жол ашты. Көне түркі жазулардан бастау алып, заман көшінен қалмай, өскелең дәуірге өзінше үн қосып келе жатқан қазақ журналистикасы да бұл жаңалыққа тосырқай қарамады [121, 13 б.] деген сияқты пікірлер де жоғарыда біз келтірген пікірлердің дәйектемесі.

«Хабар жасалуға тиісті нысананы зерттеу – хабардың толыққанды болып шығуына, өз көрермендерін табуына жол ашады. Мысалы, адамның бойындағы биоэнергетикалық қасиеті жөнінде хабар жасау керек дейік. Бұл жерде «мына адамның бойындағы энергия өрісі үлкен екен» деген анықтама аздық етеді. Бұған көз жеткізу үшін алдымен бұл қандай энергия, оның өлшемі, әсері қандай? қандай адамдардың бойында ондай қасиет болуы мүмкін? Осындай энергетикалық ерекшелігі бар адамдарға емшілік үшін қандай мекеме рұқсат береді? Олардың өзіндік критерийлері қандай? Міне, осындай көптеген мәселелердің басын ашып барып хабарды дайындауға кірісу керек. Егер журналист өзі көтермек мәселені білмей тұрса, онда хабардың толық бейнесі ашылмайды. Зерттеу үшін арнайы оқулықтар ақтарып, мамандар мен сөйлесіп, объектіні өз бақылауына алып, көз жеткізіп алған соң ғана сценарлық жоба жазылуға тиісті. Осындай көптеген процестер кезінде ұжым мүшелерінің бірлескен жұмысы нәтижесінде бағдарламалар өмірге келеді» [122, 96 б].

Екіншіден, жоғарыда аталған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруда 4 бағыты осы медиакорпуспен тікелей қатынастылығына да шолу жасап өте аламыз:

– Медиалық жағдайдың жалпы беталысы цифрлы қоғам аясынан тыс бола алмайтындықтан әлеуметтік таным бойынша өзіндік құрылғыларын тиянақтайды. Нақтырақ айтсақ, медиа өлшемдер мен параматерлер үнемі цифрлы даму өлшемдерін қуаттайды. Сондықтан, цифрлы үкімет пен медиа арасында қайтадан тығыз байланыстар орнайды. Ол байланыс цифрлы үкіметтің тек қана насихатшы құралдары ғана емес, сыни тұрғыдан да келе алатын верификациялық тұғырлар да болып шығады.

– Цифрлардың өзіндік мистикасы ментанымдық негізін медиакеністік рационалдырып қана қоймайды, өмірмәнділік тәжірибеге енгізе алады. Мемлекеттік саясат үшін медиа қоғамдағы тәжірибелер қашанда қоғам дамуына тез бейімделе алатын фокустар екендігі шындық. Ол қарапайым мысалдар келтірсек, жаңа ақпараттардың қоғамдық санада тез таралуымен де байланысты;

– қазіргі кездегі медиа жай ғана ақпараттарды тасымалдаушы әлеуметтік институттар емес, корпус ретінде танылған іргелі және танымал ұйымдардың бірінен құралады. Сондықтан да, олардың билігі саяси жүйеде бағыт-бағдарлар мен ұсыныстарда де бере алады.

– бүгінгі күні медиа кеңістік пен цифрландыру арасындағы тағы бір байланыстар жастар мен өскелең ұрпақтар арасындағы қашықтыққа да қатысты. БАҚ өкілдері негізінен алғанда жастарды құрайды, сондықтан, олар цифрландыру климатын барынша жетік меңгерілгендіктен осы үрдістермен оңай үйлесім табады т.б.

Сонымен қатар, медиакеністіктесонғы уақыттарда оның жағымсыз тұстары туралы айтылып жүр. Олар ақпараттық желілердегі өшпенділік ұғымына қатысты болып отыр. Мысалы, С. Бейсенбаев: «Фейсбук және басқада әлеуметтік желілердің қазақ тілді сегментінде ксенофобиялық жазбалардың деңгейі біршама жоғары екеніде айрықша назар аударуды қажет етеді. Медианы тұтыну мәдениетін көтеру мен түрлі азшылық өкілдеріне (әсіресе, діни) төзімділік танытуға бағытталған кешенді шараларды қолға алу қажет. Соның ішінде, әсіресе, танымал авторлар үшін арнайы тренингтер ұйымдастырған жөн, олардың өз парақшаларында уақтылы талқыны бейтараптандырып, пікір таласты дұрыс арнаға салып отыруы маңызды» [123, 107 б.] десе, Ж. Смағұлова, Д. Көшербаева, А. Жұмырова сынды зерттеушілер: «Сонымен қатар, электронды ақпарат құралдарының жаңа мүмкіндіктерін есепке алатын болсақ, конструктивті принциптері мен имидж қалыптастыру құралдары, «жасанды әлем» жасайтын мүмкіндігі бар бұл медиа манипуляцияның құралына айналуы оп – оңай. Қоғамдық пікірге манипуляция жасауға мейлінше жол бермеу бойынша жұмыс істеген дұрыс. Алайда, бұл жұмыс басқаша ойландыратын күреске, сөз бостандығын шектеуге ұласып кетпеуі керек», – деп тұжырымдайды [124, 48 б.].

Жоғарыда айтылғандай, ауыл-аймақты кең жолақты интернетпен қамтамасыз етіп, Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттырудың негізгі шарттары бар. Ол біріншіден, техногендік дамуға байланысты болса, екіншіден, баламалы нұсқаларды үйлестіруге де қатысты болып келеді. Бұндай құрылымдардың қарапайым үлгісі ұялы телефондардан бастап, ауылдық жерлерде де спутниктік байланыстарды орнатумен келіп жалғасын табады. Интернет желілерінің өзіндік ұтымды тұстарын пайдалана отырып, жалпы ақпараттармен бөлісу де маңызды ахуал.

Екінші бағыт – экономиканың салаларына (көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы және электронды сауда) цифрлы технологияны ендірудің де қазіргі таңда игі бастамалары жоқ емес. Атап айтсақ, мәселен, электронды сауда қарқын ала бастады. Ол бір қырынан жарнамалық технологияға да байланысты болып шығады. Жарнамалау тек қана нарықтық сауда-саттыққа ғана қатысты емес, әлеуметтік өмір шындығы мен қоғамдық санадағы қажеттіліктерді одан әрі арттыру түсумен келіп орайласады. Бұл мәселе де қазіргі таңда ғылыми-теориялық түрде зерделеніп келеді [125, 48-52 бб.].

Бұл тұста жарналарды әлеуметтік философиялық тұрғыдан таразыласақ, жағымды және жағымсыз жақтары да жоқ емес. Жағымсыз жақтары, олардың әлеуметтік мифтер мазмұнына сәйкес келетіндігі мен софистикаларды қолданатындығы; иллюзиялар мен жалған ақпараттарды да таратауы ықтимал екендігі; сұраныссыз берілетін ақпараттардың тараалуы және оның уақытты үнемдеуге кесірін тигізетіндігі; жарнамаларда ұлттық құндылықтарға сай келмейтін бейнероликтердің қатынасуы; жарнамалардағы бейсанаға ықпал ететін тетіктердің қолданылуы т.б.

Жағымды жақтары: жарнама агенттіктері ақпараттарды жедел және тез таратуды мақсат етеді және ол ұйым ресми түрде құрылған болса, хабарлар үшін өзіне жауапкершіліктер жүктейді; Сіздің мүдденіз үшін қажетті жарналарды таратып бере алады (мәселен, үй, көлік сату т.б.); басқа да ақпараттарды таңдап алуыңызға мол мүмкіндіктер береді; өзіндік эстетикалық көрнектілігімен де айқындалып, психологиялық жеңілденулер туғызады; кей сәттерде экзистенциалдық тұрғыдан алғанда адам өміріне жаңа бастамалар ұсынады т.б.

Үшіншісі – мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру екендігін ескерсек, ол бұқара халық үшін де аса тиімді болмақ. Мәселен, білім беру саласындағы «субъект-объектілік» қатынастың «субъект-субектілік» қатынас үрдісіне ауысуына аналогиялық түрде, халық пен билік арасындағы жаңа «цифрлы жағдайдағы десубординациясыз» қатынастардың орнауына мүмкіндіктер ашады. Бұл тұстағы субординация туралы мәселе бөлек арнайы зерттеуді қажет етеді: «егер адамдарды құдай тең етіп жаратқан болса, субординация қажет пе?» деген сауал.

Қазіргі таңда ақпараттық желілерде осындай субординациялар кейде сақтала бермейді. Бұл заман талабы ма, әлде әлеуметтік конфликттен,

келіспеушіліктен туған үдеріс пе? Қазіргі қоғамдағы оппозициялық ұйымдар бұндай қадамдарға БАҚ-тар арқылы еркін бара алады.

Төртінші бағыт – IT-мамандарды даярлау екендігіне орай талдаулар жасайтын болсақ, мамандардың өркниетті шет елдіктерден білім алуы және көпшілік қауым, яғни, IT-мамандары еместермен қарым-қатынастарның деңгейіне де байланысты ахуалдар туындайды. Нақты мысалдар келтіретін болсақ, осыдан бірнеше жыл бұрын интернет желісіне қосылу мен электрондық пошта ашау және ондағы ақпараттарды алу мен өзгелер беру біршама қиындықтар тудырғандығы белгілі. Одан соң басқа да ақпараттық желілерге қосылу қажеттілігі пайда болды.

Қазіргі таңда білім беру платформасына сай «Zoom» бағдарламасы жүйеге енді. Оны да меңгеру деңгейі тұрақты. Осыдан біз, ақпараттық қоғам жағдайындағы цифрландыруды қоғамдық санада игілікті түрде меңгеру және оның сатылары туралы айтуымызға болады. Бірінші, қарапайым, екіншісі, күнделікті тұрмысқа қажетті, үшіншісі, барынша күрделі, ал төртіншісін біз көп нүктемен мынадай алгоритмдер бойынша ұсынамыз. Цифрлы қоғам жағдайында медиакорпус заман талабына орай жедел дамып келеді. Осыған орай, «Қарапайым цифрландыру-оңтайлы цифрландыру-қоғамдық өмір саласында оны қабылдау мен қолдана білу – цифрландырудың шексіз және интенсивті дамуына орай бейімделуге бейімделу» т.б. Ендеше, медиалық бірлік пен өзара байланыстың күшейе түсуі прогрессивті дамуға қарай бет түзеді. Бұл тұста, кейбір консервативті көзқарастар туралы да айта кетуімізге болады.

Заман шындығына қарсы тұру мүмкін емес, ал кейбір IT меңгергісі келмейтін немесе оған қарсы шығатын бұрынғы ұрпақтар шындығында, өткенді аңсаушылар мен заманның келбетінің тезірек дамуына бейімделе алмаушылықтары деп ойлаймыз. Бұл жоғарыда айтылғандай «цифрлық сауаттылық» деп атауға болатындай беталыстарға да қатысты.

Әрине, білім мен ғылыми шығармашылық тек қана цифрлық сауаттылықпен өлшенбейді, ол тек қана өмір шындығына бейімделу мен мамандық бойынша өзінің шығармашылығын арттырудың тәсілі. Мәселен, XX ғасыр басында орыс тілін меңгермегендер артта қалған сияқты болып көрінді. Сол сияқты қазіргі таңда да IT игермегендер заман талабынан жай ғана қалыс қалып отырған элеуметтік топтар тәрізді болып көрінеді. Ендеше, бұл тұста, медианың атқарар ролі де зор. Мәселен, қазіргі ақпараттық желілер мен медиаорталықтар шет тілдерін игерудің жаңа технологияларын жариялаған.

Цифрлық сауаттылықты қалыптастыру аясында медианың ролі мен маңызы зор екендігі белгілі. Ол «миорталықтары» сияқты қызметтер атқармайды, бірақ, белгілі бір деңгейде бағдарлар беріп, құлақтандыру мен тәжірибелер алмасу барысында, ақыл кеңестер ұсыну аясында жүйелі жұмыс жасайтынтресми органдар екендігі белгілі. Олар элеуметтік таным аясында ақпараттық таным кеңістігін қалыптастырады. Рухани әлемді тану мен заттық дүниені тануда айтарлықтай дихотомиялар болмаса да, өзіндік

ерекшеліктері бар құбылыстар. Рухани таным аясы тек ақпараттарды ингерумен ғана шұғылданбайды. Ол өз кезегінде, қоғамдағы барлық идеялардың тізбегінен адамның немесе тұлғаның өзіндік келбетін айшықтаумен келіп жалғасын тауып отырады. Сондай-ақ ақпараттық таным аясында медиа өзіндік бір жаңаша корпуссты құрайды.

3.3 Еліміздегі ақпараттық қоғамды жетілдірудің перспективті бағдарлары мен ұстанымдары

Адамзат тарихындағы тұтастай рухани ой-сана эволюциясының маңызды бір қыры – болашақ туралы толғаныстар. Өйткені, болашаққа алаңдау қай кезең болмасын, теориялық және бұқаралық сананың ажырамас қасиеті ретінде қоғамдық сана тұғырына дейін көтерілген танымның бір түрі болып тағайындалып қалғандығы шындық. Әрбір адам мейлі ол, абыз, дінбасы, ғалым болмасын, немесе тіпті, жай қарапайым толыққанды субъект болсын, «адамзат болашағына алаңдау» кейпін киген, әрине олар әр түрлі жазықтықта, әр түрлі деңгей мен дәрежеде толғанады.

Қазіргі таңдағы адамзатты алаңдатып отырған ғаламдық мәселелерді шешу жолдарын іздеу, адам баласының эволюциядағы болу мен болмау талғауы мәселесіне тап келуі, болашаққа деген үміт пен сенімнің жоғалуы сәттері және оны қайта қалпына келтіру, келешектегі адамзаттың тағдырына қатысты алғандағы, жер мен ғарыштың болашақтағы даму үлгілерін ұсыну т.б. мәселелер футурология ілімін өркендетудің өзектілігін ғана айқындап қоймайды, қай кезең үшін де ойлау мен руханияттық деңгей өзін алаңдататын мәселелерден ерікті-еріксіз түрде ажырай алмайтындығын көрсетіп береді.

Мәселен, ескі жоқ ескі замандарда да белгілі бір қауымдастық пен тайпалық бірлестіктер құрылған саналы өмірде «өткенмен» қатар «ертең» мәселесі – циклды қайталанып тұратын экзистенциалдық мәнді құрады. Осыған орай, болашақты болжайтын арнайы әлеуметтік мәртебеге ие болған: абыздар, дінбасылары, көріпкелдер, жұлдызшылар, жорамалшылар сияқты протофутурологтар деп атауға болатын өкілдер пайда болды. Ал ғылым дамуы кезеңіндегі болашақ туралы болжамдауларды предфутурология деп атауға болады.

«Кеше – бүгін – болашақ» болып ажыратылған уақыттың шартты үш кезеңіне сәйкес, алдағы өмір туралы толғаныс ХХ ғасырдың орта шенінен бастап, арнайы ғылыми ілім ретінде өркендеген болатын. Қазіргі кезде өркениетті елдерде футурологиялық орталықтар мен ғылыми зерттеу институттары жұмыс істейді.

Осыған орай, әлемдік ғылыми танымдық дискурс аймағында қазіргі заманда айтарлықтай беделге ие болып келе жатырған және философиялық ойтаным болумен қатар мәдениеттанулық парадигмаға неғұрлым жақынырақ болып табылатын перспективті зерттеулерді елімізде де жүйелі қолға алу керектігі, арнайы ғылыми зерттеу институтын құру қажеттігі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі деп айта аламыз.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында облыста халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру жөніндегі іс-шаралар қарастырылған.

Бағдарлама міндеттерінің бірі – 2022 жылға қарай халықтың цифрлық сауаттылығы деңгейін 83%-ға дейін арттыру. Бүгінде ел бойынша халықтың цифрлық сауаттылығының базалық деңгейі – 77%. Жыл соңына дейін 78,5%-ға дейін ұлғайту жоспарланған.

Ол үшін осы жылы 1 маусымнан тамыз айының соңына дейін елдің әр өңірінде халықты оқыту ұйымдастырылатын болады (ақысыз негізде). Аудандар және Петропавл қаласының әкімдіктері адамдарды оқуға жазып, топтарды қалыптастыратын болады.

- жасқа шек қойылмайды;
- азаматтардың барлық санатының (резиденттер емес, оралмандар және басқа да азаматтығы жоқ адамдар) оқуға тең құқығы бар.

Оқыту 4 бағытта жүргізіледі:

- бірінші — компьютер мен мобильді гаджетті пайдалану дағдысынан, интернетте ақпарат таба білуден, деректердің қауіпсіздігі мен оларды қорғаудан тұратын базалық;

- екінші – ақпараттық дағдыдан тұрады, бұл — «Электрондық үкімет» және «Ашық үкімет» сервистерін қолдана білу;

- үшінші – транзакциондық дағды, сервисті пайдалана білу және қызметтерге төлем жасай білу;

- төртінші – интернетте тауарды және қызметті сатып ала, сата және жылжыта білуге байланысты дағды, сонымен қатар электронды сауда дағдысы» [126]

Қазақстандағы ақпараттық кеңістікті әлеуметтік философиялық талдау негізінде зерттеудің мынадай перспективті бағыттарын ұсына аламыз.

Бірінші, ақпараттар және ақпараттық әлемді, оны интенсивті түрде меңгерудің жаңа технологияларын жасау және оны тәжірибеге енгізу арқылы жетістікке жетудің әдіснамасын зерттеу.

Екінші, ақпараттық кеңістіктегі мәліметтерді сұрыптаудың инновациялық әдістерін ұсыну. Осындай, сараптау арқылы ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті сақтаудың өзіндік технологияларын зерттеу.

Үшінші, болашақта болуы ықтимал ақпараттық әлемдік деңгейдегі орталықты елімізде құрудың үлгілерін ұсыну және оны тәжірибеде қолдану жөніндегі іргелі зерттеулер жүргізу т.б.

Қазақстан қоғамындағы ақпараттық қоғам аясындағы және оны дамыту жолдарындағы амалдарды келешекте жетілдірудің жолдарын ғылыми теориялық негізінде жетілдірудің мақсаттарын былайша жобалауымызға болады:

1. Ақпараттық қауіпсіздік саясатын күшейтіп реваншизммен ұлтаралық қатынастарды өршітетін идеялардың азат болудың жаңа жоспарын жасақтау және осы мағынадағы бағдарламалардың әдістемелік негіздерін құру.

2. Ақпараттық қоғамда өмір сүріп отырған еліміздің стратегиялық даму жоспарында интеграциялық әдістерді негізге ала отырып пәнаралық байланыс бойынша ұтымды тактикалар қолдану қажет. Атап айтсақ психология, тарих, этнография, филология, саясаттану, әлеуметтану және т.б. сияқты ғылымдар бұл арнада өзара қауымдастық құру тиіс. Ғылым философиясындағы ғылымдардың интеграциясын бұл тұста ғылыми конвенционализм деп атауға болатын үдеріс қажет.

Ақпараттық қоғамға бейімделудің мынадай психотехникалық құралдарын ұсына аламыз: ақпараттар фобиясынан арылу және ақпараттарға психоаналитикалық талдаулар жүргізіп отыру; қоғамдық психологиямен ақпараттық кеңістіктегі идеологиялардың ара байланысын ашу; ақпараттардың манипуляциялық деңгейлерін зерделеп бұның жағымды және жағымсыз тұстарын верификациялау және т.б.

Ал педогогика ғылымында ақпараттық қоғам аясында жеке тұлғаларды қалыптастырумен тәрбиелеу білім беру мазмұнында білім алушылардың ақпараттық санасы деп атауға болатындай климатты оларға түсіндіру, мысалы, қазіргі білім беру үлесіндегі қашықтықтан оқыту онлайн формат түріндегі сабақ өткіздіру және оның тиімді тұстарын қолданудың неоинновациялық тәсілдерін ұсынудың маңызы артып отыр.

3. Әлеуметтанулық салада қоғам дамуындағы цифрлық қоғамның алдағы көріністерінің модельдерін құруда маңызды істердің бірі. Осыған сәйкес ақпараттардың алмасуы туралы трансформациясы жөнінде зерттеулер жүргізуде прогностикалық жобалар болуы тиіс. Келесі кезекте, еліміздегі ақпараттардың теориялық деңгейдегі құрылымдарын ресмилендіруіміз керек. Ол үшін арнайы ғылыми бағдарлама құрылып, ол шетелдіктермен тәжірибе алмасуы арқылы қызмет етуді қамтамасыз ететін жүйе жасақтауымыз керек.

Мысалы, Илон Масктің техногендік жаңа революциялық фантазмагориясы немесе ақиқатқа айналатын утопиясы қазіргі таңда қазақстандық ақпараттың кеңістікте қайтадан ғылыми теориялық масштабтағы орталықтарды ашуды керек етеді. Бұнында тарихи әлеуметтік негіздері қазақи дүниеге көзқарастарда қалыптасқан. Бұқар Жырау айтқандай, «Жақсының аты өлмейді, әлімнің хаты өлмейді». Бұл тұстағы «әлім» ғалым деген мағынаға сәйкес келсе, ал «хат» олардың озық идеяларын қамтамасыз ете алады. Ақпараттар қазіргі әлеуметтік қана емес, физикалық, астрономикалық кеңістік аясында кең жайылған. Голограмма философиялық тұрғыдан алғанда, өзінің өлшемдерін өзі қайталап отыратын тор сияқты. Фрэнсис Беконның өрмекшінің торы осы голограмманың ерте үлгісі іспеттес.

Қазақстандық ақпараттық голограмма былайша құрыла алады. Осыған орай, біз негізгі перспективалық жобаларды ұсынамыз.

Біріншіден, әлемдік өркениет аясындағы танымдық теориялық деңгей біздің халқымыздың діліндегі биологиялық-генетикалық туыстыққа байланысты. Қарапайым тілмен айтсақ, терек рәмізі бойынша танылатын

рулық қатынастар, шежіре әлеуметтік голограмма сияқты, демек, осы рәмізді және оның өмір мәнділік ұстанымдарын қайталай отыра техногендік қоғам жағдайына оңтайландырып қалай қолдануға болады деген мәселелер қоғамдық өркениеттік даму негізіндегі сұраныстардың бірі. Біз бұны келешектегі зерттеулерімізде тереңірек қарастыратын боламыз.

Екіншіден, Қазақстандағы цифрлық қоғамның өзіндік оңтайлы тұстары бар. Бұл еліміздегі адам санының аздығыменде өлшенеді. Яғни, цифрлі әлемді жетілдіре түсудің объективті шарттары бар деген сөз. Физикалық кеңістік бұл тұста аса маңызды роль атқармайды. Сондықтан, мәліметтердің алмасуы тез жүріп отырады.

Мысалы, батыстан шыққан Құрманғазы, Дина сияқты күйшілер немесе басқа өңірден туған Ақан Сері, Балуан Шолақ сынды өнер иелері бүкіл Қазақтың сары даласына танымал болған. Осы әдісті қазіргі заманауи технология негізінде әрі қарай тарихилықпен дәстүршілдіктің арақатынасы бойынша дамытуымыз қажет.

Үшіншіден, заман шындығына сәйкес, біздің қазақстандық қоғам ақпараттардың интернет желісінде тез алмасуын қамтамасыз етуі керек. «Қазақстанның әлемдік ақпараттық кеңістікке енгені ешқандай дау тудыра қоймайтын шындық. Қазір нақ осындай процесс елімізде үздік жүріп жатыр және алдағы уақыттарда бұл одан әрі қарыштап дами беретін құбылыс. Ғаламдық жаһандану, Қазақстан әлемдік дамыған, бәсекелестікке қабілеті 50 елдің қатарына кіру секілді ұлттық идеяны ұстанып отырған қазіргі жағдайда бұл үдерістен тысқара қала алмайтынымыз дау туғызбас шындық» [127, 566.].

Электронды кітапхана, электронды үкімет сияқты желілердің халыққа қызмет ету деңгейін және оның шапшандығын әлемдік өркениетті елдердегідей арттыруға тиіспіз. Ол, электрондық технологияға әрине тікелей байланысты. Бірақ, философиялық негіздемесі жоқ сияқты болып көрінеді. Оны былайша таразылап бере аламыз. Континуумдық жүйедегі және әлеуметтік уақыттың жылдамдауы прагматистік тұрғыдан алғанда, нәтижеге тез қол жеткізуді қажет етеді. Осыған орай, біздің еліміздегі интернет жүйесі арқылы ақпараттардың алмасуының іргелі модельдерін құруымыз керек. Өйткені, өркениетті елдер көшіне ілесу тек экономика дамуымен ғана өлшенбейді.

Біріншіден, қоғамдық психологиядағы ақпараттық таным теориясын және оның әлеуметтік саяси астарларын зерделеу аса маңызды. Психологияда фобияның бірнеше түрлері бар. Біз, бұл тұста «ақпараттардан фобия» ұғымын енгізе аламыз. Ақпараттар жасырын кейіпте жеке адамнан бастап мемлекеттік және әлемдік деңгейге дейін жеткізілген.

Құпия кодталған ақпараттар бәрібір ақпараттық танымда көп жағдайда үрей туғызады. Мысалы, Массондық рәміздер туралы әлеуметтік мифтер қоғамдық санада үнемі үрей сезіміне алып келеді. Біздің қоғамдық санада да осы құбылыстан үрейлену элементтері жоқ емес. Өкінішке орай,

ақпараттардан үрейленудің алдын алудың психологиялық қорғаныс тетіктері жүйелі түрде құрылмаған.

Қазақстан қоғамы рухани жаңғыру стратегиясын ұсынды. Біз, оған рухани жаңғыру жағдайында өздігінен реттелетін қорғаныш тетіктерінің құрылымын жасақтап алуымыз қажет. Алғашқыда қоғамдық санада жаһандану фобиясы пайда болды. Сол сияқты аналогиялық түрде ақпараттардан фобия құрылып отырғандығыда рас. Мысалы, чиптендіру жөнінде айтуымызға болады. Бұл тұста қатер чиптер арқылы адамның ойын оқу. Ойды оқу ақпараттық үрейме, әлде әлеуметтік шындықпа деген сауалдарды көпшілікке түсіндіру және оны ғылыми негізде талдап беру ақпараттық қоғам жағдайындағы перспективті мәселелердің бірі. Ақпараттық фобияны бір жақты қарастыруға болмайды, жағымды жақтары да бар екендігі түсінікті. Біз егерде жаңа заманға бейімделетін болсақ ақпараттарды сұрыптайтын, өңдейтін арнайы институт құруға тиіспіз.

Екіншіден, ақпараттардың интенсивті түрде алмасуына және экстенсивті түрде жүріп отыруына бейімделетін қоғамның үлгісін құруымыз керек. Ол, жеке адамнан бастап, әлеуметтік институттар масштабына дейін таралу деңгейімен өлшенеді. Адамның ойы қаншалықты жедел болсада ақпараттардың климатының даму, өркендеу, жайылу деңгейіне сәйкес келе алама?. Бұлда іргелі зерттеуді қажет ететін мәселе.

Үшіншіден, еліміздегі ақпараттық кеңістіктің ахуалын толықтай зерделейтін заман келіп жетті. Ол үшін біз мынадай үштік құрылымды ұсынамыз: «әлемдік ақпараттық дүние – ақпараттар болмысы – отандық ақпараттық континуум».

Ақпараттар дүниесі әрі объективті, әрі субъективті, ал ақпараттық болмыс қашанда өзін-өзі қайталайтын бірегейлік. Сонымен қатар бұндай бет алыстардан Қазақстанда тыс қала алмайды. Әрине, Қазақстан өз бетінше жаңа ақпараттық қоғам үлгісін өздігінше жариялай алмайды. Себебі, ақпараттар географиялық кеңістікке бағынбайды. Әрбір мәлімет қазіргі таңда жедел тарап тіпті сыни пікірлерге де тап болып жатады. Оны қазақ халқы «Отыз тістен шыққан сөзотыз рулы елге тарайды», - деп қысқаша тұжырымдаған еді.

Дегенмен, ақпараттық қоғам аясындағы ұстаным негізінде дәстүршілдік пен жаңашылдықтың бірлігі қағидаларына сүйенсек, өмірмәнділік – тұрмыстық деңгейден бастап, ресми мемлекеттік саясатқа дейінгі жаңа өлшемдер құра аламыз. Қарапайым тілмен айтсақ, «өсек айту», «ғайбат сөз сөйлеу» сияқтылардан арылып, басқада ақпараттарды сыни көзқарас тұрғысынан таразылап бере аламыз. Бұл қоғамдық сананы қайта жаңғыртуды талап етеді. Жеке адам ақпараттарды сақтап, тасымалдап отыруға ерікті-еріксіз түрде міндетті. Қазақтарда ақпараттардың берілу жолдары әр түрлі. Мысалы, қайғыны естірту, ол да жоғарыда айтылғандай ақпараттарды ерікті-еріксіз түрде тасымалдаудың көне формасы.

Бұдан шығатын қорытынды қазақ қоғамына тән ақпараттар берілісінің жаңа форматтарына бейімделу қажеттілігі. Қарапайым өмірден мысал

келтірсек, онлайн түрінде көңіл айту бұл бір қырынан алғанда трагикомедия, екінші бір қырынан алғанда экзистенциялдық мән, бұндай үлгілерде болашақта өзгеруі ықтимал. Сондықтан біз жаңа ақпараттық қоғамға бейімделуге үнемі дайын болуға тиіспіз. Осыны қоғамдық санаға сіңіру қажеттілігі туындап отыр. Бұл жерде Э. Гуссерлдің таза сана, интенция түсініктерінің де мәні артады. Яғни, сананың бет алысы маңызды екендігі сөзсіз.

Ақпараттық таным жүйесіндегі құбылыстардың қазақ қоғамына қатысты қырларын былайша жүйелеп көрсете аламыз.

Тарихи-элеуметтік тұрғыдан келетін болсақ, оны мынадай өлшемдерде қарастыруымызға болады. Көне замандардан бері халық жадында сақталған «Тура биде туған жоқ» деген мәтел ақпараттарды верификациялауға сәйкес келеді. Сонымен қатар Абай атамыз қазақ қоғамының сыншысы ретінде «өсек-өтірік мақтаншақ...» деп айтқандай, ақпараттардың сүзгісінің институты бұрыннан-ақ құрылған.

Ендеше, осы көне институтты қайта жаңғырту заман талабы болып отыр. Осыдан бірнеше жыл бұрын «Ақсақалдар кеңесі құрылған» еді. Оның негізгі қызметтерінің бірі – өмірдің ақиқатының келбетінің ашып беру еді. Олар билер кеңесі сияқты ақпараттардың ақиқат немесе ақиқат еместігіне баға беретін куәгерлер. Философиядағы сыни ойлау кез келген манипуляциялар мен жалған ақпараттарды немесе санаға енгізумен иллюзияларды ой иелегінен байыптап өткізеді. Осыған орай, біз бұл пәнді эллективті курс ретінде жоғарғы оқу орындарындағы білім алушы магистранттарға, PhD докторанттарға енгізуді ұсынамыз. Сол сәтте әлемдегі және біздің қоғамдағы ақпараттарды таразылайтын ұрпақтар қалыптасады.

Еліміздегі журналистер қауымы ақпараттарды тарату барысында кейде жаңа заман ойшылы Ф.Бэкон айтқандай сөздерді дұрыс қолданбаудан болатын қателіктерге ұшырайды. Театр елестері әрбір заман сайын кездесіп отыратын құбылыс, яғни, кейбір қазақ қоғамын сынаушылар айтып жүргендей шет елдік терминдермен түсініктерге еліктеп, біздің қоғамға басқаша ақпараттар таратып жүрген де бар сыңайлы.

Енді келесі кезекте ақпараттардың берілуінің жағымды тұстарын одан әрі жетілдірудің үлгілерін ұсына аламыз. Оның көпшілікке белгілі тұстары ақпараттық технологияларды меңгеру. Ақпараттарды бір-бірімізге тасымалдап отыру қоғамымыздың дамуының жарқын болашағы іспеттес. Оны толықтай түсіндіретін қазақстандық герменевтиктер мектебі қажет сияқты. Бұл заманауи «Гадамер» мектебін құруды сұранып отырғандай болады, ақпараттарды түсіндіру, талдау бір жақты болмауы керек. Егерде алынған мәліметтерді қорытатын субъекті өзіне-өзі қайшы келетін болса, ол бір қырынан ұғынықты, екінші бір қырынан алғанда қайғылы.

Берілістер бұл тұста физикалық-механика түрінде жүзеге аспайды. Сананың өзіндік интенциясы арқылы өмір сүреді. Қазақ халқының және отандық дискурс аясындағы қазіргі таңда өткізіліп отырған ғылыми-

теориялық конференциялар сияқты басқада әлемдік өмір қозғалысын талқылайтын пікірталастар халықтың бұқара деңгейіне толықтай жетуі тиіс. Бұл тек философтардың ғана міндеті емес, отандық ақпараттық кеңістіктің өзіндік аймағының шеңберіне қатысты тағылым болуы керек.

Дегенмен, философиялық ойтолғам кей сәттерде афоризм түрінде болсада ақпараттық желілерде көрініс тауып келеді. Мысалы, ватсап, фейзбук ж.т.б. желілерінде философтардың даналық сөздері айтылады. Яғни, осы үрдісті одан әрі дамыту үшін қоғамдық сананың призмасын жаңаша форматта құра аламыз. Әрине бұл болашақ қоғам дамуының және біз, философтардың айқын міндеттерінің бірі.

Перспективті даму бағдары мен болашақтың үлгілерін құру қашанда маңызды болып саналады. Әйтсе де, біз бұл тұста, әлемдік тәжірибелерді негізге аламыз. Ол кейбір мемлекеттерде жарияланбайтын құпия ақпараттар тізбегін құрайды. Дегенмен, қауіпсіздік аясындағы зерттеулерді ғалымдар мен қоғамдағы элита өкілдерінің сұраныстарын сай құлақтандырып отыру да қажет сияқты. Заман талабы қазіргі таңда ақпараттардың жасырын немесе жасырынуын қаламайды. Сондықтан, осындай климаттан еліміз де тыс бола алмайтындығы ақиқат. Жасырын ақпараттар кей сәттерде өзіне-өзі қатер төндіретін әлеуметтік мифтерді шоғырландырады.

Ол мифтер тек қорғаныш тетіктері ғана емес, керісінше, өзін «Өзге» ретінде танытуды әйгілейді және өмір шындығын бұрмалайтын аморальдік әрекеттермен үндесетін теріс пиғылды сана қалыптастырып, сыртқы саясатта сол мемлекеттің шынайы келбетінен де айыруы мүмкін екендігін ескергендігіміз жөн.

Әлеуметтік таным теориясы философияда бұрынғы қалпында қалғандықтан, алдымен, біз, қазіргі таңда философия саласында ақпараттық таным теориясын зерделеудің алдыңғы ұмтылыстарында болуымыз керек. Бұл болашақ ұрпақтардың ақпараттық танымын кеңейтетін модустармен жалғасып отыруы керек. Сонымен қатар, әлеуметтік саланы зерттейтін философтар осы арнада өзіндік жаңа теориялық бағдарларын құрып қана қоймай, оның көпшілік санаға қабылдануы мен әсер етуі тетіктерін құра отырып, нақты нәтижелерді прагматистік тұрғыдан талап етуі де заман философтарының өзіндік борыштарының бірі деп айта аламыз. Өйткені, өмір шындығы кей сәттерде, циклды түрде интеллектуализмге қайта оралады. Соңғы уақыттардағы «философияның беделі түсіп кетті» деген сияқты дабыл қағулар өздігінен философияның қорғаныш тетіктерін туындатады. Оны бағамдау мен саралау жай ғана философиялық конгресстер өткізумен өлшенбейді, ұсыныстардың іске асу нәтижесімен айқындалады.

Бұл тарауда қазіргі Қазақстандағы ақпараттық әлемдегі әр түрлі форматтар әлеуметтік философиялық тұрғыдан таразыланды. Кітап оқу мәдениетінің жалпыадамзаттық және қазақстандық қоғамдағы келбеті сипатталды. Кітап оқу мәдениетінің субъективі және объективті себептері көрсетілді. Қазақстандағы ақпараттық әлемдегі коммуникацияның әлеуметтік

философиялық негіздері талдана келе, электронды үкімет туралы және оның мәні мен мазмұны хақында пайымдаулар жасалды.

«Цифрлық Қазақстан» идеологемасының тарихи танымдық бағдарлары қазіргі таңдағы шифрлармен байланысты болатындығы туралы қорытындылар жасалып, ол нақты статистикалық мәліметтерді саралаумен ұштастырылып, қоғамдық пікір аясындағы журналистер мен саясаттанушылардың көзқарастары негізге алынып, өз ойларымыз тиянақталды.

Сондай-ақ, электронды үкімет бағдарламасына орай, қоғамдағы әлеуметтік ақпараттық жүйелердің қызметі мен маңызы туралы ұстанымдарды құру барысында, біз, медиакорпустың жалпы келбетін сипаттай келе, еліміздегі ақпараттық қоғамды жетілдірудің перспективті бағдарлары мен ұстанымдарының жалпы бағдарларын стратегиялық және тактикалық тұрғыдан негіздеп, әлеуметтік жобалау аясында өз ұстанымдарымызды білдірдік. Осыған орай, тың идеялар ұсынылды және ол заман шындығымен үндестірілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі Қазақстандағы ақпараттық кеңістікті әлеуметтік-философиялық талдау барысында біз мынандай қорытындыларға келдік:

1. «Ақпараттар», «ақпараттық қоғам», «ақпараттандыру ұғымдарына» концептуалды талдаулар жасалды. Оған әрбір ұғымдар бойынша анықтамалар мен түсініктемелер берілді. Ақпараттардың берілуінің биологиялық, психологиялық, әлеуметтік негіздерін анықтай отыра, оның жалпы адамзат қоғамындағы келбетін саралап өзіміздің ой түйінімізді жинақтап көрсеттік. Ақпараттардың кең ауқымды түсінік екендігіне көз жеткізе отырып, оның тасымалдану үлгілерінің ғылыми-философиялық деңгейлерін ашып бердік.

2. Метафизикалық тұрғыдан алғандағы кеңістік және ақпараттық ақпараттық кеңістік жөніндегі мәселелерді онтологиялық қағидаттар бойынша сараптап, соңғы XX және XXI – ғасырлардағы ақпараттық кеңістік теориясы бойынша тұжырымдалған пікірлерді зерделедік. Ақпараттық кеңістіктің кең масштабтағы өлшемдерін физикалық кеңістікпен салыстырып көрсеттік. Ақпараттық қоғамның мәліметтерінің жиынтығының өзіндік формуласы бар. Ал, негізгі форматтары әлемдік өлшемде біркелкі екендігін әлеуметтік философиялық негізінде дәйектедік.

3. Қазақстан қоғамындағы ақпараттық алаңның тарихи негіздерін аша отырып оның құрылуының негізгі эволюциялық сатыларын көрсеттік. Ол көне түркілік ауызша мәдениеттен бастау алған және кейінгі жазба мәдениетпен сабақтасуға тиісті өлшемдер екендігін пән аралық байланыс кезінде болатындығы жөнінде ұсыныстар бердік.

4. Қазіргі таңдағы еліміздің идеологиялық әлемі жөнінде сараптамалар жасалды. Оның ішінде ұлттық идеологиялық насихаттар және оның әлеуметтік астарлары таразыланды. Сондай-ақ, әлеуметтік мифтермен қоғамдық санада орын алған американдыру, еуропаландыру, орыстандыру сияқты идеологемалар сыни негізде талданып көрсетілді.

5. Ақпараттық қоғам жағдайындағы тұлғаның орны жаһандану кезінде айрықша екендігін атап өттік. Перфекционизм аясында ақпараттардың желісінде әрбір адамның, тұлғаның өзін-өзі қалай анықтау керегі екендігі жөніндегі форматтар көрсетілді. Бұндай үлгілер үнемі үздіксіз түрде қайталанып отыратын циклді дамудың өзіндік мағынасын құрайтындығы жөнінде зерттеулер жүргіздік. Қазіргі заманда адам ресурсы өзінің орнын ақпараттық қоғам жағдайына бейімделуге ұмтылуы турасында және оның психологиялық тетіктері құрылуы барысы жөнінде әлеуметтік философиялық байыптамалар ұсынылды.

6. Қазіргі еліміздегі ақпараттық алаңдағы иновациялық технологиялардың маңызы жөнінде жаңа ұсынымдардың қажеттігі туралы айтылды. Оның тұрмыстық және білім беру, сонымен қатар саяси сахна, өнер арнасындағы әдістері туралы баяндалды.

7. Қазіргі қазақстан жағдайындағы идеологиялық әлемнің келбеті сыни тұрғыдан талданды. Идеологиялық әлем оптимистік және пессимистік климаттар бойынша көпшілік және теориялық сана деңгейіне зертеулер бойынша жүргізілді.

8. Цифрлық Қазақстан және оның өркениетті түрде құрылуының тарихи-философиялық негіздерінің талдау барысында қазіргі таңдағы мемлекетіміз ұстанған цифрландыру жүйесінің әлеуметтік-философиялық астарларын ашып көрсеттік. Медиакорпусстардың жиынтығы және оның тиімді тұстарының ғаламдық өркениеттің даму ұстанымдарына сәйкес келетін тұстарын зерделедік.

9. Қазақстандағы ақпараттық қоғамды және оның ұтымды тұстарын одан әрі жетілдірудің перспективті бағдарларын ұсындық және олардың саяси әлеуметтік маңызымен тиімділігін атап өттік. Себебі, эволюциялық дамудың маңызы және оның құрылымдық стратегиясы футурологиялық зерттеулерге келіп тоғысатындығы көрсету біз үшін маңызды.

Қазақстандағы ақпараттық кеңістікті әлеуметтік философиялық талдау негізінде зерттеудің мынадай перспективті бағыттарын ұсына аламыз.

Бірінші, ақпараттар және ақпараттық әлемді, оны интенсивті түрде меңгерудің жаңа технологияларын жасау және оны тәжірибеге енгізу арқылы жетістікке жетудің әдіснамасын зерттеу.

Екінші, ақпараттық кеңістіктегі мәліметтерді сұрыптаудың инновациялық әдістерін ұсыну. Осындай, сараптау арқылы ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті сақтаудың өзіндік технологияларын зерттеу.

Үшінші, болашақта болуы ықтимал ақпараттық әлемдік деңгейдегі орталықты елімізде құрудың үлгілерін ұсыну және оны тәжірибеде қолдану жөніндегі іргелі зерттеулер жүргізу т.б.

ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Орлова Н.В. Реклама в пространстве информационного общества: дисс. канд. филос. наук. – Саратов, 2007. – 135с.
2. Шакарбиев Ф. Г. Личность в культуре информационного общества: дисс. канд. филос. наук. – Волгоград, 2009. – 163с.
3. Коваль Е.В. Этнос информационного общества: дисс. канд. филос. наук. – Саранск, 2011. – 133с.
4. Бутенко Е.В. Эволюция теорий информационного общества: дисс. канд. филос. наук. – Томск, 2004. – 145с.
5. Бутаев В.Б. Субъект деятельности в информационном обществе: дисс. канд. филос. наук. – Москва, 2003. – 135с.
6. Гиль А.Ю. Музей в культуре информационного общества: дисс. канд. филос. наук. – Томск, 2009. – 176 с.
7. Багаутдинов А.М. Амбивалентность духовности в информационном обществе: дисс. док. филос. наук. – Уфа, 2016. – 321с.
8. Трухачева М.А. Культура детства в информационном обществе тема дисс. канд. культ. наук. – Саратовский, 2020. – 198с.
9. Костюк А.А. Отчуждение творчества в информационном обществе: дисс. док. филос. наук. – Воронежский, 2020. – 144с.
10. Ишмаев Г.Ш. Концепции «информационного общества» и «общества знаний»: опыт сравнительного анализа: дисс. канд. филос. наук. – Челябинск, 2010. – 155 с.
11. Зайцева Л.А. Человек в системе ценностей информационного общества: дисс. канд. филос. наук. – М.: Наука, 1999. – 107 с.
12. Гриценко С.В. Информационная культура личности в постиндустриальном обществе: дисс. канд. филос. наук. – Пермь, 2005.
13. Асланова М.Т. Модерн и постмодерн в концепции информационного общества: дисс. канд. филос. наук. – Страврополь, 2005. – 137 с.
14. Скорик Г.В. Человек в информационном обществе: проблема идентификации: дисс. канд. филос. наук. – Томск, 2008. – 147с.
15. Сахновская Е. Г. Личность в информационном обществе: дискурс и образование: дисс. канд. филос. наук. – Екатеринбург, 2008. – 147 с.
16. Ткаченко М.В. Динамика рекламной коммуникации в информационном обществе: дисс. канд. социолог. наук. – Москва, 2001. – 159с.
17. Малахова Ю.В. Образование в информационном обществе: Социологический аспект: дисс. канд. социолог. наук. – Нижний Новгород, 2002. – 178 с.
18. Тюканова Н.А. Трансформация института рекламы в информационном обществе: дисс. канд. социолог. наук. – Москва, 2007. – 137 с.
19. Елинер И.Г. Развитие мультимедийной культуры в информационном обществе тема дисс. док. культуролог. наук. – Санкт-Петербург, 2010. – 311с.

20. Молчанова Е.Н. Телевидение в культуре современного информационного общества: дисс.канд. филос. наук. – Ставрополь, 2005. – 149 с.
21. Кувшинникова Д.Г. Тексты интернет рекламы: структура, специфика, эффективность: дисс. и автореф. канд. филолог. наук. – Москва 2014. – 218 с.
22. Буянов Д.В. Креативная система в рекламе: культурологический анализ: дисс. и автореф. канд. культуролог. – Саранск, 2006. – 221 с.
23. Лозовская В.Ю. Особенности рекламы на телевидении тема дисс. и автореф. канд. искусствовед. – Москва, 2003. – 134 с.
24. Козлова М.С. Эволюция человека: история и теория // Вестник Московского университета Серия XXIII. – №4. – 2009. – С. 34-44.
25. Тайлор Э., Морган Л., Дж. Фрезер. [Электронный ресурс]. URL: <https://library.com/library/read/43323-evolucionistskoe-napravlenie-kulturologii-e-tajlor-l-morgan-dzfrezer>. (қаралған уақыты: 15.08.2020).
26. Философия истории. Под.ред. А.С. Панарина. – М., 2001. – 216с.
27. Социология // В.Н. Лавриенко, Н.А. Нартов, О.А. Шабанова, Г.С. Лукашова. – М.: ЮНИТИ, 1998. – 349с.
28. Бекежан Ө.Қ. Қоғам және миф: Оқу құралы. – Алматы: Домино, 2002. – 124 б.
29. Маслов А. Новые рубежи человеческой природы. – М.: Смысл. – 1999. – 425 с.
30. Хьюбнер К. Истина мифа: Пер. с нем. – М.: Республика, 1996. – 448 с.
31. Юнг. К.Г. Дух в человеке, искусстве и литературе. М.: ГПИ, 1996. – 243 с.
32. Фейерабенд // Новейший философский словарь: 3-е изд., исправл. – Мн.: Книжный Дом. 2003. – 1280 с.
33. Тоффлер, Э. Третья волна / Э. Тоффлер: Пер. с англ. М.: Издательство АСТ, 2004. – 781 с.
34. Алиев Ш. Ақпараттық қоғамдағы басқару: әлеуметтік-философиялық талдау.-Дисс. Phd. филос. ғыл. – ҚР, 2013. – 140б.
35. Философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Кітап палатасы, 2013. – 480 б.
36. Современный Энциклопедический словарь. Изд. «Большая Российская Энциклопедия», 1997. ОСР. – Палек, 1998. – 2051 с.
37. Семенков О.И. // Новейший философский словарь: 3-е изд., исправл. – Мн.: Книжный Дом. 2003. – 1280 с.
38. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Әлеуметтік философия. Астана: Аударма, 2005. – 215б.
39. Хабермас Ю. Теория коммуникативного действия // Вестник МГУ. Сер. 7. Философия. 1993. – № 4. – С. 29-37.
40. Карвасарский Б.Д. Психотерапия: университеттерге арналған оқулық / Баспа үйі 2, қайта қаралған – СПб.: Питер, 2002. – 672.с.

41. Нұрышева Г.Ж., Аташ Б.М. Ғылыми таным философиясы. – Алматы, 2015. – 320 б.
42. Добровольская И. А // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Литературоведение, журналистика. – 2014. – Вып. 4. – С. 14-23.
43. Буянов Д.В. Креативная система в рекламе: культурологический анализ: дисс. автореф.канд.культуролог. – Саранск, 2006. – 221с.
44. Балабекұлы Д., Алтаев Ж.А., Әлиев Ш.Ш. Қазақстандық ақпараттық кеңістіктің әлеуметтік-философиялық аспектілері//ҚазҰУ Хабаршысы. Философия және саясаттану факультеті сериясы. – Алматы, Қазақстан. – № 4 (66). – 2018. – 27-36 бб.
45. [Электронный ресурс]. URL: http://i-mazina.ru/klassnoe_rukovodstvo/klassniy_has/tolerantnosty/ (қаралған уақыты: 10.02.2020).
46. Клепцова Е.Ю. Психология и педагогика толерантности: учеб. пособие для вузов / Елена Юрьевна Клепцова; Е. Ю. Клепцова; М-во образования и науки РФ, Вят. гос. гуманитар. ун-т. – М.: Акад. проект, 2004. – 173 с.
47. Лебедева Н.М., Лунева О.В., Стефаненко Т.Г. Тренинг этнической толерантности для школьников: учебное пособие для студентов психологических специальностей. – М., 2004. – 356 с.
48. Балабекұлы Д., Алтаев Ж., Қызылжық Абдуллах. Кеңістік ұғымы және оның ақпараттық мәні// Әл-Фараби. – №1. – 2020. – 29-44бб.
49. Balabekuly D., Abdullah K., Altaev Zh.A. Features of the study of the informational space concept in modern philosophy//ҚазҰУ Хабаршысы. Философия және саясаттану факультеті. Философия сериясы. Алматы, Қазақстанн. – №3 (69). – 2019. – 4-12 бб.
50. Сатершинов Б.М. Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры.- Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФЖСИ КБО. – 2011. – 291б.
51. Сәрсенбаева Ж.Ғ. Жаһандану құбылысы: теориясы мен тәжірибесі. Монография. – Алматы: Пресс, 2019. – 218 б.
52. Қалдыбаев Қ. Ұлттық қауіпсіздіктің философиялық негіздері. PhD ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. – Алматы, 2015. – 154 б.
53. История философии: Энциклопедия. – Мн.: Интерпрессервис; Книжный Дом. 2002. – 1376 с.
54. Турсунов Е.Д. Истоки тюркского фольклора. Қорқыт. – Алматы: Дайк-пресс, 2001. – 168с.
55. Гачев Г. Национальные образы мира. – М: Издат.сервис, 2002. – 784с.
56. Оспанов С. Арғытектану негіздері. – Алматы: Арыс, 2009. – 424б.
57. Жақсылықов А. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. – Алматы, 2006. – 318б.
58. Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы.- Алматы: Қазақстан, 1996.-160 б.

59. Аталы, баталы сөздің мұрасы//Қазақтың халық философиясы. Жиырма томдық.7-том.-Астана, Аударма, 2006.-544б.
60. Ақатай С.Н. Инжу-маржан секілді. – Алматы: Ана тілі, 1995, – 145с.
61. Нуриев М.А., Аташ Б.М., Мошанов С., Маханова Н.Б .Қазақ философиясы. – Алматы: 2014. – 139 б.
62. Құранбек Ә. Түркі мәдениетінің философиясы (теориясы мен практикасы). Монография. – Алматы: Дайк-Пресс. – 2014.-120 б.
63. Бейбіт Жұмақан. Таулардың тағдыры. – Альбом. – Астана. – 56 б.
64. Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды): 2 томдық (Құраstrушы М. Мағауин, М. Байділдаев). – Алматы, Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы – РББ. 1991. – Т. 1. – 384 б.
65. Бирюков П.В. Чтение и компьютер в жизни студентов / П.Б. Бирюков // Человек Читающий: Homo legens-2. – М., 2000. – 314 с.
66. Куфаев М.Н. Проблемы философии книги. Книга в процессе общения/ М.Н.Куфаев. – М.:Наука, 2004. – 188с.
67. Арнольдов А.И. Введение в культурологию. – М.: Нар. академ. культуры и общечеловеческих ценностей, 1993. – 349 с.
68. Человек читающий. Homo Legens. Писатели XX в. О роли книги в жизни человека и общества / Сост. С. И. Бэлза. – М. : Прогресс, 1983. – 454 с.
69. Энциклопедия книжного дела / Ю. Ф. Майсурадзе, А. Э. Мильнен. – М.: Пресс, 2012. – 414с.
70. Мартин Г.П., Шуманн Х. Западня глобализации. Атака на процветание и демократию//Пер. с нем. – М.: Издательский дом «Альпина», 2001. – 335с.
71. Holm, Hans-Henrik/Sensen, Georg. Whose World Order? Uneven Globalization and the End of the Cold War– Boulder, Colorado: Westview, 1995. – 302p.
72. Bauman, Zygmunt. Modernity and the Holocaust. Ithaca: Cornell University Press, 1989; Saul, John Ralston. Voltaire's Bastards: The Dictatorship of Reason in the West. – New York: Viking, 1992. – 218 p.
73. Rifkin, Jeremy. Biosphere Politics: A New Consciousness for a New Century. – New York: Crown, 1991. – 418 p.
74. Beck, Ulrich. Risikogesellschaft: Auf dem Weg in eine andere Moderne. Frankfurt a. – М.:Suhrkamp.1986. – 252 p.
75. Панарин А. С. Искушение глобализмом. – М., «Русский национальный фонд», 2000. – 101с.
76. Бандурин В.В., Рчаиа Б.Г., Чатич М. Глобализация мировой экономики и Россия. – М., 1996. – 2016 с.
77. Музаффар Чандра. Глобализация и религия // [Электронный ресурс]. URL: www.islam.kiev.ua (қаралған уақыты: 12. 05.2020).
78. Дунаев В.Ю., Курганская В.Д. Политико-идеологический контекст формирования казахстанской идентичности, Социально-экономические детерминанты идеологии и политики идентичности // Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері аясындағы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру: 2

кітап. Формирование казахстанской идентичности в контекст задач модернизации общественного сознания: книга 2. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2019. – 460с. – қазақша, орысша. – 257-300 бб.

79. Ахметов И. Қазақ спортының дамуындағы ұлттық патриотизм идеясы. Филос. Ғыл. Канд. дис. – Алматы, 2009. – 120 б.

80. Танжаров М. Спорттың ұлттық идея қалыптастырушылық қызметі. Филос. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2009. – 123 б.

81. Молдабеков Ж.Ж. Ұлттық идеяның әлеуметтік-мәдени негіздері және ағартушылық бағдары// ҚАЗҰУ Хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. – Алматы, 2009. – №1 (32). – 68-71 бб.

82. Кшибеков Д. Идеология национальная или государственная?//газета: «Наука и высшая школа Казахстана». – 19.07.2007. – 4 б.

83. Нұрмұратов С.Е. Ұлттық идея және этномәдени даму//Ұлттық идея философиясы: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75-жылдығына және философия ғылымдарының докторы, профессор Б.Ғ. Нұржановтың 60-жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары 29 сәуір, 2009. – 1 бөлім. Ғылыми мақалалар жинағы. – 357 б. – 149-154 бб.

84. Дәуренбек Әубәкір. Жаһандану және ұлттық идея (үшпағанды философиялық тұғырнама) // Тіл және қоғам. – №2, 2005. – 50-61 бб.

85. Нуржанов Б.Г. О национальной идее. К постановке проблемы//ҚАЗҰУ Хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. – Алматы, 2009. – №1 (32). – 142-145 бб.

86. Серікқызы Қ. Осы қазақ қай қазақ//Қазақ әдебиеті. – №12 (3068). – 136.

87. Асқар Л.Ә. Ұлттық код – рухани жаңғырудың негізі//Ана тілі. – №14. – 2019. – 4 б.

88. Уилбер К. Краткая история всего. – М.: АСТ:Астрель, 2006. – С.119-120.

89. Polanyi M. The Tacit Dimension // Knowledge in Organizations. Butterworth-Heinemann. – Newton, MA., 1997. – P.1367.

90. Ланир Дж. Вы не гаджет. Манифест. – М.: Астрель: Corpus, 2017. – 144 с.

91. Цымбаленко С.Б, Шариков А.В, Щеглова. С.Н. Посткеңестік кезеңдегі ресейлік жасөспірімнің ақпараттық кеңістігі (социологиялық талдау). – М.: Наука, 2006. – 316 б.

92. Манойло А.В. Ерекше жағдайдағы мемлекеттік ақпараттық саясат. – М.:Наука, 2003. – 213 с.

93. Осипов Г.В.. Социологиялық энциклопедиялық сөздік. – М.:Прессцентр, 1998. – 161 б.

94. Бергер П., Лукман Т. Шындықты әлеуметтік құрастыру. Білім социологиясы бойынша трактат. – М.: Логос, 1995. – 282 б.

95. Кашкин В.Б. Коммуникация теориясына кіріспе. [Электронный ресурс]. URL: <http://kachkine.narod.ru/CommTheory/2/>. (қаралған уақыты: 08.10.2020).

96. WebComm2.htm [Электронный ресурс]. URL: (қаралған күні: 10.09.2020). – 121–122 б.

97. Терин В.П. Бұқаралық коммуникация теориясын зерттеудің негізгі бағыттары. [Электронный ресурс]. URL: <http://ecsocman.edu.ru/data/137/784/1231/003.TERIN.pdf> (қаралған күні: 5.09.2020), – С. 31.

98. Райков А.Н. Развитие России и единое информационное пространство // [Электронный ресурс]. URL: www.rfbr.ru/default.asp. (қаралған күні: 15.02.2020).

99. Тимербулатов З. Особенности становления и развития информационного пространства России и Башкортостана в условиях трансформации общества // [Электронный ресурс]. URL: www.vatandash.ru. (қаралған күні: 13.02.2020).

100. Temple J. Growth effects of education and social capital in the OECD countries // Department Working Papers No. 263 OECD, 2000 // [Электронный ресурс]. URL: www.oecd.org. (қаралған күні: 10.05.2020).

101. Брукинг Э. Интеллектуальный капитал. – СПб., 2001, стр. 31. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.cboss.ru/products/cbossmis.html>. (қаралған күні: 20.06.2020).

102. Дятлов С.А., Селищева Т.А. Информационный капитал: понятие, структура и эффекты // Интернет и современное общество: Материалы IX Всероссийской конференции. – СПб., 2006. – С. 167-169.

103. Юдаев В.В. Информационные технологии в политическом процессе: теоретикоприкладной анализ: Автореф. дис. ... канд. полит. наук. – М., 2005. – 24С.

104. В США создадут виртуальный пограничный патруль // [Электронный ресурс]. URL: <http://www.soft.mail.ru>. (қаралған күні: 05.04.2020).

105. Бессуднов А. Community building: перспективный бизнес и гражданское общество // [Электронный ресурс]. URL: www.internet.ru/article/articles/2000/10/03/4214.html. 2 Чепов М. Третий сектор виртуальной реальности: проблемы и решения // www.trainet.org/news/conference_report.htm. 11. (қаралған күні: 19.03.2019).

106. Дементьев А.Н. Разграничение предметов ведения и полномочий в системе организации публичной власти по «вертикали» // Гражданин и право, 2002. – №5. – с. 16-28.

107. Құранбек Ә.А., Әлиев Ш.Ш., Тұрғанбеков С.Қ.// Заманауи қоғам үдерісіндегі ақпарат пен білім билігінің элеуметтік-философиялық аспектілері// Журнал философия, мәдениеттану және саясаттану ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялау үшін Қазақстан Жоғары Аттестациялық Комитетімен ұсынылған//Докторлы диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялау үшін Қазақстан

Жоғары Аттестациялық Комитетімен ұсынылған ғылыми басылымдардың тізіміне кіреді//ЖАК-нің төрағасының бұйрығы 26.06.2003. – №433. // Нормативтік және методикалық материалдар жинағы – №6 ЖАК. – Алматы, 2003. – 59-66 бб.

108. Бапова С., Қасымханова Ә. Әлеуметтік желілер мен интернеттің студенттерге ықпалы//Жантану журналы. – №3. – 2019. Май-Июнь. – 16-20 бб.

109. Каирбекова А.Г. Онтология книги в контексте культуры// Мир философии. – М.: Наука, 2001. – 313с. – 47-48 бб.

110. Шлыкова О. В. Феномен мультимедиа. Технологии эпохи электронной культуры: Монография. – М.:МГУКИ, 2003. – 186с.

111. Акапова С. Кітап мәдени философиялық феномен.- дисс.ғыл.филос.маг. – 2020. – 82 б.

112. Қазақстан энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ ұлттық энциклопедиясы, 2002. – 621б .

113. Цыганков П.А. Международные процессы в условиях глобализации:проблема эффективной коммуникации// Вестник Московского университета. – Социология и политология.-1999. – №4. – С.56-65.

114. Грачев М.Н. Политическая коммуникация:теоретические концепции, модели, векторы развития. – М.: Прометей. – 2004. – 325с.

115. Шаран П. Сравнительная политология:В 2ч.-Ч. 1. – М.: Российская академия управления,1992. – 266 с.

116. Кемеров В.Е. Объект, объективность, субъективность. Современный философский словарь/Под общ. В.Е. Кемерова.- Лондон-Франкфуртна-Майне-Париж-Люксембург – Москва-Минск: «ПАНПРИНГ», 1998. – 602 с.

117. Гайсина Г. «Электронды үкімет»-мемлекеттік қызметті оңтайландыру жолы ретінде//Ізденіс. – №1. (2). – 2009 ж. – 22-25бб.

118. Динара Мыңжасарқызы. 20 Қыркүйек 2018, 13:56 8173 0 Технологиялар//[Электронный ресурс]. URL: <https://turkystan.kz/article/70078-tsifrly-aza-stan-zha-ygu-a-bastajtyn-adam>. (қаралған күні: 25.01.2019).

119. Дүйсенғалиева М. Цифрлы Қазақстан жобасы туралы не білуіміз керек?//Талғар. – Жұма, 16 наурыз, 2018. – 5б.

120. Сұлтанбаева Г.С. Журналистика және коммуникация диологиясы: мамандықты игерудің қыр-сыры// БАҚ мамандарын даярлау бастаулары және жаңа бағыттары: республикалық ғылыми –әдістемелік конференция жинағы. – 2015 жыл 26-27 қараша. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 99б. –13-17 бб.

121. Қожахметова Л. Жаңа медианың ақпарат тарату ісіне әкелген жаңалығы// БАҚ мамандарын даярлау бастаулары және жаңа бағыттары: республикалық ғылыми –әдістемелік конференция жинағы. 2015 жыл 26-27 қараша. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 99б. – 44-52 бб.

122. Қабылғазы. К. Радио және телеөнімдерді дайындау әдістері// БАҚ мамандарын даярлау бастаулары және жаңа бағыттары: республикалық ғылыми –әдістемелік конференция жинағы. 2015 жыл – 26-27 қараша. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 91-99 бб.

123. Бейсенбаев С. этникалық және діни топтар-фейсбуктегі өшпенділік тілінің нысаны.//Қазақстан әлеуметтік желілердегі өшпенділік тілінің мониторингі-Құраст.П.Банников. – Алматы: Medianex ХЖО, 2017. –80 б. – 11-17. бб.

124. Смағұлова Ж, Көшербаева Д, Жұмырова А. // Медиадағы тілдік бірегейлік құрылымы: Қазақстандық блогосферадағы өшпенділік тілін талдау.43-48. // Қазақстан әлеуметтік желілердегі өшпенділік тілінің мониторингі-Құраст. П.Банников. – Алматы: Medianex ХЖО, 2017. – 80б.

125. Психология и психоанализ рекламы / Под ред. Д.Я. Райгородского. -Самара: БАХРА. – М, 2001. –752 с.

126. Қазақстандағы цифрлық сауаттылық//[Электронный ресурс]. URL: https://egov.kz/cms/kk/articles/digital_literacy) (қаралған күні: 12.10.2019).

127. Қартаева С. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары: саяси позициялары мен даму бағыттары// БАҚ мамандарын даярлау бастаулары және жаңа бағыттары: республикалық ғылыми –әдістемелік конференция жинағы. 2015 жыл 26-27 қараша. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 99 б..